# САЛАНЫҢ БОЛАШАҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯ-ЛАЙМЫЗ



# 2019

ҚазАгроҚаржы жылдық есебі

# КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША БЕЙІНІ

**«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы (ҚазАгроҚаржы, Компания, ҚАҚ) ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтарын сатып алу үшін лизингтік қызметтер көрсету арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көмек көрсетеді.**



Компания еліміздің аграрлық секторында техникалық жарақтандыруды дамытуға ықпал ете отырып, қызметін 20 жыл бойы табысты жүзеге асырып келеді.

Саладағы жоғары құзыреттілік, нарықтағы көп жылдық жұмыс тәжірибесі, дамыған филиалдық желі, күшті кадрлық құрам, сенімді кредиттік рейтингтер және қаржы қаражатын тартуға қолжетімділі сияқты бәсекелік артықшылықтары лизинг нарығында жетекші позицияны сақтауға және отандық фермерлер үшін сенімді серіктес болуға мүмкіндік береді.

# МАЗМҰНЫ

**Компанияның қысқаша бейіні** 03
**Негізгі көрсеткіштер серпіні** 06
**Негізгі оқиғалар** 08
**Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі** 10
**Басқарма Төрағасының үндеуі** 12
**Даму стратегиясы** 14

**Компания туралы** 16
Қызмет географиясы 19
Лицензиялар 19
Рейтингтері 19
Компанияның қысқаша тарихы 20
Бизнес-модель 22
Бәсекелік артықшылықтары 24
Лизинг беру процесі 25
Қызмет бағыттары 26
Субсидиялау процестері 28
Бизнес-процестерді оңтайландыру 30
Жеткізушілермен жұмыс 31

**Менеджмент есебі** 32
Макроэкономикалық көрсеткіштер 34
АӨК саласын талдау 36
Лизинг нарығын талдау 41
PEST-талдау 43
SWOT-талдау 46
Стратегияны іске асыру 48
Операциялық қызметтің нәтижелері 54
Қаржылық нәтижелер 60
Даму келешектері 62

**Корпоративтік басқару** 64
Менеджменттің ұйымдық құрылымы 67
Корпоративтік басқару рейтингі 68
КБ кодексін сақтау туралы есеп 68
Бағалы қағаздар және қатысушылардың құрамы туралы мәліметтер 72
2019 жылы Жалғыз акционердің негізгі шешімдері 73
Директорлар кеңесі 74
2019 жылғы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер 76
Директорлар кеңесінің құрамы 77
Директорлар кеңесінің қызметі 82
Директорлар кеңесінің комитеттері 84
Іріктеу және тағайындау 86

Тәуелсіздік 87
Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту және кәсіби дамыту 88
Директорлар кеңесінің қызметін бағалау 89
Мүдделер қақтығысын басқару 90
Проблемалар туралы ақпараттандыру 91
Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы 92
Атқарушы орган 93
Ұйымдық құрылымы 100
Жасалуында мүдделілік бар мәмілелер туралы есеп, 2019 жылға 102
Басқарма мүшелерінің сыйақысы 103
Акционерлік капиталдың құрылымы 103
Дивидендтер 104
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 106
Корпоративтік этика 108
Ішкі бақылау жүйесі 110
Ішкі аудит қызметі 112
Сыртқы аудит 113

**Тәуекелдерді басқару 114**
Тәуекелдерді басқару жүйесі 116
Тәуекелдерді талдау 121

**Маркетингтік қызмет 122**
Ақпараттық саясат 124
Брендинг және PR саласындағы қызмет 125

**Тұрақты даму 126**
Басқарма төрағасының тұрақты даму мәселелері жөніндегі үндеуі 128
Тұрақты даму саласындағы саясат 130
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік туралы есеп 131
Экономикалық әсер 136
Кадр саясаты 139
Демеушілік және қайырымдылық 148
Қоршаған ортаны қорғау 149

**Қосымшалар 150**
1-Қосымша. Есеп туралы 152
2-қосымша. Қаржылық есептілік 156
3-қосымша. GRI индексі 168

**Глоссарий 172**

**Байланыс ақпарат 173**

# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР СЕРПІНІ

## Қаржы көрсеткіштері

**АКТИВТЕР, МЛРД ТЕҢГЕ**




**МЕНШІКТІ КАПИТАЛ, МЛРД ТЕҢГЕ**




**НЕСИЕ ҚОРЖЫНЫ, МЛРД ТЕҢГЕ**




**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫ МЕН ЖАБДЫҒЫ ЛИЗИНГІНІҢ КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ**




**ПАЙДАЛЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**




**ЖЫЛЫНА АӨК ДАМЫТУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ СОМАСЫ, МЛРД ТЕҢГЕ**



## Операциялық көрсеткіштер

**ЛИЗИНГКЕ БЕРІЛГЕН ТЕХНИКА МЕН ЖАБДЫҚТЫҢ САНЫ, БІРЛ.**

| | |
|---|---|
| 2017 | 2 408 |
| 2018 | 3 426 |
| **2019** | **5 893** |

**ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ҚОРЖЫНДАҒЫ КЛИЕНТТЕР САНЫ, БІРЛ.**

| | |
|---|---|
| 2017 | 6 410 |
| 2018 | 6 967 |
| **2019** | **7 666** |

## Бейқаржылық көрсеткіштер

**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ РЕЙТИНГІ, %**

| | |
|---|---|
| 2017 | 85,9 |
| 2018 | 89,7 |
| **2019** | **88,6** |

**КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ, %**

| | |
|---|---|
| 2017 | 73,9 |
| 2018 | 77,9 |
| **2019** | **79,6** |

# НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

## 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін

9%-бен «Агротехника» жаңа қаржыландыру бағдарламасы іске асырылды, «Егінжай», «Өз жем – шөбіміз және «Сенімді фермер» қаржыландыру бағдарламалары 9%-бен жаңа қаржыландыру көзімен толықтырылды.

**BB+**

## 28 қаңтарда

Fitch Ratings ұзақ мерзімді рейтингті BB+деңгейінде растай отырып, Компанияның рейтингтері бойынша болжамын «негативтіден» «тұрақтыға» өзгертті.

## 7 ақпанда

екінші облигациялық бағдарлама шеңберінде 5 жыл мерзімге облигациялардың екінші шығарылымының 4,09 млрд теңге мөлшерінде қосымша орналастыру жүзеге асырылды, осылайша облигациялар 12 млрд теңгеге тіркелген көлем шеңберінде толық көлемде орналастырылды.

## 4 сәуірде

Fitch Ratings ұзақ мерзімді рейтингті BB+ деңгейінде растады, болжамы «тұрақты».

## 4 мамырда

Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жекешелендірілетін объектілер тізімінен шығарылды.

**25 қазанда**

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалдың ашылуы.

**21 қарашада**

Компанияның 2017-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясына өзгерістер енгізілді.

**14 желтоқсанда**

Компанияның 2018 жылғы жылдық есебі жылдық есептер конкурсының қорытындысы бойынша қаржы секторында 3-ші орынға, сондай-ақ 100-ден астам конкурсқа қатысушылардың арасында 12-ші орынға ие болды.

**20 жыл**

**27 желтоқсанда**

Компания 6,2 млрд теңгені ішінара орналастыра отырып, 5 жыл мерзімге 20 млрд теңге сомасына екінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың үшінші шығарылымын тіркеді. 2020 жылғы сәуірде шығарылым толық көлемде орналастырылды.

**28 желтоқсанда**

ҚазАгроҚаржыға 20 жыл толды.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## Құрметті әріптестер мен серіктестер!

**Агроөнеркәсіптік кешен экономиканың маңызды секторларының бірі болып табылады, ол елдің азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысады, Қазақстанның тұрақты дамуына ықпал етеді, сондай-ақ халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға ерекше әсер етеді.**

**АӨК секторының орнықты және тұрақты дамуы еңбек өнімділігіне байланысты. Қазіргі заманғы жабдыққа қол жеткізу өнімділіктің өсуінің маңызды факторы болып табылады.**

Бүгінгі күні ҚР-да аграрий үшін сапалы жабдық алудың ең қарапайым және тиімді тәсілі – бұл ауыл шаруашылығы техникасын лизинг арқылы несиелеу. Жоғары қажеттілікті ескере отырып, мемлекет ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі бойынша субсидия түрінде үлкен қолдау көрсетеді.

Бүгінгі таңда ҚазАгроҚаржы АӨК лизингі нарығында жетекші орынға ие және 20 жыл бойы қолжетімді және тиімді шарттарда лизингке техника мен жабдықтарды ұсынатын негізгі қаржы институты болып табылады. Компания өз қызметінің барлық бағыттары бойынша тағы да жоғары нәтижелер көрсетті. 2019 жылдың қорытындысы бойынша активтер мен меншікті капитал табыстылығының көрсеткіштері 100%-дан астам орындалды. Бұған кірістердің өсуі мен шығыстардың қысқаруы арқасында қол жеткізілді. Таза табыс 9,2 млрд теңгені құрады. 2019 жылы лизинг көлемі алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 56%-ға өсті. 2017 жылдан бастап компания енгізетін клиентке бағдарланған стандарттар қызметтердің қол жетімділігі деңгейінің оң серпініне әсер етті. Осылайша, тәуелсіз зерттеу қорытындысы бойынша компания қызметтеріне қанағаттанудың жалпы деңгейі 2019 жылы 92%-ды құрады.

Корпоративтік басқару деңгейін жетілдіру компанияның тиімді қызметінің және оның беделін нығайтудың басым міндеттерінің бірі болып табылады. Компанияның корпоративтік басқару деңгейі 2019 жылы жоспар 85% болғанда 89% құрады. Директорлар кеңесі мен оның мүшелерінің жұмысын кешенді және жан-жақты бағалау оның тиімділігін және заңнама мен халықаралық практика талаптарына сәйкестігін көрсетті. Аграрлық сектордың техникалық жарақтандырылуын арттыруға арналған мемлекеттік саясаттың бағыттылығына сүйене отырып,

## Лизинг қоржыны көлемінің өсуі

**56,4%**

# ТАСЖҮРЕКОВ ЕРБОЛ ҚУАНЫШҰЛЫ

компания 2020-2029 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясын қабылдады, оны іске асыру ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығы лизингінің көлемін ұлғайтуды, қызметтер көрсетуді жетілдіруді және Компания қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Жаңа стратегия қызметінің бірінші негізгі бағыты техникалық және технологиялық жарақтандыру арқылы АӨК-нің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесу болып табылады. Бұдан басқа, техника лизингі көлемін, сондай-ақ АӨК саласындағы экспорттық әлеуетті және еңбек өнімділігін жыл сайын ұлғайту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Екінші стратегиялық бағыт ретінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру таңдалды. Осы бағыт шеңберінде компания қызметінің табыстылық деңгейін қолдау, оның ішінде меншікті капитал мен активтерді басқару тиімділігін арттыру, несие қоржынының сапасын арттыру, қаржыландырылған жобалардың мониторингі жүйесін жетілдіру арқылы жұмыс жүргізілетін болады. Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және Компания қызметінің ашықтығы деңгейін арттыру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін және кадр саясатын одан әрі дамыту жалғастырылады.

Нәтижесінде, стратегияны іске асыру 2029 жылға қарай ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизинг көлемін 1,6 есеге (75-тен 120 млрд.теңгеге дейін), қаржыландырылған инвестициялық жобалар бойынша еңбек өнімділігі 1,4 есеге (1 қызметкерге 3,3 млн теңгеден 4,5 млн.теңгеге дейін) және қоғам қаржыландырған жобалар бойынша өнім экспортының көлемі 1,4 есеге (23,5-тен 36 млн.ға) ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қолда бар бәсекелестік артықшылықтарды пайдалана отырып және клиентке бағдарланған жаңа тәсілдерді енгізе отырып, ҚазАгроҚаржы жұмыс істеп жатқандардың адалдығын арттырып және жаңа клиенттерді тарта алады, ал операциялық тиімділік тұрақты ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз етеді. Қабылданған шаралар компанияға отандық аграрийлерді қолдауға алдағы уақытта жетекші орынға ие болуға бағалы үлес қосуға мүмкіндік беретініне сенімдімін.



***«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы***

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## Құрметті оқырмандар!

**2019 жылдың қорытындысы бойынша Сіздерге қошеметімді білдіріп, «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметінің нәтижелерін ұсынуға рұқсат етіңіздер!**

2019 жыл Компания үшін торқалы жыл болды, бізге 20 жыл толды! Артқа көз жүгіртсек, ҚазАгроҚаржы қызметі аграрлық саланы қолдау мен дамытуға бағытталған тиімді және тұрақты қаржы институты болып табылатынын мақтанышпен мәлімдеуге болады. Біз осы жылдар ішінде көп нәрсені үйрендік, біз команда ретінде де, кәсіби тұрғыдан да өстік. Компанияның мамандануы және агроөнеркәсіп саласын терең білуі «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның күшті жақтары болып табылады.

Өз жұмысымызда біз бірінші кезекте клиенттеріміздің қажеттіліктеріне бағдарланамыз. 2019 жылдың қорытындысы бойынша Компания қоржынында 7,6 мыңнан астам клиент бар, оның 99%-ы – шағын және орта бизнес өкілдері. Сондықтан біз қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін үздіксіз жұмыс жүргізіп келеміз, оларды барынша қолжетімді және тиімді етуге тырысамыз.

Лизинг өнім өндіруді және еңбек өнімділігін арттыруға ықпал ететін негізгі қорлар-

**9,2**

**млрд теңге**

2019 жылдағы таза пайда

# ИЗБАСТИН ҚАНЫШ ТЕМІРТАЙҰЛЫ



*«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы*

ды жаңартудың қарапайым және тиімді тәсілі болып қала бермек. Соңғы бірнеше жылда біз ауыл шаруашылығында лизингтік қаржыландыру танымалдығының жылдам артып келе жатқанын көріп отырмыз. 2019 жылы ҚазАгроҚаржы 5893 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын лизингке берді, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 70%-ға артық, лизингтік қаржыландыру көлемі жаңа тарихи максимумға – 98,5 млрд.теңгеге жетті. 2000 жылдан бастап Компания барлығы 602 млрд. теңгеге 49 мың бірлік техника мен жабдықтарды лизингке берді.

Fitch Ratings ұзақ мерзімді рейтингін BB+ «тұрақты» болжам деңгейінде ұстап тұрудың арқасында және тиімді нарықтық тарту нәтижесінде өтімді қаражаттың жеткілікті деңгейі, кредиторлар алдындағы міндеттемелердің тиісінше орындалуы және несие қоржынының 13,4%-ға өсуі қамтамасыз етілді. Бұл ретте, активтерді табысты басқару нәтижесінде 2019 жылдың қорытындысы бойынша таза пайда бойынша рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізілді – 9,2 млрд. теңге, бұл 2018 жылдың нәтижесінен 36,9% -ға және мәні 2,95%- ды құраған активтердің рентабельділігі бойынша жоғары.

Тәуекелдерді басқарудың құрылған тиімді жүйесі кредиттік, валюталық, баға тәуекелдерін уақтылы анықтауға, сенімді бағалауға және азайтуға мүмкіндік береді. Компанияның уақтылы қабылдаған шаралары сенімді клиенттердің көбеюін, қоржын сапасының жақсаруын және проблемалық жұмыс істемейтін активтер үлесінің төмендеуін қамтамасыз етеді.

Клиенттердің сенімі, сондай-ақ «ҚазАгроҚаржы»АҚ барлық командасының кәсіби және тәртіпке салынған жұмысы арқасында Компания қызметінің жоғары нәтижелеріне қол жеткізілді.

Елімізде машина-трактор паркін жаңартудың жоғары қажеттілігі сақталып отырғанын ескере отырып, Компания алдағы уақытта ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемін ұлғайтуға, өзінің көрсететін қызметтерін жетілдіруге және қызмет тиімділігін арттыруға бағдарды сақтайтын болады. Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау бойынша кешенді жұмыс Компанияның одан әрі өсуі мен табысты дамуын және АӨК саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

# ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

**2020 жылғы 20 наурызда Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2020-2029 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы бекітілді.**

Жаңа Даму стратегиясына сәйкес Компания өз қызметін агроөнеркәсіптік кешен (АӨК) субъектілерін лизинг арқылы ауыл шаруашылығы техникасымен және жабдығымен қамтамасыз ету жолымен аграрлық сектордағы паркті техникалық жарақтандырудың және еңбек өнімділігінің өсуін қамтамасыз етуге шоғырландырады, бұл АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым міндеттерінің бірін іске асыруға Компанияның қосқан негізгі үлесі болмақ.

Қаржы менеджменті саласында да, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында да Компания қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету екінші маңызды стратегиялық бағытқа айналмақ.

## №1 стратегиялық бағыт

**Техникалық және технологиялық жарақтандыру арқылы АӨК бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесу**

**1-МАҚСАТ: АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАРАҚТАНДЫРУДЫ ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ҰЛҒАЙТУ**

**1-міндет.** Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі бойынша инвестициялар көлемін ұлғайту.

**2-міндет.** АӨК саласындағы экспорттық әлеуетті және еңбек өнімділігін дамытуға жәрдемдесу.

**2-МАҚСАТ: ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ**

**1-міндет.** Лизингтік қызметтердің сапасы мен қолжетімділік деңгейін арттыру.

**2-міндет.** «ҚазАгроҚаржы» АҚ өнім желісін, оның ішінде қаржыландырудың жаңа бағыттарын енгізу жолымен дамыту.

**3-міндет.** Компанияның бизнес-процестерін автоматтандыру.

## №2 стратегиялық бағыт

**Компания қызметінің тиімділігі**

**1-МАҚСАТ: КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ РЕНТАБЕЛЬДІЛІГІН АРТТЫРУ**

**1-міндет.** Меншікті капитал мен активтерді басқарудың тиімділігін арттыру.

**2-міндет.** Несие қоржынының сапасын арттыру.

**3-міндет.** Қаржыландырылған жобаларды мониторингтеу жүйесін жетілдіру.

**2-МАҚСАТ: ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕГЕ СӘЙКЕС «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ КОРПОРАТИВТІК ДАМУЫ**

**1-міндет.** Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және Компания қызметінің ашықтығын арттыру.

**2-міндет.** Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру.

**3-міндет.** Адами ресурстардың әлеуетін арттыру, нәтижеге бағдарланған корпоративтік мәдениетті дамыту.

***Компанияның 2019 жылғы қызметі «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2017-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясының мақсаттарына қол жеткізуге және міндеттерін шешуге бағытталған, олар бойынша қызметтің түйінді көрсеткіштері толық көлемде орындалған.***

***Стратегиялық бағыттар бойынша жұмыс туралы толық ақпарат «Стратегияны іске асыру» бөлімінде ашылған.***

## 2029 жылға қарай жаңа Стратегияны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Жаңа стратегияның іске асырылуы ҚазАгроҚаржының лизингтік қызметтерді ұсыну арқылы АӨК қолдау мен дамытудың тиімді институты ретінде қалыптасуын көздейді. 2029 жылға қарай ҚазАгроҚаржы:

- қазақстандық лизингтік компаниялар рейтингінде берік позицияға ие болған тұрақты шығынсыз компания;
- клиенттік сервис сапасы бойынша лизингтік қызметтер нарығындағы көшбасшы;
- саланың сапалы және бәсекеге қабілетті лизингтік қызметтерге қажеттілігін барынша қамтамасыз ететін АӨК дамытудың қуатты қаржы құралы.

Даму стратегиясын іске асыру қорытындылары бойынша Компания қызметінің мынадай көрсеткіштеріне қол жеткізілетін болады:

- он жылдық кезеңде ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі кемінде 1 046 млрд теңгені құрайды;
- активтердің рентабельділігі кемінде 1,65%-ды, меншікті капитал кемінде 5,01%-ды құрайды;
- несие қоржыны бойынша қалыптастырылған резервтер (провизиялар) деңгейін 12%-дан аспайтын деңгейде ұстау;
- қаржыландырудың барлық негізгі процестерін автоматтандыру;
- үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру.

Осылайша, алға қойылған мақсаттар мен міндеттердің кешенді іске асырылуы Қазақстанның АӨК-ін дамытудың жетекші және тұрақты қаржы институттарының бірі ретінде ұстанымды нығайтуды жалғастыруға мүмкіндік береді.

**1 046**

**млрд теңге**

10 жыл ішіндегі ауыл шаруашылығы техникасы лизингінің көлемі

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

| | |
|---|---|
| Қызмет географиясы | 19 |
| Лицензиялар | 19 |
| Рейтингтері | 19 |
| Компанияның қысқаша тарихы | 20 |
| Бизнес-модель | 22 |
| Бәсекелік артықшылықтары | 24 |
| Лизинг беру процесі | 25 |
| Қызмет бағыттары | 26 |
| Субсидиялау процестері | 28 |
| Бизнес-процестерді оңтайландыру | 30 |
| Жеткізушілермен жұмыс | 31 |

# МИССИЯСЫ

**САПАЛЫ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛІ ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАРАҚТАНДЫРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ.**

# ПАЙЫМДАУЫ

**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ – САЛАНЫҢ ЗАМАНАУИ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТЕХНИКАҒА ҚАЖЕТТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ҚАЗАҚСТАННЫҢ АӨК ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНДАҒЫ КӨШБАСШЫ.**

# САЛАДАҒЫ ТАҒАЙЫНДАЛУ МАҚСАТЫ

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУШІЛЕРДІ ЛИЗИНГТІК НЕГІЗДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫ МЕН ЖАБДЫҚТАРЫН САТЫП АЛУ ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ АРҚЫЛЫ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢАРТУ.**



# ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

Еліміздің барлық өңірлерінде 15 филиалы бар. Жақын және алыс шет елдердегі техника жеткізушілермен ынтымақтастық.

**Корпоративтік басқару рейтингі**

**88,6%**

# ЛИЦЕНЗИЯЛАР РЕЙТИНГТЕРІ

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің банктік қарыз операцияларын ұлттық валютада жүргізуге лицензиясы (2006 жылғы 31 наурызда алынды).
- ISO 9001-2015 сапа менеджменті жүйесі бойынша сертификаттау.

- 2019 жылғы 28 қаңтарда Fitch Ratings Компанияның рейтингтері бойынша болжамын «негативтіден» «тұрақтыға» өзгертті, шетел және ұлттық валюталардағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингі (ЭДР) «BB+» деңгейінде расталды. 2019 жылғы 4 сәуірде Fitch Ratings шетел және ұлттық валюталарда ұзақ мерзімді ЭДР-ді «BB+» деңгейінде растады, болжамы «тұрақты».
- «ҚазАгро» холдингі» АҚ еншілес акционерлік қоғамдарындағы корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне сәйкес корпоративтік басқару рейтингі 2019 жылы 88,6%-ды құрады.



*[1] 2020 жылдың 2 сәуірінде Fitch Ratings BB + деңгейінде ұзақ мерзімді рейтингті растады, болжам «тұрақты»*

# КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

**«Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 қарашадағы №1777 қаулысына сәйкес ҚазАгроҚаржы 1999 жылғы 28 желтоқсанда тіркелді.**

## 1999

«ҚазАгроҚаржы» АҚ құрылымын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы бекітілді.

## 2000

шетелдік ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша алғашқы тәжірибесі.

## 2000–2003

алғашқы машина-трактор станцияларын құру.

## 2004

арнайы техника мен технологиялық жабдықтардың лизингі.

## 2005

қайта өңдеу жабдықтарының лизингі.

## 2006

ҚазАгроҚаржы жаңадан құрылған «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің құрылымына кіреді.

## 2007

асыл тұқымды малдың лизингін енгізу.

## 2008

Компанияға алғаш рет Fitch (BBB -) халықаралық кредиттік рейтингі берілді.

## 2009

- Ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыруды бастау.
- Құрастыру өндірісін дамыту.

## 2010

- Қазақстандағы РА сарапшысының лизинг нарығын алғашқы зерттеуі: ҚазАгроҚаржы қазақстандық лизинг нарығында көшбасшы болып танылды.
- мелиорациялық техниканың лизингін және қайталама техниканың лизингін енгізу.

## 2012

«Егінжай» бағдарламасы бойынша техниканы қаржыландыру.

## 2013

- «Экспресс-лизинг» және «Шебер-лизинг» бағдарламаларының іске асырыла басталуы.
- ҚазАгроҚаржы субсидиялау бағдарламасының ресми қатысушысына айналды.

## 2015

алғаш рет «ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілді және Компанияға алғаш рет корпоративтік басқару деңгейі берілді.

## 2016

- ҚазАгроҚаржы алғаш рет инвесторлардың кең тобы арасында 8 млрд теңге сомаға және 5 жыл айналым мерзімімен ішкі нарықтық облигацияларды орналастырды.
- «Беларусьта жасалған» бағдарламасының іске асырыла басталуы.
- ҚазАгроҚаржының бәсекелі ортаға беруге ұсынылатын объектілер тізіліміне енгізілуі.

## 2017

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 5 жылдық теңгелік облигацияларды шығару және орналастыру жөніндегі мәмілесі «Еуропадағы, Таяу және Орта Шығыстағы және Африкадағы ұлттық валютадағы облигациялардың үздік шығарылымы» (Best local currency bond in EMEA) санатындағы EMEA Finance жеңімпазы болып танылды.

## 2018

- «Өз жем- шөбіміз» және «Сенімді фермер» бағдарламаларының іске асырыла басталуы.
- Жылдық есептердің VIII конкурсының қорытындысы бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2017 жылғы жылдық есебі қаржы секторындағы үздік жылдық есеп болып танылды, сондай-ақ барлық конкурсқа қатысушылардың есептері арасында 9-орынға ие болды.

## 2019

- Компанияның жекешелендіруге жататын объектілер тізімінен шығарылуы.
- Нұр-Сұлтан қаласында филиалының ашылуы.
- Компанияның қызметіне 20 жыл.

# БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

**Лизингтік қызметті жетілдіру мақсатында Компания жүйелі және тұрақты негізде көрсететін қызметінің сапасын жақсарту бойынша тиісті іс-шараларды жүргізеді.**



# БӘСЕКЕЛІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- лизинг саласындағы 20 жылдан астам тәжірибе;
- қаржыландырудың қолжетімді шарттары;
- қызмет көрсетудің клиентке бағдарланған стандарттары;
- танымал бренд және оң бедел;
- кредиттік рейтингтің жоғары деңгейі;
- кең филиалдық желі;
- нарықтық құралдарды пайдалана отырып, қаражат тартудағы табысты тәжірибе;
- кадрлық құрамның жоғары құзыреті;
- ауыл шаруашылығы техникасының жетекші жеткізушілері мен өндірушілерінің үлкен базасының болуы;
- 2008 жылдан бастап Қазақстан қор биржасындағы листинг;
- қызмет ашықтығының жоғары деңгейі;
- корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс.



15

**филиал**

кең филиалдық желі

# ЛИЗИНГ БЕРУ ПРОЦЕСІ

**Лизинг беру процесі бірінші кезекте клиенттің лизинг нысанасын және жеткізушіні таңдауымен басталады. Жеткізушіден коммерциялық ұсынысты алғаннан кейін клиент ҚАҚ-ға жүгінеді.**

Несие бөлімшесінің менеджері қолда бар қаржыландыру бағдарламалары бойынша кеңес өткізеді, сондай-ақ клиентке өтінім беру үшін қажетті міндетті құжаттардың тізбесін ұсынады. Клиент құжаттардың толық пакетін ұсынғаннан кейін Компанияның құрылымдық бөлімшелері клиент жобасына сараптама жүргізеді. Қорытындылар мен сараптамалардың қорытындылары бойынша Компанияның уәкілетті органы (Несие комитеті) жобаны қаржыландыру туралы шешім шығарады. Жобаны жалпы қарау мерзімі оны пысықтауды есепке алмағанд,а 5 күннен 12 жұмыс күніне дейінгі уақытты құрайды.

Несие комитетінің жоба бойынша оң шешімі болған жағдайда қаржы лизингі шарты жасалады, клиент бірінші лизингтік төлемді салады, содан кейін жеткізушімен лизинг нысанасын сатып алу шартына қол қойылады. Жеткізілгеннен кейін лизинг нысанасы лизинг алушыға беріледі.



# ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

**Компания ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің әртүрлі санаттарының мүдделері мен қажеттіліктеріне жауап беретін және техниканы тиімді шарттармен сатып алуға мүмкіндік беретін қаржыландыру бағдарламаларының кең теңдестірілген өнім желісін іске асырады.**

Компанияда мынадай бағдарламалар жұмыс істейді:

**лизингтік жобаларды қаржыландыру:**

- монтажды қажетсінбейтін а/ш техникалары,
- биологиялық активтерді, а/ш және балық өнімдерін тасымалдау бойынша көлік құралдары, жүк вагондары,
- мелиорациялық және а/ш жұмыстарына арналған арнайы техника;

**бұрын қаржыландырылған жобалар шеңберінде айналым капиталын толықтыру;**

**арнайы лизингтік бағдарламалар:**

- «Қазақстанда жасалған»,
- «Сенімді фермер»,
- «Өз жем-шөбіміз»,
- «Беларусьта жасалған»,
- «Экспресс-лизинг»,
- «Шебер-лизинг»;

**жабдықтың қаржылық лизингі – отандық және шетелдік өндірістің жабдығы (монтажды қажетсінетін, қажетсінбейтін).**



## Қаржыландырылатын бағыттар

### СТАНДАРТТЫ ЛИЗИНГ БОЙЫНША ТАЛАПШАРТТАР

| | Мерзімі | Алғытөлем | Мөлшерлеме |
|---|---|---|---|
| Ауылшаруашылығы техникасы | 10 жылға дейін | кемінде 15% | жылдық 7% (субсидиялауды есепке ала отырып) жылдық 9% |
| Биологиялық активтерді, а/ш және балық өнімдерін тасымалдайтын көлік құралдары, жүк вагондары | 7 жылға дейін | кемінде 15% | жылдық 7% (субсидиялауды есепке ала отырып) |
| Мелиорациялық жұмыстарға және а/ш жұмыстарына арналған арнайы техника | 7 жылға дейін | кемінде 20% | жылдық 7% (субсидиялауды есепке ала отырып) |
| Айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттеу | 3 жылға дейінгі кредиттік желі, 1 жылға дейінгі транш | талап етілмейді | жылдық 12% (субсидиялауды есепке ала отырып) |

### АРНАЙЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

| | Мерзімі | Алғытөлем | Мөлшерлеме |
|---|---|---|---|
| **«Беларусьте жасалған»**<br>Беларусь Республикасында шығарылған техника мен жабдықтар | 5 жылға дейін | кемінде 20% | жылдық 1% (субсидиялауды есепке ала отырып) |
| **«Экспресс-лизинг»**<br>Табысты растаусыз | 10 жылға дейін | кемінде 25% | жылдық 7% (субсидиялауды есепке ала отырып) жылдық 9% |
| **«Шебер-лизинг»**<br>1 жылға арналған лизингтік желі | 10 жылға дейін | 10-25% | жылдық 7% (субсидиялауды есепке ала отырып) жылдық 9% |
| **«Қазақстанда жасалған»**<br>ҚР-да шығарылған/құрастырылған а/ш техникасы мен көлік құралдары | 10 жылға дейін | кемінде 15% | 6% (ҚР ҰҚ) |
| **«Сенімді фермер»**<br>Алғытөлемсіз лизинг | 10 жылға дейін | талап етілмейді | жылдық 7% (субсидиялауды есепке ала отырып) жылдық 9% |
| **«Өз жем-шөбіміз»**<br>Мал азығы өндірісіне арналған техника | 10 жылға дейін | кемінде 10% | жылдық 7% (субсидиялауды есепке ала отырып) жылдық 9% |

**Сыйақы мөлшерлемесін мемлекет 10% мөлшерде субсидиялайды (қарыз алушылар үшін түпкі мөлшерлеме жылдық 7%).**

**Алғытөлемді мемлекет инвестициялық салымдардың 25%-ына дейінгі мөлшерде субсидиялайды.**

2019 жылы сонымен қатар «Агротехника» және «Егінжай» арнайы бағдарламалары сәтті іске асырылды және аяқталды. 2020 жылы отандық машина жасау саласын дамытуды қолдауға бағытталған «Қазақстанда жасалған» жаңа арнайы бағдарламасы енгізілді.

# СУБСИДИЯЛАУ ПРОЦЕСТЕРІ

## Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау

ҚазАгроҚаржы инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау бағдарламасына қатысады.

Субсидиялаудың осы түрінің көмегімен Қазақстанның ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер лизингке техника сатып алған кезде инвестициялық субсидиялар есебінен аванс бере алады. Инвестициялық субсидияларды алу мүмкіндігі клиенттерге қаржылық жүктемені айтарлықтай жеңілдетеді және техниканың қолжетімділігін арттырады.

Өтінім беру процесі Qoldau цифрлық платформасы арқылы электрондық форматта да, қағаз түрінде де жүзеге асырылуы мүмкін.

**АВАНСТЫҚ ТӨЛЕММЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СУБСИДИЯЛАР**




- лизинг нысанасын жеткізу және беру;
- инвестициялық субсидияны алғытөлем есебіне есепке алу;
- түпкілікті құн туралы лизинг нысанасын қабылдау-тапсыру актісін және қосымша келісімді қоса бере отырып АШБ-ға хабарлама жіберу

**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СУБСИДИЯ МӨЛШЕРІ ТЕХНИКА ҚҰНЫНЫҢ 25% ДЕЙІНГІСІН ҚҰРАЙДЫ**

**Инвестициялық субсидия техника лизингі бойынша алғытөлем ретінде пайдаланылады**

## Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау

ҚазАгроҚаржы кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтар мен ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламасына қатысады. Бағдарлама агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін көрсетілетін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге мөлшерлемені жылдық 10% мөлшерінде субсидиялау есебінен үнемдеуге мүмкіндік береді.

**СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН СУБСИДИЯЛАУ**

1. **АШТӨ** — ҚАҚ-на субсидиялауға ұсыныс береді
2. **ҚАҚ** — Ұсынысты тексеру, мақұлдау/қабылдамау немесе пысықтауға жіберу
3. **АШБ** — Ұсынысты қарау және шешім қабылдау
4. **АШТӨ, ҚАҚ, АШБ** — Үш жақты Субсидиялау шартын жасасу
5. **ҚАҚ** — АШБ субсидия алуға өтінім беру
6. **АШБ** — Субсидияны ҚАҚ арнайы шотына аудару
7. **АШТӨ, ҚАҚ** — Субсидияны сыйақы төлеу есебіне есепке алу

**СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН МЕМЛЕКЕТ МЫНАДАЙ МӨЛШЕРДЕ СУБСИДИЯЛАЙДЫ:**

**техника лизингі бойынша 10%**
**АШТӨ үшін түпкілікті мөлшерлеме жылдық 7%**
**айналым бойынша 5%**
**АШТӨ үшін соңғы мөлшерлеме жылдық 12%**

# БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

**Кредиттік-лизингтік қызметті жетілдіру мақсатында Компания тұрақты негізде көрсететін қызметтерінің сапасын жақсарту бойынша тиісті іс-шаралар жүргізеді.**

2019 жылы қаржыландыру алу үшін міндетті құжаттар тізімі оңтайландырылды. Сонымен, ұсынылатын құжаттар тізімі 6 атауға дейін қысқартылды. Оңтайландыруға мемлекеттік ақпараттық порталдардан ақпаратты жүктеп алу есебінен қол жеткізілді. Бұдан басқа, сараптама бөлімшелерінің жобаларды қарау мерзімі 18 күннен 12 жұмыс күніне дейін қысқартылды.

Өткен жылы Компания клиенттері үшін өнім желісі бойынша шарттар жаңартылды және жақсартылды. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-да клиенттің өтінімі бойынша барынша қысқа мерзімде шешім қабылдауға мүмкіндік беретін және төмендегідей шарттарда техника сатып алуды көздейтін «Экспресс-лизинг» қаржыландыру бағдарламасы жұмыс істейді::

- табысты растаусыз;
- бизнес-жоспар ұсынбай;
- қаржылық есептіліксіз;
- қамтамасыз етуді ұсынбай;
- қосымша комиссияларды төлемей.

Сондай-ақ, бір жылға клиент үшін желі ашуды көздейтін «Шебер-лизинг» қаржыландыру бағдарламасы жұмыс істейді, оның шеңберінде клиент құжаттарды қайта жинамай және қарастырмай-ақ тек жазбаша өтініш негізінде техниканы лизингке сатып алуға мүмкіндік алады.

ҚазАгроҚаржы бизнес-процестерді оңтайландыру және клиенттердің мүддесінде өнімдер желісін дамыту бойынша жұмысты жалғастыратын болады. Ағымдағы жылы қаржыландыру алуға онлайн-өтінім қабылдау мүмкіндігін енгізу, сондай-ақ жобаларды қараудың бизнес-процестерін автоматтандыру, оның ішінде мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялау арқылы енгізу жоспарлануда.





# ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС

**Лизинг нысанасын және лизинг нысанасын жеткізушіні клиент «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзі таңдайды.**

Клиенттердің қажетті жеткізушілерді іздеуіне ыңғайлы болу үшін Компанияның корпоративтік сайтында www.kaf.kz Компанияның ынтымақтастық тәжірибесі бар ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жеткізушілердің базасы жарияланған.

Жеткізушілер теріс сипаттағы мәліметтердің бар-жоғына, заңнама талаптарына сәйкестігіне және лизинг нысанасының әділ құны мәніне мұқият тексерілуге тиіс.

Компанияның лизинг нысанасын жеткізушілерге қоятын талаптары барлығына бірыңғай болып табылады және Компания сайтында орналастырылған, бұл жеткізушілер үшін Компаниямен өзара іс-қимыл процесін жеңілдетеді.

Жеткізушілерге қойылатын негізгі талаптарға мыналар жатады:

- кәсіби біліктілігі және олар жеткізетін лизинг нысанасы нарығында 6 айдан кем емес жұмыс тәжірибесі болуы тиіс;
- Компания алдында орындалмаған (лизинг нысанасын сатып алу шартының талаптарына сәйкес мерзімі өткен) міндеттемелері болмауы тиіс;
- лизинг нысанасын жеткізу бойынша қызметті жүзеге асыру үшін қажетті сертификаттарға, лицензияларға ие болуы тиіс;
- кепілдік және кепілдіктен кейінгі сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыруы тиіс;
- мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрмауы тиіс;
- сенімсіз Жеткізуші мәртебесі болмауы тиіс.

Жеткізушімен лизинг нысанасын сатып алуға шарт жасасқаннан кейін және техника жеткізілгеннен кейін, Компания осы лизинг нысанасын қабылдауды, жеткізушіге оның ақысын төлеуді және кейіннен оны лизинг алушыға беруді жүзеге асырады. Лизинг нысанасының логистикасы, кедендік рәсімдеу және жеткізумен байланысты өзге де іс-әрекеттерді Компания қызметкерлері жүргізеді, бұл лизинг алушылар үшін лизинг процесін барынша жеңілдетеді және қолжетімді етеді.

# МЕНЕД-ЖМЕНТ ЕСЕБІ


| | |
|---|---|
| Макроэкономикалық көрсеткіштер | 34 |
| АӨК саласын талдау | 36 |
| Лизинг нарығын талдау | 41 |
| PEST-талдау | 43 |
| SWOT-талдау | 46 |
| Стратегияны іске асыру | 48 |
| Операциялық қызметтің нәтижелері | 54 |
| Қаржылық нәтижелер | 60 |
| Даму келешектері | 62 |

# МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

**2019 жылы өндірілген жалпы ішкі өнім көлемі (ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің алдын ала деректері бойынша[2]) 68 956 млрд теңгені құрады және өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты мәнде 4,5%-ға өсті.**

**ЖІӨ СЕРПІНІ**




2019 жылы инфляция өткен жылғы 5,3%-ға қарсы 5,4%-ды құрады. 2019 жылы тауарлар мен қызметтердің бағасы 5%-ға, азық – түлік тауарларына – 9,6%-ға, азық-түлік емес тауарларға-5,7%-ға, халыққа арналған ақылы қызметтерге-0,7%-ға өсті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2019 жылдың соңына АҚШ долларының ресми айырбас бағамы бір доллар үшін 382,75 теңгені құрады.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша негізгі капиталға инвестициялар 2019 жылы 8,5%-ға (2018 жылы 17,2%) өсіп, 12 546 млрд теңгені құрады. Бұл ретте ауыл шаруашылығындағы инвестициялар өткен жылмен салыстырғанда 41,1%-ға артып, 501,6 млрд теңгені құрады.

Негізгі астық егетін өңірлер – Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Ақмола облыстары – салаға 213,8 млрд теңге бағыттады, бұл ауыл, орман және балық шаруашылығына салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 42,7%-ын құрады.

**НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР, МЛРД. ТЕҢГЕ**




[2] *www.stat.gov.kz / Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы*

Ауыл, орман және балық шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың 89%-дан астамы маусымдық дақылдарды өсіруге (60,6%) және мал шаруашылығына (28,9%) бағытталды.

**СЕКТОРЛАР БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ**

| | 2018 | 2019 |
|---|---|---|
| Маусымдық дақылдарды өсіру | 93,9 | 155,7 |
| Көпжылдық дақылдарды өсіру | 152,6 | 102,9 |
| Мал шаруашылығы | 143,1 | 119,3 |
| Аралас ауыл шаруашылығы | 69,7 | 158,8 |

# 501,6

**млрд теңге**

2019 жылы ауыл шаруашылығына инвестициялар

# АӨК САЛАСЫН ТАЛДАУ

**Агроөнеркәсіп кешені – экономиканың бірнеше саласын біріктіретін, ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру мен қайта өңдеуге және одан түпкілікті тұтынушыға жеткізілетін өнім алуға бағытталған ірі салааралық кешен. Бұл ауыл шаруашылығын және ауыл шаруашылығы өндірісімен тығыз байланысты, ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауды, сақтауды, қайта өңдеуді, оны тұтынушыларға жеткізуді жүзеге асыратын, ауыл шаруашылығын ауыл шаруашылығы өндірісіне қызмет көрсететін техникамен, химикаттармен және тыңайтқыштармен қамтамасыз ететін өнеркәсіп салаларын қамтитын еліміздің экономика салаларының жиынтығы.**

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылады. Аграрлық сектордың даму деңгейі әрдайым қазақстандық қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығының айқындаушы факторы болып келді және оны жалғастыруда.

Ауыл экономикасын көтеру үшін соңғы он жылда Қазақстан Республикасының Үкіметі АӨК және ауылды дамыту және қолдау бойынша мемлекеттік және салалық бағдарламаларды қабылдады. 2017-2021 жылдарға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі №423 қаулысымен бекітілген және ауыл шаруашылығы саласын қолдау мен дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда.

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде 5 жыл ішінде еңбек өнімділігін 2021 жылға қарай АӨК-де ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға 3,7 млн теңгеге дейін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2021 жылы 2 400 млн АҚШ долларына дейін арттыру міндеті қойылды.

Бұл мақсаттарға, оның ішінде АӨК-де техникалық жарақтандыру және өндірісті қарқындату деңгейін арттыру есебінен қол жеткізілетін болады.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметінше, 2019 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) жалпы шығарылымы 5151,2 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 0,1%-ға аз.

2018 жылмен салыстырғанда өсімдік шаруашылығы өнімі 3,6%-ға аз өндірілді, бұл дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды өсіру көлемінің 15,8%-ға және майлы дақылдардың 5,5%-ға азаюына байланысты.

2018 жылмен салыстырғанда мал шаруашылығының жалпы өнімінің өндірісі 4%-ға артты, бұл басқа да ірі қара мал мен буйволдарды өсіру өнімі көлемінің 6,2%-ға, сүт бағытындағы ірі қара мал – 2,8%-ға, құс-7,8%-ға, жылқы-4,2%-ға өсуіне байланысты.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтер) жалпы шығарылымы көлеміндегі ең үлкен үлес салмағын Алматы (16,4%), Түркістан (11,9%), Солтүстік Қазақстан (11,9%) және Шығыс Қазақстан (11,5%) облыстары алды.

2019 жылғы егін жинау қорытындысы бойынша 17,4 млн тонна астық тартылды, бұл 2018 жылғы деңгейден 2,9 млн тоннаға немесе 14,3%-ға аз. Сонымен қатар, 11,5 млн тонна бидай (2,5 млн тоннаға немесе 2018 жылға қарағанда 17,9%-ға кем), майлы дақылдар – 2,6 млн тонна (110 мың тоннаға немесе 4,1%-ға кем), көкөніс дақылдары-4,4 млн тонна (273 мың тоннаға немесе 6,7%-ға артық), картоп-3,9 млн тонна (105 мың тоннаға немесе 2,7%-ға артық) жиналды.

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ШЫҒАРУ СЕРПІНІ**




## Ауыл шаруашылығы техникасы паркін талдау

АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес саланы қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету басым мақсаттардың бірі болып табылады.

2019 жылы республиканың АШТӨ 185 млрд теңге сомасына 12,0 мың бірлік техника сатып алды, бұл 2018 жылға қарағанда сандық мәнде 25%-ға және ақшалай мәнде 30%-ға артық.

**АШТӨ ТЕХНИКА САТЫП АЛУ СЕРПІНІ**



## ОБЛЫСТАР БӨЛІНІСІНДЕ ТЕХНИКА САТЫП АЛУ *

| Облыс | Жыл | Техника, бірл. | Сомасы, млрд теңге |
|---|---|---|---|
| **Ақмола** облысы | 2018 | 1 609 | 29,0 |
| | **2019** | **1 904** | **38,6** |
| **Ақтөбе** облысы | 2018 | 487 | 3,7 |
| | **2019** | **629** | **6,2** |
| **Алматы** облысы | 2018 | 567 | 6,6 |
| | **2019** | **760** | **9,1** |
| **Атырау** облысы | 2018 | 54 | 0,23 |
| | **2019** | **105** | **0,484** |
| **Шығыс Қазақстан** облысы | 2018 | 867 | 8,7 |
| | **2019** | **1 259** | **17,6** |
| **Жамбыл** облысы | 2018 | 467 | 4,2 |
| | **2019** | **611** | **5,7** |
| **Батыс Қазақстан** облысы | 2018 | 603 | 4,9 |
| | **2019** | **1 245** | **7,6** |
| **Қарағанды** облысы | 2018 | 798 | 8,4 |
| | **2019** | **886** | **10,5** |
| **Қостанай** облысы | 2018 | 1 204 | 24,1 |
| | **2019** | **1 311** | **25,1** |
| **Қызылорда** облысы | 2018 | 206 | 5,6 |
| | **2019** | **124** | **4,4** |
| **Павлодар** облысы | 2018 | 591 | 8,1 |
| | **2019** | **770** | **16,9** |
| **Маңғыстау** облысы | 2018 | 0 | 0,0 |
| | **2019** | **7** | **0,220** |
| **Солтүстік Қазақстан** облысы | 2018 | 1 561 | 29,0 |
| | **2019** | **1 896** | **37,2** |
| **Түркістан** облысы | 2018 | 450 | 4,3 |
| | **2019** | **519** | **5,4** |

** ҚР АШМ деректеріне сәйкес*

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНДА 2019 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІНІҢ БОЛУЫ, БІРЛ.**

| Техника түрлері | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|---|---|
| Тракторлар | 152 031 | 152 616 | 148 301 | 147 344 | 145 224 |
| Комбайндар | 42 089 | 41 494 | 40 044 | 38 502 | 37 385 |
| Пішен тайлағыш | 7 537 | 7 298 | 7 311 | 7 014 | 7 601 |
| Шөп шапқыш | 23 998 | 22 401 | 22 720 | 22 438 | 22 980 |
| Дестелегіштер | 15 580 | 14 985 | 15 039 | 14 869 | 14 817 |
| Бүріккіштер | 5 397 | 5 401 | 5 350 | 5 300 | 5 383 |
| Егіс кешендері | 3 701 | 4 097 | 3 915 | 3 900 | 4 060 |

Ауыл шаруашылығы техникасының қазақстандық құрылымын бүгінде әлемдік өндірушілер де, жергілікті өндірушілер де ұсынады. Әлемдік өндірушілерге: Ростсельмаш (Ресей), Гомсельмаш, Минск трактор зауыты, Бобруйскагропроммаш (Беларусь), John Deere, Case IH, New Holland (АҚШ), CLAAS (Германия) және т.б. жатады. Оларды ауыл шаруашылығы техникасының құрылымына қатысу форматы ажыратады. Ресей және Беларусь өндірушілері өнімді оқшаулайтын құрастыру кешендерін ұйымдастырды. Батыс компанияларға келетін болсақ, олар өнімді оқшаулауды жүзеге асырмайды және оны тек эксклюзивті дистрибьюторлар арқылы ұсынады.

Ірі отандық өндірушілер «СемАЗ» ЖШС, «АгромашХолдинг» АҚ, «Kazrost Engineering Ltd» ЖК, «Дон Мар» ЖШС, «Агротехмаш» ЖШС, «Қазақстандық Агро Инновациялық Корпорация» ЖШС және «ДАФА» фирмасы» ЖШС сияқты шетелдік серіктестермен бірлескен кәсіпорындар болып табылады.

Ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлері бойынша жаңарту қарқыны (егіс кешендерінен басқа), талап етілетін технологиялық жаңарту деңгейі жылына 10-12,5% болса, техниканың әртүрлі түрлері бойынша шамамен 0,5–3% құрайды.

Нормативтік пайдалану мерзімі ауыл шаруашылығы техникасын пайдаланудың нақты мерзімінен ерекшеленеді. Айналым қаражатының және фермерлердің техниканы уақтылы жаңарту мүмкіндігінің болмауына байланысты, техника белгіленген нормалардан 3-10 жылға ұзағырақ пайдаланылады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді техникалық жарақтандыру агроөнеркәсіп кешенін дамытудың маңызды проблемасы болып отыр. Ескі технологиялар мен ауыл шаруашылығы техникасының ескірген паркі еңбек өнімділігінің өсуіне және өндірісті ұлғайтуға кедергі келтіреді. Тозған техниканы пайдалану ЖЖМ мен қосалқы бөлшектердің жоғары шығындарына, өнімнің жоғалуына және сапасының төмендеуіне, ақаулардың кесірінен техниканың тоқтап қалуына және өзге де теріс салдарларға әкеледі. Сонымен бірге, техникалық жарақтандыруды дамыту және әлемдік әзірлемелерді енгізу елеулі қаржы инвестицияларын талап етеді.

ҚазАгроҚаржы арқылы лизингке берілген техника құрылымының талдауы техникаға сұраныс АШТӨ-нің бизнес көлеміне (егіс алаңы), бизнес түріне (мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы) және қандай да бір техниканың қажетті өндірістік көрсеткіштеріне негізделе отырып қалыптасатынын көрсетеді.

Үлкен егіс алаңдары бар аса ірі клиенттер қуаты бойынша жоғары көрсеткіштермен алыс шетелдердің өндіріс техникасын сатып алуды қалайды. Орта және шағын АШТӨ, сондай-ақ мал шаруашылығы фермалары өндірістік көрсеткіштері бойынша алыс шетелдің техникасынан төменірек Қазақстан мен ТМД елдерінің өндірістік техникасын сатып алады.

** ҚР АШМ деректеріне сәйкес*

## БИЗНЕС ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ А/Ш ТЕХНИКАСЫНА СҰРАНЫС

**Шағын және орта шаруашылықтар**



### 5000ГА
егістік алаңы

### ІШКІ НАРЫҚҚА БАҒДАРЛАНУ
өткізу нарығы

### 600ГА
маусымдық жұмыс істеу нормасы

**Қуаты шағын және орташа** техникаға сұраныс

Негізгі жеткізушілер:
**Қазақстан мен ТМД елдерінің өндірушілері**

**Ірі шаруашылықтар**



### 5000ГА
егістік алаңы

### ЭКСПОРТҚА БАҒДАР
өткізу нарығы

### 2000ГА
маусымдық жұмыс істеу нормасы

**Қуаты үлкен** техникаға сұраныс

Негізгі жеткізушілер:
**Алыс шет елдердің өндірушілері**

**Мал өсірушілер**



### 1000ГА
егістік алаңы, жайылым

### МЕНШІКТІ ЖЕМ-ШӨП БАЗАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН
егістік алаңы, жайылым

Мал шаруашылығы фермасына қызмет көрсетуге арналған техника

**Қуаты аз техникаға және агрегаттарға** сұраныс

Негізгі жеткізушілер:
**Қазақстан, Белоруссия өндірушілері**

# ЛИЗИНГ НАРЫҒЫН ТАЛДАУ

Техниканың қажетті көлемін өз бетінше сатып алу үшін АШТӨ-дегі қаражаттың жеткіліктілігіне байаныcты проблемаларды, сондай-ақ олардың елдегі жоғары несие мөлшерлемелерімен күрделене түсетін төмен несие қабілеттігін ескере отырып, ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуды қаржыландыру тетіктерін одан әрі дамыту бойынша шаралар қажет және лизинг осы міндетті шешетін тиімді құрал болып табылады. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңарту қарқынын арттыру мақсатында Компания тұтынушылық сұранысқа бағдарланған жаңа өнім бағдарламаларын енгізуді, сондай-ақ қаржыландырудың қолданыстағы шарттарын жақсартуды жүзеге асырады.

**Әлемдік тәжірибеде лизинг негізгі қорларды жаңарту үшін белсенді қолданылады және бизнес пайдаланатын тиімді қаржы құралы болып табылады. Қазақстандық лизингтік нарық әзірге қатысушылардың аздығымен сипатталады және даму сатысындае тұр.**

Қазақстандағы лизингтік қызмет «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі №78-II Заңымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (Ерекше бөлім) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексімен реттеледі.

ҚР ҰЭМ Статистика комитеті жүргізетін лизингтік қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарды зерттеу деректері бойынша 2019 жылы қаржы лизингі шарттарының жалпы құны 331,4 млрд теңгені құрады және 2018 жылмен салыстырғанда 1,9 есеге артты. Неғұрлым тартымды болып табылатын салалар – көлік және қоймалау – қаржы лизингі шарттарының жалпы құнының 35,2%-ы, ауыл, орман және балық шаруашылығы – 34,7%.

Бұл ретте Компания ауыл шаруашылығы техникасы саласындағы негізгі лизинг беруші болып табылады. 2019 жылы АӨК саласындағы лизингтік мәмілелердің көлемі 115 млрд теңгені құрады, оның ішінде ҚазАгроҚаржыға 98,5 млрд теңгесі тиесілі, бұл ҚР бойынша АӨК-дегі лизингтің жалпы көлемінің 85,7%-ын құрайды.

Лизингтік қаржыландыру арқылы экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары бүгінгі күні нарықтың басты драйвері болып табылады. Жеке меншік лизингтік компаниялар операциялар көлемін ұлғайту үшін қорландырудың жетіспеушілігін жиі бастан кешуде. Лизингтік қаржыландырудың мүмкіндіктері мен артықшылықтары туралы бизнестің салыстырмалы түрде төмен хабардарлығы да нарықтың дамуын тежейді.

**ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ ШАРТТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ, МЛРД. ТЕҢГЕ**




*Дерекөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті*

*[3] https://www.stat.gov.kz/official/industry/20/statistic/5*

# 85,7%

**лизингтік мәмілелер «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ға тиесілі**

Ауыл шаруашылығында лизинг барынша сұранысқа ие және негізгі қорларды жаңартуды қамтамасыз етуге көмектеседі. Коммерциялық банктер, әдетте, саланы тәуекелі жоғары және кредитор үшін ыңғайсыз ұзақ өндірістік цикл деп санап, оны несиелендіргісі келмейді.

**Шаруалар үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ лизингтік қаржыландыруының негізгі артықшылықтары:**

- лизингті қаржыландырудың неғұрлым икемді шарттары мен схемалары. Лизингті ресімдеу кезінде қосымша кепіл талап етілмейді, өйткені ол лизинг нысанасының өзі болады;
- ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарына лизинг беруге маманданған лизингтік компаниялар өз шарттарын агробизнес ерекшелігіне бейімдейді. Компанияда көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарының маусымдылығын ескере отырып, негізгі қарызды өтеудің икемді кестесі көзделген, негізгі қарызды төлеу егін жинағаннан кейін жылына бір рет жүзеге асырылады. Лизингті қаржыландыру мерзімі ұзақ, бұл клиенттер үшін ыңғайлы, өйткені олардың жобалары көбінесе ұзақ мерзімді өтелімді болжайды. Сонымен бірге, Компанияның артықшылығы кепілмен қамтамасыз етудің болмауы, жеңілдікті кезең, аванстық төлемнің төмен мөлшері болып табылады. Сонымен қатар, кең өңірлік қамту (15 филиал) маңызды және негізгі фактор болып табылады, мұны Қазақстанда бірде-бір лизингтік компания қамтамасыз ете алмайды;
- салықтық артықшылықтардың бар болуы лизингтік қаржыландыру схемасын таңдау пайдасына плюс болады[4].

**Мәліметтерге сәйкес, 2020 жылдың басында лизинг нарығында ұсынылатын қаржыландырудың ең төменгі мөлшерлемесі 7%-ды, ең жоғарғы – 19%-ды құрады, аванстық қамтамасыз ету 10%-дан 30%-ға дейін, лизингті ұсынудың ең төменгі мерзімі – 3 жыл, ең жоғарғы – 10 жыл болды.**

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары бойынша мақсатты бағдарлама лизинг нарығының мынадай ойыншыларында ғана қолданылады: «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «ҚДБ Лизинг» АҚ, «Лизинг Групп» АҚ, «Ұлттық лизингтік Компания» АҚ, «Аль Сакр Финанс» АҚ, «Қазақстан Иджара Компаниясы» АҚ, «ТехноЛизинг» ЖШС және «ForteLeasing» АҚ. «Қазақстан Иджара Компаниясы» АҚ («KIC Лизинг») ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі бойынша арнайы бағдарлама әзірлеуде. Қалған лизингтік компаниялар өнімнің бұл түрін «Арнайы техника және жабдықтар» бағдарламасы аясында қаржыландырады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ көрсететін қызметтіне сұраныстың маңызды факторлары клиенттер сенімінің жоғары деңгейі, тұрақты брендінің болуы және Компанияның әлеуетті клиенттер арасында жоғары танылуы болып табылады.

[4] *«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекстің (Салық кодексі) 197-бабы*

# PEST-ТАЛДАУ

**Макроорта факторларын бағалау үшін Компанияның қызметіне тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін негізгі саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторларды PEST-талдау келтірілген.**

Талдау көрсеткендей, мемлекет тарапынан қолдау, шикізат базасымен қамтамасыз етілу, жаңа технологияларды енгізу және технологиялылық деңгейін арттыру жиынтығында Компания қызметінің және тұтастай саланың дамуына оң әсер ететін жүйе құраушы факторлар болып табылады.



| | МҮМКІНДІКТЕР | ҚАУІПТЕР |
|---|---|---|
| САЯСИ ФАКТОРЛАР | **Мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі мақсатты саясаты.**<br>АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдаумен барынша қамтуға және ауыл кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған.<br><br>**Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қатысуы.**<br>Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдердің бірлескен нарығына шығу мүмкіндігі бар. | **Мемлекеттік саясатқа тәуелділік.**<br>Кеңінен үкіметтік реттеу отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің асыранды көңіл-күйін тудырады.<br><br>**АҚШ және өзге елдер тарапынан санкциялардың жекелеген түрлерінің ықтимал қолданылуы.**<br>Қазақстанның Ресей Федерациясымен тығыз өзара іс-қимылы Ресейге қарсы санкциялардың жекелеген түрлерінің Қазақстанға таралуына қауіп төндіреді.<br><br>**ҚР Салық заңнамасына лизинг үшін көзделген салық жеңілдіктерін алып тастау бөлігінде өзгерістер енгізу.** |
| ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР | **ЖІӨ-нің жыл сайынғы өсуі.**<br>Қазақстан экономикасының жыл сайынғы өсуі ауыл шаруашылығында өндірісті ұлғайту үшін қолайлы жағдай жасайды.<br><br>Саланың **ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлермен жеткілікті қамтамасыз етілуі,** тұрақты шикізат базасы.<br><br>**Саланы мемлекеттік субсидиялау.**<br>Инвестициялық салынымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына сәйкес мемлекет ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің инвестициялық салымдарын және сыйақы бөлігін субсидиялауды жүзеге асырады.<br><br>**Қолайлы инвестициялық бизнес-климат.**<br>2019 жылы ауыл шаруашылығындағы инвестициялар 501,6 млрд теңгені құрап, бір жылда 37,4%-ға өсті. | Фермер қызметінің табыстылығы байланысты болатын жабдықтардың, тыңайтқыштардың, жем-шөптің, ветеринариялық препараттар мен энергия ресурстарының сыртқы және ішкі бағаларының **тұрақсыздығы.**<br><br>**Ауыл шаруашылығы саласы тәуекелдерінің жоғары деңгейі.**<br>Ауа райы жағдайы, өнім сапасы, өнімнің әлемдік және ішкі бағаларының төмендеуі, өткізу нарықтарының шектеулілігі, экспорттық бағдарлардың күрделі логистикасы.<br><br>2020 жылдың басында елде төтенше жағдай режимінің енгізіліп,осыған байланысты шектеу шараларының себебінен клиенттердің төлем қабілеттілігінің төмендеуінен көрінген **карантиннің экономикалық салдарлары.**<br><br>**Ауыл шаруашылығы техникасына кәдеге жарату алымының енгізілуі** техника құнының артуына және АШТӨ-нің неғұрлым қуатты техникаға сатып алу қабілетінің төмендеуіне әкеліп соғуы мүмкін. |

| | МҮМКІНДІКТЕР | ҚАУІПТЕР |
|---|---|---|
| ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ | Халық арасында дұрыс тамақтануды насихаттаумен, органикалық өнімдерді дәріптеумен, сондай-ақ ауылдық жерлердегі халықтың елеулі үлесін жария етумен байланысты, халықтың **ауыл шаруашылығы өнімдерін тұтынуының негізгі үрдістері.**<br><br>**Халық санының ұлғаюы жағдайында ауыл шаруашылығы өнімдеріне қажеттіліктің тұрақты сипаты** органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және өткізуге баса назар аудара отырып, аграрлық секторда ұзақ мерзімді өсу трендін сақтау үшін алғышарттар жасайды.<br><br>Білім берудің жоғары деңгейі. Бұл фактор ұйымды жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету үшін маңызды. Қазақстанда мемлекеттік аграрлық университеттер жұмыс істейді, олар жыл сайын әр түрлі салаларда АӨК кәсіпорындарында жұмыс істеу үшін мамандар шығарады.<br><br>**Мемлекет ауыл кәсіпкерлігін дамытуға баса назар аударады.** Мемлекет ауыл кәсіпкерлерін шаруашылық жүргізудің жаңа дағдыларына жаппай оқыту бағдарламасын көздейді. Сонымен қатар, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында ауылдық елді мекендерде шағын бизнесті несиелендірудің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша шаралар көзделген. | **Табыстың төмен деңгейі.** Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің орташа айлық жалақысы жылдан жылға өсу қарқынының төмендігін көрсетіп отыр.<br><br>**Ауыл халқының жылыстауы.** Статистика комитетінің деректері бойынша, соңғы жылдары ел ішіндегі ауылдық көші-қон бойынша теріс сальдо байқалады.<br><br>**Маусымдылық.** Әр түрлі маусымдарда ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау үшін әртүрлі еңбек мөлшері қажет. Нәтижесінде жұмыс күшіне ауытқымалы қажеттілік туындайды. Маусым кезеңінде 1,4 млн адам жұмыспен қамтылған, ал қалған уақытта 1,2 млн жуық адам жұмыспен қамтылған. |
| ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ | **Мемлекеттің жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуді технологиялық ынталандыруы.**<br>Мемлекет агроөнеркәсіптік кешеннің кәсіпорындарында агротехнологиялар мен инновациялық технологияларды цифрландыруды енгізуге, технологиялық процестерді автоматтандыруға, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал етеді.<br><br>**Отандық ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиялық деңгейін арттыру** ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің сұранысының ұлғаюына әкелуі мүмкін. | **Материалдық-техникалық базаның жағдайы.**<br>Амортизация мерзімінен тыс ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының жартысынан көбі пайдаланылады. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша, бүгінгі таңда АШТӨ қолындағы көптеген тракторлар мен комбайндарды пайдалану мерзімі 10 жылдан асады.<br><br>**Отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудың технологиялық мешеулігі және шетелдік технологияларға тәуелділігі.**<br>Отандық өндірушілерде Қазақстанның климаттық және географиялық жағдайларына бейімделген қазіргі заманғы технологиялардың болмауы. |

# SWOT-ТАЛДАУ

**Бұл SWOT-талдау Компания қызметінің күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ Компания қызметі үшін қолдағы бар мүмкіндіктер мен қауіптерді көрсетеді.**

Күшті жақтарға АӨК-дегі лизинг және несие беру саласындағы үлкен жұмыс тәжірибесін, жоғары құзыреттілігін және білікті кадрлық құрамын, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін, корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін жатқызуға болады. Бюджеттік қорландырудың болмауы, лизинг процесін автоматтандыру деңгейінің жеткіліксіздігі әлсіз жақтары болып табылады.

Жүргізілген SWOT-талдаудың қорытындысы Компанияның күшті жақтары басымырақ екенін көрсетеді, олар компанияның белсенді қызмет атқаруына және лизингтік қызметте көшбасшылық орынды ұстап тұруына мүмкіндік береді.

Алайда, несие қоржынының бір салаға шоғырлануы Компаниядан тәуекелдердің тұрақты мониторингін жүргізіп отыруды және қаржыландыру шарттарын ұсыну бөлігінде икемділік танытуды талап етеді.



| КҮШТІ ЖАҚТАРЫ | ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ |
|---|---|
| **1.** АӨК лизинг және несиелендіру саласындағы үлкен тәжірибе.<br>**2.** Лизингтік қызметтерді ұсынудағы жоғары құзыреттілік және білікті кадрлық құрам.<br>**3.** Бүкіл еліміздегі кеңінен таралған филиалдық желісі.<br>**4.** Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын отандық және әлемдік өндірушілермен орнатылған әріптестік қатынастар.<br>**5.** Компанияның жоғары корпоративтік басқару деңгейі.<br>**6.** Компания тәуекелдерін басқарудың тиімді кешенді жүйесінің болуы.<br>**7.** Ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін танымал бренд.<br>**8.** Клиенттер санының оң серпіні.<br>**9.** Қорландыру көздерінің әртараптандырылған қоржыны және ішкі және халықаралық нарықтарда қарыз қаражатын тартудағы елеулі тәжірибе. | **1.** Несие қоржынын экономиканың бір саласында шоғырландыру.<br>**2.** Бюджеттік қорландырудың болмауы салдарынан лизингтік өнімдер бойынша сыйақының жоғары мөлшерлемесі.<br>**3.** Лизинг процесін автоматтандырудың жеткіліксіз деңгейі. |
| **МҮМКІНДІКТЕР** | **ҚАУІПТЕР** |
| **1.** АӨК мемлекеттік қолдау деңгейін, оның ішінде машина-трактор паркін жаңарту мәселелері бойынша арттыру.<br>**2.** Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңартуда қанағаттанарлықсыз сұраныстың болуы, сәйкесінше инвестицияларды ұлғайту мүмкіндігі.<br>**3.** Компанияның көрсететін қызметтерімен қамтылмаған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер санының көп болуы.<br>**4.** Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңартуда АӨК субъектілері үшін үздік серіктес ретінде жайғасқан «ҚазАгроҚаржы» АҚ брендін күшейту.<br>**5.** Клиенттердің өтінімдерін қарау бойынша бизнес-процестерді жақсарту, оның ішінде техника лизингіне өтінімдерге онлайн-қызмет көрсетуге көшу. | **1.** АӨК саласындағы инвестициялық салымдарды және/немесе кредиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемесін мемлекеттік субсидиялауға бөлінетін ақша қаражатының жеткіліксіздігі.<br>**2.** А/ш техникасының лизингі нарығында квазимемлекеттік сектордың екінші субъектісінің пайда болуы, бұл бұрыс бәсекелестікті тудырады.<br>**3.** Төтенше жағдай режимін енгізуге байланысты лизингтік төлемдерді клиенттердің өтеуі бойынша жоспарлы көрсеткіштердің төмендеу тәуекелі, сондай-ақ техникаға сұраныстың төмендеуі. |

# СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ

**2019 жылы ҚазАгроҚаржы 2017-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асырды, онда 3 стратегиялық бағыт шеңберінде 10 міндет және 3 мақсат , сондай-ақ 8 түйінді көрсеткіші бойынша нәтижелерге қол жеткізу айқындалған.**

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Стратегиялық жоспарлау және мониторинг ережесіне сәйкес мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету және Даму стратегиясының тиімді іске асырылуын бақылау үшін 2019 жылға арналған операциялық іс-шаралар жоспары әзірленді.

**1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ**

**Мақсаты: қолайлы тәуекел деңгейін сақтай отырып қызметтің рентабельділігін арттыру арқылы Компанияның ұзақ мерзімді акционерлік құнын ұлғайту.**

| ҚТК | 2018 ж. (нақты) | 2019 ж. (жоспар) | 2019 ж. (нақты) | 2020 ж. (жоспар) | 2029 ж. (жоспар) |
|---|---|---|---|---|---|
| ROA, % | 2,31 | 1,65 | 2,95 | 1,53 кем емес | 1,65 кем емес |
| ROE, % | 6,43 | 4,62 | 8,54 | 4,65 кем емес | 5,01 кем емес |
| NPL деңгейі, %* | 15,55 | 16,3 | 13,13 | – | - |
| Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен бұрын қаржыландырылған жобалар бойынша негізгі борышты өтеу жоспарының орындалуы, % | - | 75,0 | 77,4 | 15** | 97 |

** Компанияның 2020-2029 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясына сәйкес «NPL деңгейі» ҚТК алынып тасталды.*

*** 2020 жылы бұл көрсеткішті есептеу әдістемесі өзгертілді.*

**1-МІНДЕТ. НЕСИЕ ҚОРЖЫНЫНЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ**

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тарихи құн бойынша несие қоржыны 271,9 млрд теңгені құрады, бұл 2018 жылғы сәйкес көрсеткіштен (239,7 млрд теңге) 32,2 млрд теңгеге жоғары.

***NPL деңгейі***

Өткен жылы мерзімі өткен берешекті өндіріп алу және жобаларды оңалту (қайта құрылымдауды ұсыну, мерзімін ұзарту, медиация жасасу және т.б.) бойынша жұмыстар жүргізілді. Лизинг нысаналары мен кепіл мүліктерін балансқа қою және кепіл мүліктерін сату жүзеге асырылды. Проблемалық жобаларды одан әрі іске асыру үшін инвесторлар іздеу жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, несие қоржынының сапасын арттыру мақсатында ішкі құжаттар өзектілендірілді, қарыздың мақсатты пайдаланылуын тексеру және растау процесі күшейтілді, жобаларды автоматтандыруға байланысты оларды әкімшілендіру процестері сипатталды, қаржы лизингі шарттарының бұзылуына байланысты Компания балансына қабылданған лизинг және кепілдік мүлікті сату шарттары жеңілдетілді.

Компания ай сайынғы негізде қарыз алушылардың төлем тәртібінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етті. 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Негізгі борышты өтеу бойынша жоспардың орындалуы 121% құрады. Жоспарланған 44,495 млрд теңгенің 53,713 млрд теңгесі қайтарылды.

***Бұрын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылған жобалар бойынша негізгі борышты өтеу жөніндегі жоспардың орындалуы***

Бұрын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылған жобалар бойынша негізгі борыштың іс жүзінде өтелуі жоспарланғаны 75,0% болған кезде, 77,4%-ды құрады. Орындалуы 103,2% деңгейінде.

**2-МІНДЕТ. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ МЕН АКТИВТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ**

2019 жылы Компания активтер мен меншікті капиталдың рентабельділігі көрсеткіштерін асыра орындады, бұған кірістердің өсуі мен шығыстардың азаюының арқасында қол жеткізілді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша таза табыс жоспарланғаннан көбірек мөлшерде қалыптасты және 9,2 млрд теңгені құрады. Нәтижесінде ROA көрсеткіші 2,95 деңгейінде қалыптасты, жоспар бойынша 1,65 (178,8%). ROE- 8,54, жоспар бойынша 4,62 (184,8%).

***Өтімділікті басқару***

Компания уақытша еркін өтімділікті орналастырудың консервативті саясатын ұстанады. Өтімділікті жоғалту тәуекелдерін барынша азайту мақсатында Компания ақшаны ағымдағы шоттар мен BB төмен емес кредиттік рейтингі (халықаралық рейтингтік агенттіктердің шәкілі бойынша) бар ЕДБ-ге қысқа мерзімді салымдар сияқты тәуекелі төмен қаржы құралдарына және ҚР қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарына орналастырады.

***Тәуекелдерді басқару***

Компания 2019 жылы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіруді жүзеге асырды.

Директорлар кеңесінің шешімімен 2019 жылғы ақпанда Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (ТБКЖ) тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша Түзету және алдын алу іс-қимылдарының жоспары бекітілді. Жоспардың іс-шаралары толық көлемде орындалды. Тәуекелдерді басқару құрылымына өзгерістер енгізілді, операциялық тәуекелдерді бағалауға көзқарас өзгертілді, тәуекел-тәбетті және төзімділік деңгейін есептеу тәртібі, тәуекел матрицаларын және бақылау рәсімдерін қалыптастыру және бекіту тәртібі өзектеендірілді.

**3-МІНДЕТ. БАНКТЕРДЕН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ИНВЕСТОРЛАРДАН ҚАРЫЗ ҚАРАЖАТЫН ТИІМДІ ТАРТУ**

ҚазАгроҚаржы банктерден қарыз, түрлі елдердің ЭКА жабу үшін сауда-экспорттық қаржыландыру түрінде, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздар шығару арқылы нарықтық қорландыруды тартады. Компания қорландыру көздері мен инвесторлық базаны әртараптандыру саясатын ұстанады. Компанияның инвесторлар базасы кең және көптеген жылдар бойы қазақстандық қаржы институттарымен қатар, шетелдік ірі қаржы институттарымен де, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарымен белсенді түрде ынтымақтасады. Компанияның барлық қызмет атқарып келе жатқан уақытындағы несие тарихы мінсіз және кредиторлар мен инвесторлар алдындағы іскерлік беделі жоғары .

Ұлттық валютаның құнсыздану болжалы аясында капитал нарығының жоғары құбылмалылығы жағдайында Компанияның валютада сыртқы қаржыландырудан бас тартуына және ішкі нарыққа назар аударуына тура келді, осылайша, 2019 жылдың аяғына қарай теңгедегі міндеттемелердің үлесі Компанияның барлық міндеттемелерінің 98,2%-ын құрады, бұл Компанияға валюталық тәуекелдердің теріс әсерін болдырмайды.

Компанияда толық сақталатын қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің көрсеткіштері бойынша бірқатар талаптар белгіленген. 2019 жылы Компания 50,6 млрд теңге тартты және 19,5 млрд теңгеге келісімдер ұзартылды, бұл ауыл шаруашылығы техникасының лизингіне өспелі сұранысты қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Екінші облигациялық бағдарлама аясында 2019 жылы 6,2 млрд теңгені орналастыра отырып, 5 жыл мерзімге 20 млрд теңге сомаға облигациялардың үшінші шығарылымы тіркелді. Шығарылым толық көлемде 2020 жылдың сәуірінде орналастырылған.

2020 жылға қорландыруды тарту шеңберінде Компания ЕДБ және ислам банктерімен қаржыландыруды тарту бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын тарту бойынша жұмысты жалғастыруда.

**2-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.**
**КӨРСЕТІЛЕТІН ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ**

**Мақсаты: бұрынғы клиенттердің бейілділігін арттыру және 2026 жылға қарай клиенттердің жалпы санын 1,5 есе ұлғайта отырып, жаңаларын тарту.**

| ҚТК | 2018 ж. (нақты) | 2019 ж. (жоспар) | 2019 ж. (нақты) | 2020 ж. (жоспар) | 2029 ж. (жоспар) |
|---|---|---|---|---|---|
| Қазіргі қызмет пайдаланушылардың саны, бірлік* | 6 967 | 7 214 | 7666 | - | - |
| Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингісінің көлемі, млрд теңге | 63,0 | 62,0 | 98,5 | 75 | 120 |
| Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділік деңгейі және клиенттердің қанағаттанушылық деңгейі, %* | 77,9 | 74,3 | 79,6 | - | - |

** Компанияның 2020-2029 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясына сәйкес «Қазіргі қызметпайдаланушылардың саны» және «Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділік және клиенттердің қанағаттанушылық деңгейі» стратегиялық ҚТК алынып тасталды.*

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша несие қоржынындағы клиенттердің саны жоспар бойынша 7 214 бірлік болған кезде 7 666 бірлікті құрады, бұл өткен жылдың деңгейінен 699 бірлікке жоғары (6 967 бірлік).

2019 жылға техника лизингі бойынша қаражаттың игерілуі 98,5 млрд теңгені немесе жылдық жоспардың 158,9%-ын құрады (жоспар – 62 млрд теңге). Бұл көрсеткіш техниканы қаржыландыруға өтінімдер санының көп болуына байланысты артығымен орындалды, бұл техникаға субсидиялардың болуымен мен қаржыландырудың жеңілдікті шарттары бар бағдарламалардың (төмен мөлшерлememen, аванстың жоқтығымен және т.б.) болуымен байланысты.

## 1-МІНДЕТ. КЛИЕНТТЕР ҮШІН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Клиенттер үшін көрсетілеетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында Компания шаруалардың мүмкіндіктеріне жауап беретін қаржыландырудың бәсекелестік шарттарын қамтамасыз етуге ықпал ететін жұмыстарды жүргізді.

Лизинг нарығында бүгінгі күні Компания қаржыландырудың ең қолайлы шарттарын ұсынуда:

- лизингтің ұзақ мерзімі (қаржыландырудың ең ұзақ мерзімі 10 жылды құрайды, бұл лизинг нарығы бойынша орташа қалыптасқан мерзімнен 2,6 жылға жоғары);
- қаржыландырудың стандартты шарттары мен әртүрлі өнім бағдарламалары шеңберінде клиенттер үшін икемді шарттар («Шебер – лизинг» – клиент үшін бір жылға желі ашу, оның шеңберінде ол құжаттарды қайта жинамай және қарастырусыз техниканы лизингке алуға мүмкіндік алады, «Сенімді фермер» – аванссыз лизинг, «Өз жем – шөбіміз» – төмендетілген авансniпен мал азығын өндіруге арналған техника лизингі, «Экспресс – лизинг» – табысты растамай, өтінімді қараудың ең аз мерзімімен лизинг алу мүмкіндігін алады.);
- жеңілдік кезеңінің болуы (клиенттерге шарт жасалған сәттен бастап бір жыл өткен соң сыйақы мен негізгі қарызды төлеуге мүмкіндік беріледі);
- қамтамасыз етуді ұсыну қажеттілігінің болмауы – Компанияның лизингтік өнімдерінің басты артықшылықтарының бірі.

АӨК субъектілерінде бюджеттен тыс көздердің қаражаты есебінен қаржыландырудың стандартты шарттары бар Компанияның көрсететін қаржы қызметтері, сондай-ақ «Шебер-лизинг», «Агротехника» және «Экспресс-лизинг» арнайы бағдарламалары неғұрлым кең сұранысқа ие.

Компания сондай-ақ инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау бағдарламасына және сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламасына қатысады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның арнайы шоттарына 1 041 шарт бойынша жалпы сомасы 9,5 млрд теңге инвестициялық субсидиялар түсті. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бөлігінде Qoldau.kz жүйесі арқылы негізгі борыштың жалпы сомасы 84,8 млрд теңге болатын 3 217 шарт мақұлданды.

2019 жылы шартқа қосымша келісімге қол қою бойынша жұмыс жүргізілді, оның шеңберінде Беларусь Республикасының Үкіметі қаржы лизингі шарттары бойынша лизингтік төлемдердің бір бөлігін өтейді (сыйақы мөлшерлемесі 6%-ға дейін субсидияланады). Осыған байланысты 2019 жылғы 18 қазаннан бастап «Беларусьта жасалған» арнайы қаржыландыру бағдарламасы бойынша өтінімдер қабылдау қайта басталды. Бағдарламаның артықшылығы клиент үшін жылдық 1% – бен қаржыландыру алу мүмкіндігі болып табылады, ол Қазақстан Республикасы тарапынан 10% және Беларусь Республикасы тарапынан 6% субсидиялану ескеріле отырып қалыптасады.

### *Имиджді нығайту*

2019 жылы Компанияның оң имиджін нығайту үшін БАҚ-та және әлеуметтік желілерде кең ақпараттық кампания өткізілді, оған хабарлар, бейнероликтер, мақалалар орналастыру кіреді. Сонымен қатар, Компания бірқатар мамандандырылған ауыл шаруашылығы көрмелері мен форумдарына қатысты.

## 2-МІНДЕТ. КӨРСЕТІЛЕТІН ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ

Компания бизнес-процестерді жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырды.

Компанияның көрсететін қаржы қызметтерін алу үшін АӨК субъектілері ұсынатын құжаттардың міндетті тізімі қысқартылды. Сондай – ақ, қаржыландыруға арналған жобаларды қарау мерзімі оңтайландырылды – мерзім 18-ден 12 жұмыс күніне дейін азайтылды. Клиенттердің бейілділігін арттыру мақсатында клиентке өтініштер бойынша Жадынаманы міндетті түрде ұсыну арқылы кері байланыс орнату бойынша іс-шаралар іске асырылды.

Көрсетілетін лизингтік қызметтердің сапасын арттыру үшін ай сайынғы негізде

қарыз алушылардан түсетін өтінімдерді қарау мерзімдерінің сақталуына бақылау жүргізіледі.

***Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділік және клиенттердің қанағаттанушылық деңгейі***

Компания клиенттерінің / клиенті емес тұлғалардың қанағаттанушылығын бағалау мақсатында тәуелсіз ұйым жыл сайын сауалнама жүргізеді. Тәуелсіз зерттеу қорытындысы бойынша Компанияның көрсететін қызметіне жалпы қанағаттанушылық деңгейі 92,1% құрады.

Көрсетілетін қаржы қызметтердің қолжетімділігі (100%) үш өлшемшарт бойынша бағаланады: қаржыландыру шарттары, өтінімдерді қарау мерзімі бойынша есептілік, сұрау арқылы Компания туралы клиенттердің пікірін бағалау.

Көрсетілетін қаржы қызметтерінің қолжетімділік днңгейі мен Компания клиенттерінің қанағаттанушылық деңгейі жоспардағы 74,3% кезінде 2019 жылы 79,6% құрады (орындалуы – 107,2%).

**3-МІНДЕТ. «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ӨНІМ ЖЕЛІСІН ҰЛҒАЙТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ**

Компанияның қолданыстағы өнім желісі теңдестірілген, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің әртүрлі санаттарының мүдделеріне жауап беретін болып табылады.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 27 желтоқсанға дейін клиент үшін жылдық 9%-бен ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша қаржыландырудың жаңа «Агротехника» бағдарламасы енгізілді және толығымен игерілді. Бағдарлама ауыл шаруашылығы техникасына, Компанияның төмендетілген сыйақы мөлшерлемесі бойынша көрсететін сапалы лизингтік қаржы қызметтеріне мұқтаж АӨК субъектілері үшін қолжетімділікті арттыруға бағытталған.

2019 жылдың 27 мамырынан бастап «Сенімді фермер», «Өз жем-шөбіміз», «Егінжай» арнайы қаржыландыру бағдарламалары бойынша клиент үшін жылдық 9%-бен қайнаркөз толықтырылды. Сондай-ақ бұрын қаржыландырылған инвестициялық бағыттар шеңберінде жаңғырту мақсатында жабдықтар лизингі бойынша қаржыландыру қайта жандандырылды.

Ауыл шаруашылығы техникасын неғұрлым төмен және тиянақталған сыйақы мөлшерлемесі бойынша сатып алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылғы 27 желтоқсанда өзгерістер бекітілді, оған сәйкес ауыл шаруашылығы техникасының қаржы лизингі бойынша қаржыландырудың стандартты шарттары жылдық 9%-бен қаржыландыру көзімен толықтырылды.

Компания 2019 жыл ішінде ислам лизингі бағдарламасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізді. 2020 жылы өнімнің исламдық қаржыландыру (фетва) қағидаттарына сәйкестігі туралы рұқсат беру құжаты алынды. Қазіргі уақытта Компанияның уәкілетті органының исламдық қаржыландыру процесін регламенттейтін ішкі құжаттарды бекітуі бойынша іс-шаралар іске асырылуда.

**3-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.**
**КОРПОРАТИВТІК ДАМУ**

**Мақсаты: «ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру.**

| ҚТК | 2018 ж. (нақты) | 2019 ж. (жоспар) | 2019 ж. (нақты) | 2020 ж. (жоспар) | 2029 ж. (жоспар) |
|---|---|---|---|---|---|
| Корпоративтік басқару деңгейі* | 89,7 | 85,0 | 88,6 | - | - |

** Компанияның 2020-2029 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясына сәйкес, тәуелсіз сарапшы ҚТК үш жылда бір рет есептейтін болады.*

### 1-МІНДЕТ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫН САҚТАУ

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде Компанияның корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын ұстану туралы есепті қарайды. 2019 жылы қабылданған есепке сәйкес 6 негізге алынатын қағидаттың 5 қағидаты толық көлемде сақталды, 1 қағидат бойынша ішінара сақтау байқалды.

Компания 2019 жылы корпоративтік басқару деңгейіне диагностика жүргізді, Компанияның корпоративтік басқару деңгейі 88,6% құрады, жоспарланғаны 85% (104,2%) болған.

### 2-МІНДЕТ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР ИНСТИТУТЫН ЖЕТІЛДІРУ

Компанияның корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес Директорлар кеңесі мен оның мүшелерінің жұмысына, оның ішінде директорлардың қажетті біліктілігі тұрғысынан кешенді және жан-жақты бағалау жүргізілді.

Директорлар кеңесінің жұмысына бағалау жүргізу шеңберінде Директорлар кеңесінің қызметін реттейтін ішкі құжаттарға талдау жасалды, Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу мерзімділігі мен нысанына талдау жүргізілді. Директорлар кеңесі мүшелерінен, Корпоративтік хатшыдан сұхбат алынды.

Жүргізілген бағалау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметі тиімді және заңнама талаптары мен Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес деп танылды. Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсібилігі жоғары деңгейде бағаланды, олардың біліктілігі қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді, ал мінсіз іскерлік беделі осындай міндеттерді жемісті шешуге ықпал етеді.

Сондай-ақ Тәуелсіз директорларды «Операцияның тиімділігін басқару» және «Бизнестің тиімділігін басқару» тақырыптарына оқыту жүргізілді.

### 3-МІНДЕТ. БАСШЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫН ЖОСПАРЛАУ ИНСТИТУТЫН ЖӘНЕ КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫ МЕН ОНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ӨНІМДІ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ

2019 жылы Компанияның басшы қызметкерлері мен қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және бағалау тәртібін реттейтін ішкі құжаттар өзектендірілген.

Сонымен қатар, 2019 жылға Компанияның Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің түйінді көрсеткіштерінің карталары бекітілді.

Өткен жылы лауазымдарды грейдирлеуді енгізу арқылы бағалаудың жаңа жүйесіне көшу жүзеге асырылды, оның қорытындысы бойынша Компаниядағы басшылық позицияларға, оның ішінде орта буын басшыларының позицияларына Компания қызметкерлері қатарынан тағайындау жүргізілді.

### 4-МІНДЕТ. ҚЫЗМЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫН АРТТЫРУ

Ашықтық қағидатын сақтау мақсатында Компания жариялануға жататын ақпаратты тиісті интернет-ресурстарда уақтылы орналастыруды жүзеге асырады. Бұдан басқа, Компания «ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік сайтында орналастырылған ақпараттың өзектілігін және оның жаңартылуын қадағалайды.

Компанияның 2018 жылғы жылдық есебі бекітілді және корпоративтік сайтта әрі Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсында орналастырылды. «QRA» рейтингтік агенттігінің жылдық есептердің жыл сайынғы конкурсы аясында Компанияның 2018 жылғы жылдық есебі «Қаржы секторындағы Үздік жылдық есеп» номинациясы бойынша 3-ші орынға ие болды.



# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ-НЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ**

**АӨК дамытуға 103,4 млрд теңге инвестицияланды**

**Лизингке 98,5 млрд. теңге сомасына 5 893 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары берілді**

**2 231 клиент қаржыландырылды**

**Ауыл шаруашылығын қаржыландыруға 4 384 шарт жасалды**

**2000 жылдан 2019 жылға дейін АӨК-не инвестицияланды 798,1 млрд теңге**

**Клиенттердің Компания көрсеткен қызметтергее қанағаттанушылық индексі 92,1% құрады**

**2019 жылы Компанияның бүкіл тарихында ең көп таза табыс алынды, ол 9,2 млрд теңгені құрады**

Соңғы 6 жылда АӨК-гі жаңа инвестициялық жобаларды енгізуге және қолданыстағыларын жаңғыртуға бағытталған инвестициялар Компанияның меншікті және тартылған қаражаты есебінен жүзеге асырылады.



## ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛГЕН КЛИЕНТТЕР МЕН ЖАСАЛҒАН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫНЫҢ САНЫ

| | Клиенттер саны, бірл | Шарттар саны, бірл |
|---|---|---|
| 2017 | 1 091 | 1 909 |
| 2018 | 1 500 | 2 773 |
| **2019** | **2 231** | **4 384** |

Серпін Компания қызмет көрсеткен клиенттер мен жасалған қаржыланды-ру шарттарының жыл сайынғы өсімін көрсетеді.

## ИНВЕСТИЦИЯЛАР СЕРПІНІ, МЛРД ТЕҢГЕ

| | |
|---|---|
| 2017 | 44,7 |
| | +63% |
| 2018 | 72,7 |
| | +42% |
| **2019** | **103,4** |

# 469

**жобалар**

2017-2019 жж. кезеңде пайдаланымға енгізілді

## 2007-2019 ЖЫЛДАРЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ЖОБАЛАРДЫҢ БАҒЫТТАР БӨЛІНІСІНДЕГІ ӨҢІРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

| Бағыттар бөлінісіндегі өңірлік құрылым | Алматы қ. | Нұр-Сұлтан қ. | Ақмола облысы | Ақтөбе облысы | Алматы облысы | Атырау облысы | Шығыс Қазақстан облысы | Жамбыл облысы | Батыс Қазақстан облысы | Қарағанды облысы | Қостанай облысы | Қызылорда облысы | Павлодар облысы | Солтүстік Қазақстан облысы | Түркістан облысы | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Баламалы энергия көздері / күн электр станциясы | – | – | – | 1 | – | – | – | – | – | – | – | – | – | – | – | **1** |
| Астық қоймалары | 2 | – | 17 | – | – | – | – | – | – | – | 2 | 1 | 1 | 10 | 1 | **34** |
| Жем-шөп өндірісі | – | – | 8 | 4 | – | 1 | 5 | 4 | 2 | – | 3 | – | 5 | 3 | 1 | **36** |
| Тауарлы-сүт фермасы | 3 | – | 3 | 2 | 2 | – | 8 | 2 | 1 | – | 5 | 1 | 7 | 4 | 2 | **40** |
| ЕӨК | – | – | 1 | 1 | – | – | 1 | – | 1 | – | – | 1 | 1 | – | – | **6** |
| Көкөніс қоймалары | 2 | 3 | 4 | 1 | 3 | 3 | 3 | 1 | 1 | 3 | 4 | – | 10 | 3 | 5 | **46** |
| Бордақылау алаңы | 3 | – | 1 | – | 2 | – | – | 1 | – | 1 | – | 2 | 1 | – | 3 | **14** |
| Қайта өңдеу | – | 3 | 5 | 3 | 6 | 3 | 4 | 2 | 2 | 6 | 6 | 7 | 3 | 2 | 6 | **58** |
| Құс фабрикасы | – | – | 3 | – | 3 | 1 | 2 | 1 | – | 1 | 4 | – | – | 1 | 2 | **18** |
| Репродуктор | 1 | – | 11 | 3 | 10 | – | 14 | 6 | 10 | 7 | 11 | – | 7 | 18 | 3 | **101** |
| Балық өсіру кешені | – | – | – | – | – | 1 | 2 | 2 | – | 1 | – | – | – | – | – | **6** |
| Бақтар | 3 | – | – | – | – | – | – | 3 | – | – | – | – | – | – | 8 | **14** |
| Құрастыру өндірісі | – | – | – | – | – | – | 1 | – | 1 | 1 | – | – | – | – | 1 | **4** |
| Суару жүйелері | 4 | – | 4 | 1 | 4 | 13 | 1 | 10 | 3 | 5 | – | – | 9 | 4 | 7 | **65** |
| Жылыжайлар | 2 | 1 | 1 | 3 | 4 | – | – | 2 | – | 2 | – | – | – | – | 10 | **25** |
| Сойыс пункті | – | – | – | – | – | – | – | – | – | – | – | 1 | – | – | – | **1** |
| **Итого** | **20** | **7** | **58** | **19** | **34** | **22** | **41** | **34** | **21** | **27** | **35** | **13** | **44** | **45** | **49** | **469** |

2019 жылы Компания 6 инвестициялық жобаны пайдалануға берді, оның ішінде:

- өндірістік қуаты жылына 4,5 тонна ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін 3 кәсіпорын;
- өндірістік қуаты жылына 576 тонна суару жүйесін пайдаланатын 1 кәсіпорын;
- 15 000 тоннаға 1 астық қоймасы;
- өндірістік қуаты жылына 2,5 тоннаға 1 тауарлы-сүт фермасы.

Жобалардың жалпы құны 1,9 млрд теңгені құрады, оның ішінде ҚазАгроҚаржының қаржыландыру сомасы 1,6 млрд теңгені құрады. 2007-2019 жылдар аралығында жалпы құны 263,3 млрд теңге болатын 469 жоба пайдалануға берілді, оның ішінде ҚазАгроҚаржының қаржыландыру сомасы 189,8 млрд теңгені құрады.

### ҚАЗАГРОҚАРЖЫҒА БЕРГЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ ЛИЗИНГІ

| | 2017 ж. | | 2018 ж. | | 2019 ж. | | 2000-2019 жж. жиыны | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Техниканың атауы** | **бірл.** | **сомасы** | **бірл.** | **сомасы** | **бірл.** | **сомасы** | **бірл.** | **сомасы** |
| Егіс кешендері | 31 | 509 | 72 | 1 736 | 143 | 7 336 | 1 399 | 52 865 |
| Тракторлар | 788 | 9 432 | 1 032 | 15 592 | 1 713 | 30 859 | 14 428 | 122 098 |
| Комбайндар | 283 | 16 869 | 495 | 28 268 | 540 | 32 856 | 10 839 | 250 157 |
| Сепкіштер | 124 | 1 703 | 133 | 2 626 | 416 | 4 386 | 2 595 | 15 750 |
| Басқа техника | 1 150 | 7 830 | 1 550 | 12 762 | 3 073 | 23 017 | 19 027 | 102 431 |
| Жабдық | 24 | 3 807 | 144 | 1 987 | 8 | 58 | 604 | 58 897 |
| **Жиыны** | **2400** | **40 176** | **3 426** | **62 972** | **5 893** | **98 513** | **48 892** | **602 198** |

«ҚазАгроҚаржы» АҚ барлық жылдар жалпы сомасы 602,2 млрд.теңгеге 48,9 мың бірлік ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алуды қаржыландырды. Лизингке берілген техника 10 млн гектар егістік жерді өңдейді.

2019 жылы ҚАҚ 98,5 млрд теңге сомаға 5,9 мың бірлік техниканы қаржыландырды (2018 жылмен салыстырғанда техниканың негізгі түрлері бойынша өсім сандық көрсеткіште 72%-ды, ақшалай көрсеткіште 56%-ды құрады). Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректерін талдау қорытындылары бойынша Компания лизингке берген техниканың негізгі түрлерінің (комбайндар, тракторлар, егіс кешендері) үлесі бүкіл Қазақстан бойынша ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер сатып алған техниканың жалпы көлемінің 49%-ын құрайды.

### АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ЛИЗИНГ ҚҰРЫЛЫМЫ

| **Бағдарлама** | **Шарттар саны** | **Техника саны** | **Техниканың құны, млн теңге** | **Үлес, %** |
|---|---|---|---|---|
| Агротехника | 751 | 851 | 8 063,5 | 8,2% |
| Шебер-лизинг | 493 | 850 | 24 752,4 | 25,1% |
| Өз жем-шөбіміз | 456 | 531 | 2 429,9 | 2,5% |
| Экспресс-лизинг | 383 | 541 | 7 860,3 | 8,0% |
| Басқалары | 2277 | 3 120 | 55 406,7 | 56,2% |
| **Жиыны** | **4 360** | **5 893** | **98 512,8** | **100,0%** |

«Агротехника», «Шебер-лизинг», «Экспресс-лизинг» және «Өз жем-шөбіміз» арнайы бағдарламалары 2019 жылы неғұрлым талап етілген

### БИЗНЕС МӨЛШЕРІ БОЙЫНША КЛИЕНТТЕРДІҢ САНЫ, БІРЛ.




Компания қоржынындағы клиенттердің негізгі үлесін шағын және орта бизнес құрайды.

**2019 ЖЫЛЫ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ҚОРЖЫНДАҒЫ КЛИЕНТТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ, БІРЛ.**

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Түркістан облыстары клиенттерінің өңірлік картасында мыңға жуық клиент бар.



# ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

**ТЕҢГЕРІМНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ, МЛН ТЕҢГЕ**

| | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|---|---|
| **Активтер** | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | **20 581** | 44 798 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | **8 451** | |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | **11 179** | |
| Клиенттерге кредиттер | **36 930** | 43 004 |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек | **226 615** | 186 617 |
| Қаржылық жалдауға арналған мүлік | **7 705** | 10 740 |
| Негізгі құралдар | **464** | 996 |
| Басқа активтер | **13 811** | 12 779 |
| **Активтер жиыны** | **325 736** | 298 934 |
| **Міндеттемелер** | | |
| Жалғыз акционер алдындағы берешек | **54 136** | 67 232 |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | **75 934** | 41 808 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | **65 385** | 64 596 |
| Басқа міндеттемелер | **21 022** | 18 948 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **216 477** | 192 584 |
| **Меншікті капитал** | **109 259** | 106 350 |
| **ROA** | **2,95** | 2,31 |
| **ROE** | **8,54** | 6,43 |
| **Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)** | **1 311,95** | 1 277,14 |



***ҚазАгроҚаржы ауыл шаруашылығы секторындағы табысты операциялық қызметін, Компанияның қаржылық тұрақтылығын және жүйелі дамуын қамтып көрсететін оң қаржы көрсеткіштерін әлі де болса көрсетуде.***

**КІРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕПТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ, МЛРД ТЕҢГЕ**

| | 2019 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл, 2018 жылға %- бен |
|---|---|---|---|
| **Кірістер барлығы** | **33,3** | **27,59** | **120,7%** |
| оның ішінде: | | | |
| Сыйақылар түріндегі кірістер | **32,47** | **26,15** | **124,2%** |
| **Шығыстар барлығы** | **24,56** | **21,16** | **116,1%** |
| оның ішінде: | | | |
| Сыйақылар бойынша шығыстар | **16,69** | **13,61** | **122,6%** |
| Резервтер құру бойынша шығыстар | **1,21** | **2,82** | **42,9%** |
| КТС | **-0,47** | **-0,30** | **156,7%** |
| **Таза кіріс** | **9,21** | **6,73** | **136,8%** |

**ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ:**

**1. Капиталдандырудың жоғары деңгейі.**

Баланс құрылымындағы меншікті капиталдың үлесі Компания активтерінің 34%-ын құрайды, бұл Жалғыз акционер тарапынан қолдаудың, Компанияның табысты қызметінің және әртүрлі қаржы тәуекелдерін жоғары сіңіру қабілетінің салдары болып табылады.

**2. Рентабельділігі.**

Компания 2019 жылы 9,21 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алды, бұл 2018 жылға қарағанда 36,9%-ға көп. Капиталдың рентабельділігі 33%-ға, 8,54-ке дейін өсті.

**3. Өтімділіктің қолайлы деңгейі.**

Компания несие қоржынының тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін, кредиторлар алдындағы міндеттемелерді тиісінше орындау үшін өтімді қаражаттың жеткілікті деңгейін сақтап тұрады. 2020 жылғы 1 қаңтарға активтердегі өтімді активтердің үлесі 12,0%-ды құрады.

**4. Жоғары несие рейтингі.**

2020 жылғы 2 сәуірде Fitch Ratings ұзақ мерзімді рейтингін BB+ деңгейінде растады, болжамы «тұрақты». Агенттіктің «ҚазАгроҚаржы» АҚ жоғары рейтингтерін растауы еліміздің ауыл шаруашылығы секторын дамытудағы Компанияның маңызды рөлін көрсетеді.

**5. Қаржы тәуекелдерін тиімді басқару.**

Компанияда кредиттік, валюталық, баға тәуекелдерін және өтімділік тәуекелін уақтылы анықтауға, сенімді бағалауға және азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған.

**6. Пруденциалық нормативтерді сақтау.**

Компания өз қызметінің бүкіл тарихында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген пруденциалық нормативтердің бұзылуына жол бермеді. Барлық коэффициенттер бойынша елеулі қорлар бар.

# ДАМУ КЕЛЕШЕКТЕРІ

**2019 жыл «ҚазАгроҚаржы» АҚ үшін маңызды оқиғамен есте қалды – өткен жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы шықты, оған сәйкес Компания жекешелендіруге жататын объектілер тізімінен шығарылды. Бұл Компанияның ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда маңызды орын алатынын тағы да растайды.**

2019 жылдың қорытындысы бойынша жоспарланған мақсаттар мен міндеттерге «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2017-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясы қызметінің барлық 8 негізгі көрсеткіші бойынша қол жеткізілді.

**5,9**

**мың бірлік техника**

2019 жылы лизингке берілді

Компанияның 2020 жылғы қызметі «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2020-2029 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясымен бекітілген мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға бағытталатын болады.

АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес саланы қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету басым мақсаттардың бірі болып табылады. Машина-трактор паркін жаңарту үшін негізгі құрал лизинг болып қалуда, тиісінше, көрсетілетін ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі қызметтеріне жоғары тұтынушылық сұраныс байқалады.

Бүгінгі таңда ҚазАгроҚаржы лизинг нарығында жетекші орынға ие болып отыр және бюджеттік қорландырудың жоқтығына қарамастан, АӨК субъектілеріне басқа компаниялармен салыстырғанда неғұрлым тиімді шарттарда қаржыландыруды ұсынуды жалғастыруда. Серпін көрсетіп отырғандай, 2016–2018 жылдар аралығында Компания жыл сайын 3,1 мың бірліктен 3,4 мың бірлікке дейін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алып отырған, бұл елде жыл сайын сатып алынатын ауыл шаруашылығы техникасының жалпы санының шамамен 40%-ын құрайды. 2019 жылы лизингке рекордтық техника саны берілді – 98,5 млрд теңге сомасына 5 893 бірлік (2018 жылмен салыстырғанда өсім 72%-дан астам), бұл есепті жылы республика бойынша техниканы сатып алуға бағытталған ақшалай қаражаттың жалпы көлемінің шамамен 53%-ын құрайды.

Елімізде машина-трактор паркін жаңартуды қаржыландыруға сұраныстың жоғары болуын, сондай-ақ осы бағыт бойынша тәуекелдің біршама төмен деңгейін ескере отырып, Компания ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемін ұлғайтуға, өз қызметтерін көрсетуді жетілдіруге және Компания қызметінің тиімділігін арттыруға бағдар алды.

Қолда бар бәсекелік артықшылықтарын, тұрақты брендін пайдалана отырып, сондай-ақ клиентке бағдарланған жаңа тәсілдерді енгізе отырып, ҚазАгроҚаржы қазіргі клиенттерінің бейілділігін арттырып, жаңа клиенттерді тарта алады, сондай-ақ отандық шаруаларды қолдауға құнды үлес қоса алады.

АӨК субъектілерін лизинг арқылы ауыл шаруашылығы техникасымен және жабдықтармен қамтамасыз ету жолымен негізгі капиталға инвестицияларға Компания ресурстарын шоғырландыру паркті техникалық жарақтандырудың және аграрлық сектордағы еңбек өнімділігінің өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым міндеттерінің бірін іске асыруда «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның негізгі үлесіне айналмақ.

Қаржылық тұрақтылық пен қаражатты тиімді тартудың арқасында Компания жыл сайын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін жоғары өнімді заманауи техника мен жабдықтарды сатып алуға

инвестиция көлемін ұлғайтуды жалғастырады.

Техника лизингі бойынша инвестициялар көлемін жыл сайын ұлғайтуды қамтамасыз ету үшін қаржыландырудың әртүрлі көздерінен қажетті қаражатты тарту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілетін болады.

Сонымен қатар, Компания АӨК-дегі еңбек өнімділігін арттыру және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау бойынша 2019-2021 жылдарға арналған АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарын іске асыру шеңберінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін еңбек өнімділігін, сондай-ақ мемлекеттік субсидиялау бағдарламасына қатысу кезінде өнім экспорты көлемін ұлғайту бойынша қарсы міндеттемелер жүйесін енгізді.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын тұрақты түрде арттыру Компанияның тұрақты дамуы үшін маңызды шарттардың бірі болып табылады. «ҚазАгроҚаржы» АҚ клиентке бағдарланған саясатты іске асыру бойынша жұмысты жалғастыратын болады, оның шеңберінде клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін фронт-офис қызметкерлерін тұрақты негізде оқыту, кеңес беру және қызмет көрсету сапасына бақылау жүргізілетін болады. Клиентке бағдарланған стандарттарды енгізудің басты мақсаты – бұл өз клиенттерінің күткенінен асып түсуге ұмтылу және агробизнесте табысқа жетуге көмектесу.

Клиентке бағдарланған стандарттарды жетілдіру процесінде Компания көрсететін кредиттік қызметтерін ұсыну кезінде халықаралық тәжірибені, сондай-ақ сапаны бағалау бойынша клиенттерден кері байланыс алудың қазіргі заманғы тәсілдерін қолданатын болады.

Бұдан басқа, жыл сайын сауалнамалары жүргізу арқылы клиенттердің қанағаттанушылық деңгейіне бағалау жүзеге асырылатын болады. Ұсыныстар мен ескертулер қызмет көрсету процесін одан әрі жетілдіру кезінде ескерілетін болады.

Компания орта мерзімді перспективада өтінімдерді қабылдау мен қадағалаудың электрондық жүйесіне толығымен көшеді. Бұл жүйе клиенттерге қаржыландыруға онлайн-өтінім беруге мүмкіндік береді, бұл клиенттер үшін Компанияның көрсететін қызметтерінің қолжетімділігін арттырады және ол бойынша тіркеуден бастап шешім қабылдағанға дейін өтінімнің мәртебесін қадағалауға мүмкіндік береді.

Тұтынушылық сұранысқа бағдарланған лизингтік қызметтерді жетілдіру және дамыту қазіргі клиенттердің қанағаттанушылығын арттыруға және жаңа клиенттерді тартуға, сондай-ақ Компанияның отандық аграршыларды қолдауға бағалы үлесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Несие қоржынының сапасын арттыру, меншікті капитал мен активтерді пайдалану тиімділігін арттыру арқылы Компания қызметін жетілдіру бойынша шараларды іске асыру қызметтің кірістілігі мен инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқаруды дамыту қызметтің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Компанияның басқару органдарының белгіленген стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру барысында шешімдер қабылдауына елеулі әсер етеді.

Қызметтің ашықтығы және үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес корпоративтік басқару сыртқы және ішкі мақсатты аудитория тарапынан сенім несиесін арттыруға мүмкіндік береді, нәтижесінде бұл Компанияның рентабельділігінен, акциялардың бағасынан және имиджінен көрінетін болады.

Тиімді кадрлық саясатты жүзеге асыру Компанияға тиімділіктің дамуы мен өсуіне елеулі үлес қосуға қабілетті жоғары білікті кадрлар құрамын ұстап тұруға және тартуға, сондай-ақ адам ресурстарына инвестициялардан барынша мүмкін болатын қайтарымды алуға мүмкіндік береді.

Жинақтап алғанда осы іс-шаралар Компанияның АӨК лизингі нарығындағы орнын сақтап қалуға және қоржындағы қазіргі клиенттерінің санын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ


| | |
|---|---|
| Менеджменттің ұйымдық құрылымы | 67 |
| Корпоративтік басқару рейтингі | 68 |
| КБ кодексін сақтау туралы есеп | 68 |
| Бағалы қағаздар және қатысушылардың құрамы туралы мәліметтер | 72 |
| 2019 жылы Жалғыз акционердің негізгі шешімдері | 73 |
| Директорлар кеңесі | 74 |
| 2019 жылғы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер | 76 |
| Директорлар кеңесінің құрамы | 77 |
| Директорлар кеңесінің қызметі | 82 |
| Директорлар кеңесінің комитеттері | 84 |
| Іріктеу және тағайындау | 86 |
| Тәуелсіздік | 87 |
| Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту және кәсіби дамыту | 88 |
| Директорлар кеңесінің қызметін бағалау | 89 |
| Мүдделер қақтығысын басқару | 90 |
| Проблемалар туралы ақпараттандыру | 91 |
| Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы | 92 |
| Атқарушы орган | 93 |
| Ұйымдық құрылымы | 100 |
| Жасалуында мүдделілік бар мәмілелер туралы есеп, 2019 жылға | 102 |
| Басқарма мүшелерінің сыйақысы | 103 |
| Акционерлік капиталдың құрылымы | 103 |
| Дивидендтер | 104 |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | 106 |
| Корпоративтік этика | 108 |
| Ішкі бақылау жүйесі | 110 |
| Ішкі аудит қызметі | 112 |
| Сыртқы аудит | 113 |



**Корпоративтік басқаруды және шешім қабылдау жүйесін үнемі жетілдіру Компанияның нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды стратегиялық бағыты болып табылады.**

Компания менеджмент жүйесін корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесінің әлемдік стандарттарына келтіру жолымен корпоративтік басқару деңгейін арттыру бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізуді жалғастыруда.

Компанияның корпоративтік басқаруы әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсіпқойлық және біліктілік негізінде құрылады.

**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ:**

**1. АДАЛДЫҚ**

Компания Жалғыз акционердің құқықтарын қорғайды және оның құқықтарының бұзылуы анықталған жағдайда пәрменді шаралар қолданады.

**2. ЕСЕП БЕРУШІЛІК**

Компания Компанияның атқарушы органының Директорлар кеңесіне есеп беруін және Директорлар кеңесінің Жалғыз акционерге есеп беруін қамтамасыз етеді.

**3. ЖАУАПКЕРШІЛІК**

Компания Жалғыз акционердің заңды құқықтарын тануды қамтамасыз етеді, Компанияның қаржылық әл-ауқаты мен тұрақтылығы мәселелерінде Компания мен Жалғыз акционер арасындағы ынтымақтастықты көтермелейді.

**4. АШЫҚТЫҚ**

Компания мүдделі тұлғалардың шешімдеріне әсер етуі мүмкін барлық маңызды мәселелер бойынша ақпараттың уақтылы және дұрыс ашылуын қамтамасыз етеді.

# МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ





# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ РЕЙТИНГІ

**2019 жылдың қорытындысы бойынша Компания корпоративтік басқару деңгейіне диагностика жүргізді, оның нәтижелерін Жалғыз акционер растады.**

Корпоративтік басқаруды диагностикалау үш компонент бойынша жүргізілді: корпоративтік басқару құрылымы, корпоративтік басқару процестері және корпоративтік басқарудың ашықтығы. Компоненттердің әрқайсысы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның ішкі құжаттарына және корпоративтік басқару саласындағы әлемдік тәжірибе ұсынымдарына сәйкес келетін ішкі компоненттер мен өлшемдердің жиынтығын қамтиды.

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ДЕҢГЕЙІ «ОРТАША» ДЕП БАҒАЛАНЫП, 88,6%-ДЫ ҚҰРАДЫ.**

# КБ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

**Компания өз қызметінде Компанияның табысты қызметі үшін, оның ішінде оның құндылығының өсуі, қаржылық тұрақтылық пен пайдалылықты ұстап тұру үшін барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейтін Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.**

Корпоративтік басқару кодексінде 6 негіз қалаушы қағидатты сақтау көзделген: Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты, Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты, Компанияның дербес қызметінің қағидаты, Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен әділдігі қағидаты, заңдылық пен этика қағидаты, мүдделі тараптар алдындағы жауапкершілік қағидаты. 2019 жылғы талдау қорытындысы бойынша 5 қағидат толық көлемде сақталады, 1 қағидат бойынша ішінара сақтау байқалады.



| | | | |
|---|---|---|---|
| **Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты** | «ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқаруы Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және құрметтеуді қамтамасыз етеді және Компанияның тиімді қызметіне, оның ішінде Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және қаржылық тұрақтылықты қолдау бойынша қызметіне ықпал етеді. | **Сақталады** | Жалғыз акционердің құқықтары, міндеттері мен құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның Жарғысында айқындалған. Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл Жалғыз акционердің міндеттері, құзыреті және Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын қызмет туралы ақпаратты беру тәртібі бекітілген Компанияның Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.<br>Компанияның дивидендтік саясаты туралы ереже Компанияны басқаруға қатысуға байланысты Жалғыз акционердің құқықтарын, оның ішінде дивидендтер алу және таза табысты бөлуге қатысу құқықтарын регламенттейді. |
| **Директорлар кеңесі мен басқарманың компанияны тиімді басқару қағидаты** | Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционер мен Компания мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адал ниеттілік, адалдық, нақтылық және өз құзыреті шеңберінде жауапкершілік қағидаттарында құрылады. | **Сақталады** | Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің қызметі кәсіпқойлық, парасаттылық және сақтық, адалдық және әділдік қағидаттарына және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделеді.<br>2019 жылы Компанияның Директорлар кеңесі 14 отырыс өткізді, оның ішінде 11-і көзбе-көз нысанда және 3-і сырттай нысанда өткізілді, онда Компания қызметінің негізгі бағыттары бойынша мәселелер қаралды және шешімдер қабылданды.<br>2019 жылы «ҚазАгро» холдингі» АҚ 2018 жылғы «ҚазАгроҚаржы» АҚ-дағы корпоративтік басқаруға баға берді. |
| | Басқарма Компанияның міндеттерін шешу және Даму стратегиясын іске асыру мақсатында Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. | **Сақталады** | Компания Басқармасы ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асырады және Стратегияны, Даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты болады. Компания Басқармасы туралы ережеде Басқарманың құқықтары мен міндеттері нақты белгіленген.<br>2019 жыл ішінде Басқарманың 36 отырысы, көзбе – көз тәртіпте өткізілді, отырыстар тұрақты негізде – айдың әр онкүндігінде өткізілді.<br>2019 жылы Компания қызметінің барлық стратегиялық көрсеткіштері толық көлемде орындалды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Компанияның дербес қызметінің қағидаты** | Компания өз қызметін дербес жүзеге асырады. | **Ішінара сақталады** | Компанияның Жарғысына сәйкес Басқарма Компанияның қызметіне тиімді және нақты бақылауды жүзеге асырады және Жалғыз акционер мен мемлекеттің жедел қызметке араласуына ұшырамайды. Компания жыл бойы жұмысты дербес жоспарлайды , ішкі рәсімдер мен құжаттарды айқындайды, жобаларды қаржыландыру бойынша, сондай-ақ өзге операциялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.<br>Алайда, жыл ішінде Жалғыз акционердің Компанияның дербес қызметіне әсері байқалды, бұл Компанияның материалдық емес активтерді, негізгі құралдарды сатып алуға, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға қатысты Компания бюджетінің қаражатын жұмсауға тоқтам салудан байқалды. |
| **Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен әділдігі қағидаты** | Компания Жалғыз акционердің негізделген шешімдер қабылдауын қамтамасыз ету, сондай-ақ Компанияның қызметі туралы ақпаратты мүдделі тараптардың назарына жеткізу мақсатында Жалғыз акционер мен мүдделі тараптар алдында Компания туралы, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, оның қызметінің нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы шынайы ақпараттың уақтылы ашылуын қамтамасыз етеді. | **Сақталады** | Ақпаратты ашу нормаларын сақтау үшін Компания Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы, акционерлік қоғамдар саласындағы заңнамасын, листингілік ережелерді, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаулысын, сондай-ақ ақпаратты ашудың ашықтығы саласындағы өзге де құжаттарды басшылыққа алады.<br>Компания мүдделі тараптардың назарына Қазақстан қор биржасының интернет-ресурстары, Қаржылық есептілік депозитарийі, корпоративтік, «ҚазАгро» холдингінің интернет-ресурсы мен порталы арқылы корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жеткізеді.<br>2019 жылы Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсында 85 корпоративтік оқиға туралы, Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында – 42 корпоративтік оқиға туралы ақпарат орналастырылды. Көрсетілген уақыт кезеңінде Компания заңнамамен белгіленген ақпаратты ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған. 2019 жылы Компанияның корпоративтік интернет-ресурстарында Компанияның кредиттік және өзге қызметін реттейтін заңнама нормаларының, ішкі құжаттардың өзгеруіне байланысты барлық қойындылар тұрақты негізде өзектілендіріліп тұрады. Корпоративтік интернет-ресурстарда ақпаратты орналастыру бойынша бұзушылықтар тіркелмеген.<br>Компанияның Жалғыз акционері – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 7 тамыздағы №34 шешімімен Компанияның 2018 жылдың қорытындысы бойынша жылдық есебі бекітілді. Жылдық есептің құрылымы Компанияның ақпараттық саясатына және «Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген Листингілік ережелерге сәйкес жасалды. Жылдық есепте Компания қызметінің теңдестірілген көрінісі, оның ішінде есепті кезеңнің қорытындылары бойынша тұжырымдар және одан туындайтын одан кейінгі іс-қимылдар ұсынылған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Заңдылық және этика қағидаты** | Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына, жалпы қабылданған іскерлік әдеп қағидаттарына, Компания Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және өзінің шарттық міндеттемелеріне қатаң сәйкес әрекет етеді. | **Сақталады** | Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және басқа да ішкі құжаттарға сәйкес әрекет етеді. Компания заңнамалық актілердің өзгерістерін бақылау және Компанияның ішкі құжаттары мен үлгі шарттарын уақтылы өзектендіру бойынша тұрақты және жоспарлы қызметті жүзеге асырады. Сондай-ақ Компанияда комплаенс-тәуекелдерді басқару процесі жұмыс істейді.<br>Компанияда Корпоративтік этика кодексі жұмыс істейді, ол Компанияның барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына қатысты қолданылады. Компания Компанияның барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының Корпоративтік этика кодексімен танысуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Кодекс ережелерін үнемі жаңарту және оны білуін тексеру үшін шаралар қолданады. |
| **Мүдделі тараптар алдындағы жауапкершілік қағидаты** | Компания барлық мүдделі тараптардың құқықтарын мойындайды және құрметтейді және өзінің дамуы мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында олармен ынтымақтастыққа ұмтылады. Мүдделі тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өз құқықтарының бұзылғаны үшін өтемақы алуға мүмкіндігі болуы тиіс. Мүдделі тарап корпоративтік басқару процесіне қатысқан жағдайда мүдделі тарап уақтылы және тұрақты негізде елеулі, жеткілікті және сенімді ақпаратқа қол жеткізе алуы тиіс. Мүдделі тараптар Басқарманың заңнаманы немесе Компанияның ішкі құжаттарын бұзғаны туралы Директорлар кеңесіне еркін хабарлау мүмкіндігіне ие болуы тиіс және мұндай хабарлама болған жағдайда олардың құқықтарына қысым жасалмауы тиіс. | **Сақталады** | Компания өз қызметінде Компанияның табысты қызметі үшін, оның ішінде оның құндылығының өсуі, қаржылық тұрақтылық пен пайдалылықты ұстап тұру үшін барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейтін Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.<br>Компанияның Интернет-ресурсы мүдделі тұлғалардың көпшілігі үшін ақпараттың негізгі және ең қолжетімді көзі болып табылады. Осыған байланысты ол барынша мүмкін болатын жария ақпаратты қамтиды, ол жақсы құрылымдалған, навигация үшін ыңғайлы және барлық мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді. Компанияның интернет-ресурсында мүдделі тұлғалардың Компания туралы жалпы түсінік алуы үшін барлық қажетті және керекті ақпарат орналастырылған. |

# БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның Жалғыз акционері «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады.**

«ҚазАгро» холдингі» АҚ мемлекеттік саясатты іске асыру және АӨК-дегі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасы АӨК-нің тұрақты экономикалық өсуіне жәрдемдесуді жүзеге асыруға арналған.

**«ҚазАгро» холдингінің негізгі стратегиялық даму бағыттары:**

- АӨК-де тұрақтандыру функцияларын іске асыруға қатысу;
- АӨК-де бәсекеге қабілеттілікті дамытуға жәрдемдесу;
- АӨК- не инвестицияларды тарту және қаржыландыруға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және кредиттік процестің тиімділігін арттыру мақсатында «ҚазАгро» холдингін трансформациялау.

Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл Жалғыз акционердің міндеттері, құзыреті және оның мүдделерін қозғайтын Компания қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі бекітілген Компанияның Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған жай акцияларының саны – 82 837 204, орналастырылған жай акциялары – 82 837 204.

Компанияның дивидендтік саясаты туралы ереже Жалғыз акционердің «ҚазАгроҚаржы» АҚ-н басқаруға қатысуға байланысты құқықтарын, оның ішінде дивидендтер алу және таза табысты бөлуге қатысу құқықтарын регламенттейді. 2019 жылдың маусымында 2018 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша Компания Жалғыз акционерге 6 728 372 191,80 теңге мөлшерінде дивиденд төледі.

# 2019 ЖЫЛЫ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ НЕГІЗГІ ШЕШІМДЕРІ

- Компания Жарғысына өзгерістер енгізу.
- Жылдық қаржылық есептілікті бекіту.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ жылдық есебін бекіту.
- Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2019 жылғы қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау.



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

**Директорлар кеңесі – заңнамамен және (немесе) Компания Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне және Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы.**

Директорлар кеңесі өз функцияларын Компанияның Жарғысына сәйкес жүзеге асырады және келесі мәселелерге ерекше көңіл бөледі:

- Компанияның даму стратегиясын анықтауға (бағыттары мен нәтижелері);
- Даму жоспарының ҚТК қоюға және мониторингіне;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыруға және қадағалауға;
- Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде негізгі стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекітуге және мониторингтеуге;
- Басқарманы сайлауға, сыйақыға, сабақтастықты жоспарлауға және қызметін қадағалауға;
- Компанияда Корпоративтік басқару кодексін және іскерлік этика туралы ішкі құжаттарды сақтауға.

Директорлар кеңесінің құрамы теңдестірілген, оның ішінде оның мүшелерінің біліктілігі, олардың тәжірибесі, білімі мен іскерлік қасиеттері бойынша теңдестірілген болып табылады және Жалғыз акционердің сеніміне ие болады.

Директорлар кеңесінің мүшелері мінсіз іскерлік беделге, ауыл шаруашылығы саласында, экономикада және бизнесті басқаруда, сондай-ақ құқықтану саласында білімге, дағдыларға және тәжірибеге ие.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына 5 адам кірді, оның ішінде Директорлар кеңесінің 2 мүшесі тәуелсіз директорлар болды. Директорлар кеңесінің ұсынылған құрамының өкілеттігі 2021 жылғы 26 маусымда аяқталады.

| 2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ | | Шешімнің күні мен нөмірі |
|---|---|---|
| **Тасжүреков Ербол Қуанышұлы** | «ҚазАгро» холдингі» АҚ басқарушы директоры – Директорлар кеңесінің төрағасы, Жалғыз акционердің өкілі | Жалғыз акционердің 2019 жылғы 9 тамыздағы №35 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалды |
| **Избастин Қаныш Теміртайұлы** | Басқарма төрағасы -Директорлар кеңесінің мүшесі | Жалғыз акционердің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі №59, 2018 жылғы 26 маусымдағы №41 шешімдерімен Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалды |
| **Жуанышбаева Айгүл Кеңесбекқызы** | Жалғыз акционердің өкілі -Директорлар кеңесінің мүшесі | Жалғыз акционердің 2019 жылғы 30 қазандағы №49 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалды |
| **Оразбаев Руслан Сағадатұлы** | тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі | Жалғыз акционердің 2019 жылғы 8 мамырдағы №17 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалды |
| **Мадиев Сержан Нұраханұлы** | тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі | Жалғыз акционердің 2019 жылғы 1 қарашадағы №50 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалды |

**САНАТЫ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ,%**




**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ГЕНДЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ, АДАМ САНЫ**




**КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕГІ ЖҰМЫС МЕРЗІМІ, АДАМ САНЫ**




**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ ҚАРАЙ ҚҰРЫЛЫМЫ, АДАМ САНЫ**






# 2019 ЖЫЛҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

1. Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде Ж. А. Мунжасаровтың, А.К Өтеуловтың өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, Жалғыз акционердің 2019 жылғы 8 мамырдағы шешімімен Директорлар кеңесінің келесі мүшелері сайланды:

   Жұмашов Данияр Бимұратұлы – Директорлар кеңесінің төрағасы;

   Оразбаев Руслан Сағадатұлы – тәуелсіз директор.

2. Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде Д.Б. Жұмашовтың, Н. Ш. Қарнақованың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, Жалғыз акционердің 2019 жылғы 9 тамыздағы шешімімен Директорлар кеңесінің келесі мүшелері сайланды:

   Тасжүреков Ербол Қуанышұлы – Директорлар кеңесінің төрағасы;

   Қараулов Қанат Серікұлы – Жалғыз акционердің өкілі – Директорлар кеңесінің мүшесі.

3. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде К.С.Қарауловтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, Жалғыз акционердің 2019 жылғы 30 қазандағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі сайланды:

   Жуанышбаева Айгүл Кеңесбекқызы – Жалғыз акционердің өкілі – Директорлар кеңесінің мүшесі.

4. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Е. Б. Орынбаевтың өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, Жалғыз акционердің 2019 жылғы 01 қарашадағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі сайланды:

   Мадиев Сержан Нұраханұлы – тәуелсіз директор.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



## ТАСЖҮРЕКОВ ЕРБОЛ ҚУАНЫШҰЛЫ

***Жалғыз акционердің өкілі — Директорлар кеңесінің Төрағасы***

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбеген

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – иеленбеген

**1979 жылы 25 маусымда туған**

**Азаматтығы – Қазақстан Республикасы**

**Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы – 2019 жылғы 9 тамызда**

Қазіргі уақыттағы қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

**БІЛІМІ:**
- М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Қаржы және несие» мамандығы бойынша,
- Х. А. Яссауи атындағы мемлекеттік халықаралық қазақ-түрік университетін «құқықтану» мамандығы бойынша,
- Мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі дәрежесі беріле отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын және мемлекеттік саясат магистрі дәрежесі беріле отырып Франция әкімшілігінің Ұлттық мектебін («Болашақ» бағдарламасы) бітірген.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**
- Еңбек жолын 1998 жылы бастады.
- Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінде, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінде басшылық және басқарушылық лауазымдарда жұмыс істеді.
- Тағайындалғанға дейін Түркістан облысы әкімінің орынбасары болып жұмыс істеді.
- 2019 жылғы 26 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгро» холдингі» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.



# ИЗБАСТИН ҚАНЫШ ТЕМІРТАЙҰЛЫ

***Басқарма Төрағасы***

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбеген

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – иеленбеген

**1981 жылы 20 сәуірде туған**

**Азаматтығы – Қазақстан Республикасы**

**Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы – 2015 жылғы 10 қыркүйекте, 2018 жылғы 26 маусымда**

Қазіргі уақыттағы қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі – жоқ

**БІЛІМІ:**

- Ресей СІМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты, Орталық Азия университеті

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

- 2007 жылғы қаңтардан сәуірге дейін – «ҚДБ-Лизинг» АҚ басқарушы директоры.
- 2007 жылдың сәуір айынан 2008 жылдың сәуір айына дейін – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.
- 2008 жылдың сәуірінен 2012 жылдың мамырына дейін – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2012 жылғы мамырдан қарашаға дейін – «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2013 жылдың қаңтарынан 2015 жылдың қыркүйегіне дейін – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры.
- 2015 жылдың 3 қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін – ҚазАгроҚаржының Басқарма Төрағасы.



# ЖУАНЫШБАЕВА АЙГҮЛ КЕҢЕСБЕКҚЫЗЫ

***Жалғыз акционердің өкілі — Директорлар кеңесінің мүшесі***

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбеген

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – иеленбеген

**1985 жылы 4 желтоқсанда туған**

**Азаматтығы – Қазақстан Республикасы**

**Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы – 2019 жылғы 30 қазанда**

Қазіргі уақыттағы қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

**БІЛІМІ:**

- 2008 жыл – Қазақ гуманитарлық заң академиясы, «қаржы бакалавры» біліктілігі.
- 2010 жыл – Халықаралық бизнес университеті, «есеп және аудит магистрі» біліктілігі.
- 2018 жыл – «Бизнес тиімділігін басқару» CIMA дипломы.
- 2018 жыл – DipIFR – Diploma in International Financial Reporting.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

- 2013 жылдан 2014 жылға дейін – «Алматы қаласы Көлік холдингі» ЖШС Экономика және бухгалтерлік есеп бөлімінің бастығы.
- 2016 жылдан 2017 жылға дейін – «Energy Solution Center» ЖШС экономисі.
- 2017 жылдан бастап 2018 жылға дейін – «Самұрық-Энерго» АҚ Жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің бас менеджері.
- 2018 жылдан 2019 жылға дейін – Инвестициялық талдау департаментінің директоры / Инвестициялық талдау қызметінің бастығы / «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ жобалар мониторингі департаментінің директоры.
- 2019 жылдың сәуірінен тамызына дейін – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Активтер мониторингі департаментінің директоры / Жобалар мониторингі департаментінің директоры.
- 2019 жылғы тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгро» холдингі» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.



# ОРАЗБАЕВ РУСЛАН САҒАДАТҰЛЫ

***Тәуелсіз директор — Директорлар кеңесінің мүшесі***

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбеген

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – иеленбеген

**1983 жылы 7 сәуірде туған**

**Азаматтығы – Қазақстан Республикасы**

**Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы – 2019 жылғы 16 мамырда**

Қазіргі уақыттағы қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі – тәуелсіз директор, «Қаржы орталығы» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

**БІЛІМІ:**

- 2004 жыл – С. Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университеті, «қаржы және несие» мамандығы
- 2007 жыл – Еуразиялық гуманитарлық институты, «құқықтану» мамандығы.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

- 2015 жылғы сәуір – 2017 жылғы қаңтар – өңірлік басқарушы директор, «Астана Банкі» АҚ Нұр-Сұлтан қ.филиалының директоры.
- 2016 жылғы қараша – 2017 жылғы қаңтар – «Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі.
- 2017 жылғы қаңтар – наурыз – «NEXUM» ЖШС заң компаниясы бас директорының орынбасары.
- 2017 жылғы қаңтар – 2018 жылғы қаңтар – «Стандарт» сақтандыру компаниясы» АҚ атқарушы директоры.
- 2017 жылғы сәуір – қазан – «Астана банкі» АҚ вице-президенті, Нұр-Сұлтан қ.
- 2017 жылғы қазан – 2018 жылғы қазан – «Астана Банкі» АҚ басқарушы директоры, Нұр-Сұлтан қ.
- 2018 жылғы 6 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «АВТОКЭШ» ломбарды» ЖШС директоры.



**1983 жылы 23 қаңтарда туған**

**Азаматтығы – Қазақстан Республикасы**

**Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы – 2019 жылғы 1 қарашада**

Қазіргі уақыттағы қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі – жоқ

# МАДИЕВ СЕРЖАН НҰРАХАНҰЛЫ

***Тәуелсіз директор — Директорлар кеңесінің мүшесі***

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбеген

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – иеленбеген

**БІЛІМІ:**

- 2002 жыл – University of Wisconsin, «банк ісі» мамандығы.
- 2005 жыл – Гумилев ат. ЕҰУ, «халықаралық экономика» мамандығы.
- 2007 жыл – Warwick Business School, «қаржы» мамандығы.
- 2013 жыл – CFA Institute, «қаржы» мамандығы.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ жетекші қазынашылық маманы, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ құрылымдық қаржыландыру басқармасының менеджері, «АӨҚО» АҚ қаржы-экономикалық департаментінің директоры, «АӨҚО» АҚ қаржылық консалтинг және инвестициялық талдау департаментінің директоры, «ЕТС» тауар биржасы» АҚ басқарушы директоры, «ЕТС» тауар биржасы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік қаржы департаментінің директоры, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры.
- 2016 жылдың шілдесінен бастап 2017 жылға дейін – «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2018 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Documentolog» ЖШС Бас директорының қаржы мәселелері жөніндегі орынбасары.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

**Директорлар кеңесінің қызметі кәсіпқойлық, парасаттылық және сақтық, адалдық және әділдік қағидаттарына, Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделеді.**

2019 жылы Директорлар кеңесінің 14 отырысы өткізілді, оның ішінде 11-і көзбе-көз нысанда және 3-і сырттай нысанда өткізілді. 134 мәселе қаралды.

**2019 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫ**




Негізгі қабылданған шешімдер келесі мәселелерге қатысты болды:

- 2018 жылғы Даму стратегиясы мен Даму жоспарының орындалуы бойынша есепті бекіту;
- Директорлар кеңесінің жұмысына бағалау жүргізу, жұмыс нәтижелерін қарау, сондай-ақ Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды талқылау;
- Компанияның Ішкі аудит қызметінің 2018 жылғы жұмысы туралы есебін қарау;
- Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері туралы есепті қарау;
- 2020 жылға арналған Тәуекелдер тізілімін және Тәуекелдер картасын бекіту;
- Корпоративтік басқару кодексі мен ақпаратты ашу процестерінің ашықтығы мен тиімділігіне байланысты мәселелерді іске асыру жөніндегі ақпаратты ұстану туралы есепті қарау;
- Жасалуында мүдделілік бар мәмілелер туралы есепті қарау;
- Стратегиялық жоспарлау, ақпараттық ашықтық, кредиттік саясат, Компанияның қаржыландыру шарттары мәселелері бойынша ішкі құжаттарды бекіту.

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

| Т.А.Ә. | Директорлар кеңесінің отырыстары | Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстары | Ішкі аудит жөніндегі комитеттің отырыстары | Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырыстары |
|---|---|---|---|---|
| Мунжасаров Ж.А. | 2/2 | | | |
| Қарнақова Н.Ш. | 7/7 | | | |
| Избастин К.Т. | 13/14 | | | |
| Жұмашов Д.Б. | 5/5 | | Қатыспайды | |
| Тасжүреков Е.К. | 7/7 | | | |
| Қараулов К.С. | 2/2 | | | |
| Жуанышбаева А.К. | 5/5 | | | |
| Орынбаев Е.Б. | 10/10 | 8/8 | 6/6 | 8/8 |
| Өтеулов А.К. | 2/2 | 2/2 | 1/1 | 2/2 |
| Оразбаев Р.С. | 12/12 | 8/8 | 5/5 | 8/8 |
| Мадиев С.Н. | 4/4 | 2/2 | 1/1 | 3/3 |

2019 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырыстарына, оның ішінде сырттай дауыс беруге 100% қатысуы атап өтіледі (дәлелді себеппен болмаған 1 жағдайдан басқа).

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ



## Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті

Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің функцияларына қаржылық есептілік, сыртқы аудит, ішкі аудит, заңнаманы сақтау, есептілік және қызметті бағалау және басқа мәселелер бойынша ұсынымдарды алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне ұсыну кіреді.

**ІШКІ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ:**

- **Комитет төрағасы – Мадиев Сержан Нұраханұлы;**
- **Комитет мүшесі – Оразбаев Руслан Сағадатұлы.**

2019 жылы Ішкі аудит комитеті барлығы 7 отырыс өткізіп, 34 мәселені қарады.

Комитет отырыстарында мынадай негізгі мәселелер қаралды:

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ ІТ-аудитінің нәтижелері туралы есепті қарау туралы;
- Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері туралы есепті қарау туралы;
- 2018 жылғы жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту туралы;
- 2018 жылғы Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есепті қарау туралы;
- Ішкі аудит қызметі мен оның қызметкерлерінің 2018 жылғы қызметінің тиімділігін бағалау туралы;
- Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ережені жаңа редакцияда бекіту туралы;
- Ішкі аудит қызметінің 2019 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын жаңа редакцияда бекіту туралы;
- Есеп саясатын жаңа редакцияда бекіту туралы;
- 2019 жылғы жылдық қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін анықтау туралы.

## Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеті

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитетінің функцияларына стратегиялық жоспарлау, инвестициялық және инновациялық қызмет, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, есептілік, қызметті бағалау және басқа да мәселелер бойынша ұсынымдарды алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне ұсыну кіреді.

**СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ:**

- **Комитет төрағасы – Оразбаев Руслан Сағадатұлы;**
- **Комитет мүшесі – Мадиев Сержан Нұраханұлы.**

«ҚазАгро» холдингі» АҚ қызметкерлері арасынан сарапшылар:

- Оразымбетова Дина Бахтиярқызы, Стратегиялық талдау және инновациялар орталығының директоры;
- Бекенова Айгүл Жамбырбайқызы, Бюджеттік жоспарлау және жиынтық талдау департаментінің бас менеджері;
- Жәкежанов Марлен Жүсіпұлы, Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры;



- Омаров Алпамыс Әміржанұлы, АӨК дамыту бағдарламаларының мониторингі департаментінің директоры;
- Қайырденова Әсемгүл Ағбайқызы, Жобалар мониторингі департаментінің директоры;
- Көбайдаров Марат Нұрашұлы, ЕТҰ ДК сүйемелдеу департаментінің бас менеджері.

2019 жылы Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер комитеті барлығы 10 отырыс өткізіп, 71 мәселені қарады.

Комитет отырыстарында мынадай негізгі мәселелер қаралды:
- Даму жоспарының орындалуы бойынша есептерді бекіту туралы;
- Корпоративтік басқару кодексі мен ақпаратты ашу процестерінің ашықтығы мен тиімділігіне байланысты мәселелерді іске асыру жөніндегі ақпаратты ұстану туралы есепті қарау туралы;
- Ақпаратты ашу процестерінің ашықтығы мен тиімділігіне байланысты мәселелерді іске асыру жөніндегі ақпарат;
- Комплаенс қызметі туралы ережені бекіту туралы.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты жаңа редакцияда бекіту туралы
- Комплаенс-саясатты бекіту туралы
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды бекіту туралы
- Бұзушылықтар туралы хабарлау саясатын бекіту туралы
- 2018 жылғы Даму стратегиясының орындалуы жөніндегі есепті бекіту туралы;
- Қабылданған тәуекелдердің жай-күйі туралы есепті бекіту туралы;
- Жалпы қаржыландыру шарттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы;
- Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты жаңа редакцияда бекіту туралы;
- Директорлар кеңесінің жұмысын бағалау нәтижелерін қарау, жұмыстың нәтижелілігін төмендететін факторларды анықтау және оның қызметінің тиімділігін арттыру бойынша шараларды талқылау туралы;
- Салықтық есеп саясатын жаңа редакцияда бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2017-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы;
- 2020 жылға арналған бюджетті бекіту туралы;
- 2020 жылға арналған Тәуекелдер тізілімін және Тәуекелдер картасын бекіту туралы;
- Директорлар кеңесінің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

## Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті

Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің функцияларына біліктілік талаптары, кандидаттарды бағалау, сабақтастықты жоспарлау, қызметті бағалау, сыйақы жүйесі және басқа да мәселелер бойынша алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру кіреді.

**ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР, КАДРЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ:**

- **Комитет төрағасы – Оразбаев Руслан Сағадатұлы;**
- **Комитет мүшесі – Мадиев Сержан Нұраханұлы.**

«ҚазАгро» холдингі» АҚ қызметкерлері арасынан сарапшылар:

- Дәрібаев Айдын Көпжасарұлы – Адам ресурстарын басқару департаментінің бас менеджері;
- Көбайдаров Марат Нұрашұлы, ЕТҰ ДК Сүйемелдеу департаментінің бас менеджері.

2019 жылы Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет барлығы 11 отырыс өткізді, 41 мәселені қарады.

Комитет отырыстарында мынадай негізгі мәселелер қаралды:

- Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің, Комплаенс қызметінің, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің және корпоративтік хатшының еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережені бекіту туралы;
- Ұйымдық құрылымды жаңа редакцияда бекіту туралы;
- Штат санын бекіту туралы;
- Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің 2019 жылға арналған қызметтерінің түйінді көрсеткіштерінің карталарын бекіту туралы.

# ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУ

**Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер белгілейді. Кандидаттарды іздеу мен іріктеуді Компания да, Жалғыз акционер де дербес жүргізе алады.**

Кандидаттарды іздеу, іріктеу және сайлау тәртібі мынадай кезеңдерді қамтиды:

- директорларды іріктеу қажеттілігін анықтау;
- біліктілік талаптарына сәйкес келетін кандидаттарды іздеу;
- кандидаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін алдын ала бағалау;
- кандидаттарды Жалғыз акционердің қарауы және сайлауы.

Тәуелсіз директорларды іріктеу кезінде Компания Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарын басшылыққа алады, ол кандидаттарды тәуелсіз директор лауазымына конкурстық негізде іздеу және іріктеу, сондай-ақ Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің кандидаттарды алдын ала біліктілік тұрғыда бағалауын жүргізу рәсімін айқындайды.

# ТӘУЕЛ-СІЗДІК

**Компанияның Директорлар кеңесінің құрамында келесі талаптарға сәйкес келетін екі тәуелсіз директор бар, олар:**

- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20-тармағына сәйкес тәуелсіз директор мәртебесіне сәйкес келеді;
- Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін өздерінің тәуелсіз директор мәртебелері туралы жария түрде мәлімдеді;
- жоғары білімдері және «магистр» дәрежелері / басқару (менеджмент) саласында қосымша білімдері бар;
- тиісті жұмыс тәжрибелері бар;
- корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін енгізу, кейіннен Компанияның дамуына елеулі үлес қосатын Компания қызметінің көрсеткіштерін жақсарту бойынша практикалық жұмыс тәжірибелері бар;
- тәуелсіз директордың функционалдық міндеттеріне байланысты белгілі бір салаларда арнайы дағдыларға, Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелікке, жеткілікті дамыған коммуникативтік дағдыларға ие, жұмыста ашықтық, әділдік, сындарлылық және кәсіпқойлық қағидаттарына негізделеді;
- операциялардың көлемі мен сипаты жағынан Компаниямен ұқсас ұйымдарға тән негізгі мәселелер туралы жалпы ақпаратты меңгерген;
- ұсынылған ақпаратты кешенді талдауға және әділдікпен бағалауға және заңдылық, шынайылық және барлық акционерлерге тең қарым-қатынас қағидаттары негізінде мәселе бойынша тәуелсіз ұстанымды әзірлеуге қабілетті. Өз пікірін білдіреді және көпшілік пікірінен өзгеше болса да, оны ұстанады;
- іскерлік және/немесе салалық ортада мінсіз беделге/оң жетістіктерге ие, жоғары этикалық нормаларды ұстанады;
- Директорлар кеңесінің жұмысына тек Директорлар кеңесінің отырыстары өтетін уақытта ғана қатысу үшін емес, сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды тиісінше зерделеу үшін жеткілікті уақыттары бар;
- басқа Компаниялардың 4-тен артық Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылмайды.

**Мынадай тұлға тәуелсіз директорға кандидат бола алмайды:**

1. бұрын белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін 1 жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері лауазымын атқарған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 жыл ішінде қолданылады;
2. Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
3. Директорлар кеңесіндегі жұмыстан басқа, акцияларға ие акционерлермен, Басқарма мүшелерімен қандай да бір қарым-қатынастармен байланысты;
4. бәсекелес ұйымның лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болып табылатын.



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАМЫТУ

**Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері сыртқы және ішкі оқыту бағдарламаларына, семинарлар мен тренингтерге, форумдарға және т. б. қатыса отырып, Директорлар кеңесінің құзыреті мәселелері бойынша және сабақтас мәселелер бойынша өз біліктілігін арттыруға міндетті.**

Компанияның Директорлар кеңесі көпшілік дауыспен Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің немесе оның жекелеген мүшелерінің біліктілігін арттырудың жылдық жоспарын бекіту арқылы Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мен оның комитеттері мүшелерінің қызметін жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруда анықталған қажеттілік негізінде Компания қаражаты есебінен Директорлар кеңесі мүшелерінің немесе Компанияның Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің сұрауы бойынша біліктілігін арттыру туралы шешім қабылдайды.

2019 жылы екі тәуелсіз директор Орынбаев Е.Б. және Оразбаев Р.1 «Операциялар тиімділігін басқару» және Р2 «Бизнес тиімділігін басқару» курстары бойынша оқудан өтті.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

**Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Директорлар кеңесі жауапкершілігінің негізгі салаларына кешенді талдау алу мақсатында Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.**

Бағалау Директорлар кеңесі мен оның комитеттері қызметінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және талдау жүргізуге және Директорлар кеңесінің жұмысына түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бағалау сыйақы тиімділігін және оқуға деген қажеттілікті анықтауға, Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бағалау өз күшімен, сондай-ақ консультанттарды, кәсіби қауымдастықтарды және корпоративтік басқару рейтингтерін беретін ұйымдарды тарта отырып жүргізілуі мүмкін.

Компанияның Директорлар Кеңесінің қызметіне бағалау жүргізудің негізгі қағидаттары:

1. тұрақтылық (тұрақты бағалау жүргізу);
2. кешенділік (Директорлар кеңесі мен оның комитеттерін, Директорлар кеңесі төрағасын, корпоративтік хатшыны және әрбір жеке директорды бағалау);
3. үздіксіз жақсарту (жетілдіру, Директорлар кеңесі жұмысының құндылығы мен үлесін арттыру);
4. шынайылығы (директор қабылдайтын нақты жағдайдың көрінісі);
5. құпиялылық (нәтижелер тек жалпыланған түрде беріледі).

Компанияның Директорлар кеңесі 2019 жылғы 27 мамырда Корпоративтік даму департаменті қызметкерлерінің және корпоративтік хатшының өз күшімен Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға және ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне сауалнама жүргізу, сұхбат алу арқылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің жұмысына бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады.Жүргізілген бағалау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметі тиімді және заңнама талаптарына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес деп танылды. Директорлар кеңесінің сандық құрамы Компания қызметінің ауқымына, күрделілігіне және ерекшелігіне сәйкес келеді, директорлар саны Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті.

Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіпқойлығы жоғары деңгейде бағаланды, олардың біліктілігі қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді, ал мінсіз іскерлік беделі осындай міндеттерді жемісті шешуге ықпал етеді.

Жүргізілген бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында қаралып, назарға алынды.

# МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ

**Компания Компания мен мүдделі тараптардың мүддесі үшін шешімдер қабылдаудың әділ, объективті және тәуелсіз процесін қамтамасыз ету есебінен Компания органдары қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыруға ұмтылады.**

ҚазАгроҚаржы Компаниядағы қақтығыстарды реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы мәселелер шеңберінде Компания органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-қимылын реттейтін Компаниядағы корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығыстарын реттеу жөніндегі ережелерді басшылыққа алады.

Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығыстарына қатысты Компания олардың пайда болуының алдын алу және олар туындаған жағдайда оларды басқару қағидатын ұстанады.

Қақтығыстарды болдырмау мақсатында Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері міндетті, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының, Компанияның Жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Компания қызметі туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыруға;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тәуекелдері мен кемшіліктерін анықтауға қатысуға;
- кәсіби этика қағидаларын сақтауға ықпал етуге және т. б.

Корпоративтік қақтығыстарды шешу үшін Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері корпоративтік хатшыны өтініш беру арқылы қақтығыстың болуы (туындауы) туралы уақтылы хабардар етуі тиіс.

Корпоративтік хатшы келіп түскен өтінішті Компанияның Директорлар кеңесіне немесе Басқармасына құзыретіне сәйкес жібереді.

Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративтік қақтығыстарды реттеуді жүзеге асырады.

Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда қатысушылар Жалғыз акционердің құқықтарын, сондай-ақ Компанияның іскерлік беделін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер жолымен оларды шешу жолдарын іздестіреді.

Қажет болған жағдайда, Компания мен қақтығыс қатысушысы, оның ішінде Жалғыз акционер арасында корпоративтік қақтығысты реттеу туралы келісімге қол қойылуы мүмкін.

Өтініш берген корпоративтік қақтығыс қатысушысына жауап өтініш тіркелген күннен бастап 30 күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

2019 жылы Компанияда шешімдер қабылдау кезінде мүдделер қақтығысының пайда болу жағдайлары тіркелген жоқ.

# ПРОБЛЕМАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

**Аса маңызды мәселелер туралы Директорлар кеңесін хабардар ету тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережеге, Компанияның Жарғысына сәйкес қаржылық және қаржылық емес есептілікті ұсыну жолымен жүзеге асырылады. Есепті жылы назар аударуды талап ететін барлық мәселелер ағымдағы отырыстар шеңберінде қаралды.**



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

**Тәуелсіз директорлардың сыйақысы тоқсан сайынғы тиянақталған болып табылады және Директорлар кеңесінің отырысына әрбір қатысқаны үшін төленеді.**

Сондай-ақ Директорлар кеңесі комитетінің отырысына қатысқаны үшін тәуелсіз директорлар үшін қосымша сыйақы қарастырылған. Сыйақы мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен айқындалады. Сыйақы ҚР салық заңнамасына, нормативтік құқықтық актілерге және өзге де құжаттарға сәйкес салықтарды шегере отырып, Компанияның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына төленеді.

Тәуелсіз директор есепті кезеңде (тоқсанда) Компанияның Директорлар кеңесінің барлық өткізілген көзбе-көз және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда сыйақы төленбейді.

2019 жылы құрамында 2 адам бар «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне (тәуелсіз директорларға) сыйақы келесі позицияларды қамтиды:

| | **2019 жыл** |
|---|---|
| Есептелген сыйақы (мың теңге) | **5 580** |
| Әлеуметтік қамсыздандыруға арналған салықтар мен аударымдар (мың теңге) | **532** |
| **Сыйақы жиыны (мың теңге)** | **6 112** |

# АТҚАРУШЫ ОРГАН

## Басқарманың құрамы (2019 жылдың 31 желтоқсанына)



# ИЗБАСТИН ҚАНЫШ ТЕМІРТАЙҰЛЫ

***Басқарма Төрағасы***

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбеген

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – иеленбеген

**1981 жылы 20 сәуірде туған**

**Азаматтығы – Қазақстан Республикасы**

**Басқарма құрамына сайлануы – 2015 жылғы 10 қыркүйекте, 2018 жылғы 26 маусымда**

Қазіргі уақыттағы қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі – жоқ

**БІЛІМІ:**

- Ресей СІМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты.
- Орталық Азия университеті.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

- 2007 жылдың қаңтарынан 2007 жылдың сәуіріне дейін – «ҚДБ-Лизинг» АҚ басқарушы директоры.
- 2007 жылдың сәуір айынан 2008 жылдың сәуір айына дейін – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2008 жылдың сәуірінен 2012 жылдың мамырына дейін – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2012 жылдың мамырынан 2012 жылдың қарашасына дейін – «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2013 жылдың қаңтарынан 2015 жылдың қыркүйегіне дейін – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры.



# ҚАРНАҚОВА НАЗГҮЛ ШОЛПАНҚҰЛҚЫЗЫ

***Басқарушы директор,***
***Басқарма мүшесі***

**Жүзеге асыратын функциялары:** қаржы-экономикалық мәселелер, қарыз алу, бухгалтерлік есеп және есептілік мәселелері, жобаларды әкімшілендіру мәселелері саласындағы «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметін үйлестіру

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбеген

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – иеленбеген

**1978 жылы 27 желтоқсанда туған**

**Азаматтығы – Қазақстан Республикасы**

Қазіргі уақыттағы қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі – жоқ

**БІЛІМІ:**

- М. Х. Дулати ат. Тараз мемлекеттік университеті, «құрылыс кәсіпорындарындағы экономика және менеджмент» мамандығы, экономист-менеджер.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

- 2008 жылдың желтоқсанынан 2012 жылдың сәуіріне дейін – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2012 жылдың сәуірінен 2014 жылдың шілдесіне дейін – «Қазақстан-Британ техникалық университетінің ИНГИ&ИТ» АҚ қаржы директоры.
- 2014 жылдың шілде айынан бастап 2018 жылдың наурыз айына дейін – «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ Қаржы-экономикалық департаментінің директоры.
- 2018 жылдың сәуірінен 2019 жылдың сәуіріне дейін – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры.
- 2019 жылдың сәуірінен 2019 жылдың мамырына дейін – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ қаржы жөніндегі басқарушы директоры.
- 2019 жылғы мамырдан 2019 жылғы тамызға дейін – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.
- 2019 жылдың тамыз айынан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры-Басқарма мүшесі.



**1979 жылы 27 желтоқсанда туған**

**Азаматтығы – Қазақстан Республикасы**

Қазіргі уақыттағы қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі – жоқ

# ОСПАНОВ БАХТИЯР СҰЛТАНБЕКҰЛЫ

***Басқарушы директор,***
***Басқарма мүшесі***

**Жүзеге асыратын функциялары:**
«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның құқықтық мәселелер және кепілзаттық және лизингтік қамтамасыз ету мәселелері бойынша қызметін үйлестіру

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбеген

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – иеленбеген

**БІЛІМІ:**
- Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.
- Еуразия гуманитарлық институты.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**
- 2001 жылдың шілде айынан 2010 жылдың наурыз айына дейін – «Банк Центр Кредит» АҚ заңгері / аға заңгері / заң бөлімінің бастығы.
- 2010 жылдың сәуірінен 2012 жылдың қаңтарына дейін – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры.
- 2012 жылдың ақпанынан 2012 жылдың қыркүйегіне дейін – «Credit Systems» ЖШС Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2012 жылғы қарашадан 2013 жылғы желтоқсанға дейін – «Банк Центр Кредит» АҚ Проблемалық кредиттермен жұмыс басқармасының бастығы.
- 2014 жылдың қаңтарынан 2015 жылдың желтоқсанына дейін – жекеменшік компанияның атқарушы директоры.
- 2016 жылдың қаңтарынан бастап 2018 жылдың желтоқсанына дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ атқарушы директоры.
- 2018 жылдың желтоқсанынан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.



# ӘШІРБЕКОВ АЛМАТ БҮРКІТБАЙҰЛЫ

***Басқарушы директор, Басқарма мүшесі***

**Жүзеге асыратын функциялары:** проблемалық жобалармен жұмыс, активтерді сараптау мәселелері бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметін тікелей үйлестіру

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбеген

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – иеленбеген

**1986 жылғы 10 қыркүйекте туған**

**Азаматтығы – Қазақстан Республикасы**

Қазіргі уақыттағы қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі – жоқ

**БІЛІМІ:**

- 2008 жыл – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «қаржы» мамандығы бойынша, біліктілігі «қаржы бакалавры».

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

- 2008 жылдың қыркүйегінен 2012 жылдың тамызына дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ. Жұмыс атқару кезеңінде әртүрлі лауазымдарда болды: Шағын және орта бизнесті несиелендіру бөлімінің маманы, жетекші маманы, бас маманы, Корпоративтік бизнес бөлімінің бас маманы.
- 2012 жылдың қыркүйегінен 2015 жылдың ақпанына дейін – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Инвестициялық жобалар және кредиттік әдіснама департаментінің бас менеджері.
- 2015 жылдың ақпанынан 2019 жылдың шілдесіне дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ. Жұмыс атқару кезеңінде әртүрлі лауазымдарда болды: Корпоративтік бизнес бөлімінің бастығы, Оңалту және проблемалық жобалар бөлімінің бастығы, Жобалар мониторингі департаментінің директоры, Оңалту және проблемалық жобалар департаментінің директоры.
- 2019 жылдың шілдесінен бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.



**1971 жылы 1 маусымда туған**

**Азаматтығы – Қазақстан Республикасы**

Қазіргі уақыттағы қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі – жоқ

# БАЙЗИРОВ НҰРБОЛ ӘУБӘКІРҰЛЫ

***Басқарушы директор, Басқарма мүшесі[5]***

**Жүзеге асыратын функциялары:**
«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның кредиттік-лизингтік қызметі, сондай-ақ Компания филиалдары бөлігінде қызметін үйлестіру

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбеген

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – иеленбеген

**БІЛІМІ:**
- 1992 жыл – Алматы сәулет-құрылыс институты, «өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» мамандығы, «инженер-құрылысшы» біліктілігі.
- 1997 жыл – Қазақ мемлекеттік басқару академиясы жанындағы нарық институты (Алматы қ.), «қаржы және несие» мамандығы, «банк ісі бойынша экономист» біліктілігі.
- 2003 жыл – А. Байтұрсынов ат. Қостанай мемлекеттік университеті, «құқықтану» мамандығы, «заңгер» біліктілігі.
- 2018 жыл – Тәуелсіз директорлар қауымдастығы (Мәскеу қ.), «тәуелсіз директор» мамандығы.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**
- 2008 жылдан 2009 жылға дейін – «Еуразиялық банк» АҚ аймақтық директоры, Астана қ.
- 2009 жылдан бастап 2018 жылға дейін – «Альфа Банк» ЕБ» АҚ филиалының басқарушы директоры / директоры, Астана қ.
- 2019 жылдың сәуірінен 2019 жылдың шілдесіне дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қостанай облысы бойынша филиалының директоры.
- 2019 жылдың шілдесінен бастап 2019 жылдың 18 желтоқсанына дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

*[5] Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 13 шешіміне сәйкес құрамынан шықты.*

## Басқарма жұмысы

Басқарма ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асырады және Даму стратегиясын, Даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты болады.

Басқарма қызметі Компания Басқармасы туралы ережемен реттеледі.

2019 жыл ішінде Басқарманың 36 отырысы, барлығы көзбе-көз тәртіпте өткізілді, отырыстар тұрақты негізде – айдың әр онкүндігінде өткізілді. Дәлелді себеппен болмаған жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелерінің отырыстарға қатысуы жоғары деңгейде.

**Басқарманың негізгі мақсаты – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Даму стратегиясы мен Даму жоспарын тиімді жүзеге асыру.**

Басқарма жұмысының негізгі қағидаттары:
- айқындық және ашықтық;
- жауапкершілік және есеп берушілік;
- міндеттерді объективті түрде бөлу;
- операцияларды тиісінше мақұлдау және бекіту;
- кешенділік және жүйелілік;
- тұрақты даму және жетілдіру;
- икемділік;
- бақылаудың кез келген елеулі кемшіліктері мен әлсіз жерлерін уақтылы анықтау және ден қою;
- Басқарма қызметі салаларының басымдығы;
- технологиялылығы;
- қызметкерлердің біліктілігі;
- процедуралардың құжаттанушылығы;
- ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы.

**БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ОНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ**

| Т.А.Ә. | Саны |
|---|---|
| Избастин К.Т. | 30/36 |
| Оспанов Б.С. | 34/36 |
| Сейтқасымова А.Г.* | 23/23 |
| Таубаев А.Ж.* | 20/23 |
| Сергалеев М.К.* | 21/23 |
| Қарнақова Н.Ш. | 12/12 |
| Әшірбеков А.Б. | 13/13 |
| Байзиров Н.А.** | 6/6 |

** Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 30 шілдедегі №7 шешіміне сәйкес құрамынан шықты.*
*** Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы №13 шешіміне сәйкес құрамынан шықты.*

## БАСҚАРМАМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ



# ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ*

**Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі №9 шешімімен бекітілген**

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ штат саны – 366 бірлік**

**ҚАУІПСІЗДІК ДЕПАРТАМЕНТІ**
- Ақпараттық қауіпсіздік бөлімі

**БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР-БАСҚАРМА МҮШЕСІ**

**КРЕДИТТІК-ЛИЗИНГТІК ЖОБАЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ**

**ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІ**

**ЖОБАЛАР МОНИТОРИНГІ ДЕПАРТАМЕНТІ**
- Инвестициялық жобалар мониторингі бөлімі

**КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ**

**ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТІ ДЕПАРТАМЕНТІ**
- Кредиттік тәуекелдер бөлімі
- Қаржылық және операциялық тәуекелдер бөлімі

**БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР-БАСҚАРМА МҮШЕСІ**

**ЖОБАЛАРДЫ ӘКІМШІЛЕНДІРУ ДЕПАРТАМЕНТІ**
- Субсидиялау бөлімі
- Жобаларды әкімшілендіру бөлімі
- Кредиттік операцияларды есепке алу бөлімі

**ҚАРЖЫ ДЕПАРТАМЕНТІ**
- Жоспарлау және бюджеттендіру бөлімі
- Қазынашылық бөлімі

**БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК ДЕПАРТАМЕНТІ**
- Қаржылық есептілік бөлімі

**ҚАРЫЗ АЛЫСУ ДЕПАРТАМЕНТІ**

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ**

**БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР-БАСҚАРМА МҮШЕСІ**

**ОҢАЛТУ ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ЖОБАЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ**
- Проблемалық жобаларды оңалту бөлімі
- Берешекті өндіріп алу жөніндегі бөлім

**АКТИВТЕРДІ САРАПТАУ ДЕПАРТАМЕНТІ**
- Логистика және кедендік рәсімдер бөлімі

**ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ**

**АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ ДЕПАРТАМЕНТІ**

**БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР-БАСҚАРМА МҮШЕСІ**

**ҚҰҚЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІ**
- Құқықтық сараптама бөлімі
- Кінәрат-талап қою жұмысы жөніндегі бөлім

**КЕПІЛЗАТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ**
- Активтерді бағалау бөлімі

**КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ**

**БАСПАСӨЗ ХАТШЫСЫ**

**БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР**

**КОРПОРАТИВТІК ДАМУ ДЕПАРТАМЕНТІ**
- Жиынтық талдау бөлімі
- Әдіснама бөлімі
- Стратегия және корпоративтік даму бөлімі

**АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМЫТУ ДЕПАРТАМЕНТІ**

**ӘКІМШІЛІК ДЕПАРТАМЕНТІ**
- Материалдық қамтамасыз ету бөлімі

** 2020 жылдың ақпан айында ұйымдық құрылымға өзгерістер енгізілд.*

# ЖАСАЛУЫНДА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП, 2019 ЖЫЛҒА

| р/б № | Контрагент атауы | Мүдделілік белгісі | Мәміленің мазмұны |
|---|---|---|---|
| 1. | «Қазагро» ҰБХ» АҚ | Жалғыз акционер | 2018 жылғы 24 шілдедегі №86 қарыз шартына 2019 жылы 23 шілдеде №1 қосымша келісім жасалды |
| 2. | «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ | Үлестес тұлға | 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №1564-ОА-АТ несие желісін ашу туралы негіздемелік келісімге 2019 жылғы 28 қарашада №1 қосымша келісім жасалды |
| 3. | «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ | Үлестес тұлға | 2019 жылғы 28 қарашада №1595-ОА-АБ несие желісін ашу туралы негіздемелік келісім жасалды |



# БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

**Басшы қызметкерлерге сыйақы беру саясаты мен мөлшері Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережемен реттеледі.**

Есепті жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақының төленуі стратегиялық және жеке ҚТК қол жеткізу нәтижелеріне және олардың қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты Компанияның есепті жылдағы аудиттелген қаржылық есептілігі негізінде қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін есепті жылда таза шоғырландырылған пайда болған жағдайда Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Есепті жылы Басқарма мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану жағдайлары болған емес.

2019 жылы Басқарма мүшелеріне жалақы және сыйлықақы түріндегі сыйақы сомасы 114 858 мың теңгені құрады, оның ішінде салықтар мен әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар – 9 668 мың теңге.

# АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

**Өткен жылдың аяғында Компанияда 1000 теңге номиналмен 82 837 204 орналастырылған жай акциялары бар. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда сатып алынған акциялар немесе оның еншілес ұйымдарының меншігіндегі акциялар жоқ.**

Есепті кезеңде акцияларды орналастыру, оның ішінде бастапқы орналастыру жүргізілген жоқ.

Орналастырылған акциялар санының 5 және одан да көп пайызы мөлшеріндегі акцияларды иеленетін акционерлер құрамында өзгерістер болған емес.

| | |
|---|---|
| Жарияланған жай акциялардың саны: | 82 837 204 акция |
| Орналастырылған жай акциялардың саны: | 82 837 204 акция |
| Бір қарапайым акцияның номиналды құны: | 1 000 теңге |
| Бір акцияны орналастыру бағасы: | 1 000 теңге |
| Эмитент акцияларына ақы төлеу тәсілі: | эмитенттің акцияларына ақы ақшамен төленді |
| Эмитент акцияларын орналастырудан тартылған ақша қаражатының сомасы: | 82 837 204 000 теңге |

# ДИВИДЕНДТЕР

**Дивидендтік саясат қағидаттары Дивидендтік саясат туралы ережемен анықталған.**

Дивидендтік саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:

1. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жарғысында, оның ішкі құжаттарында және корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесінде көзделген құқықтарын қатаң сақтау;
2. дивидендтік төлемдер мөлшерін анықтау кезінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ мен Жалғыз акционер мүдделерінің теңгерімі;
3. Жалғыз акционердің мүдделерін есепке алу және оның активтерін барынша арттыру;
4. дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жарғысында белгіленген шектеулерді сақтау;
5. «ҚазАгроҚаржы» АҚ дивидендтік саясатын қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдеріне сәйкес орта мерзімді және ұзақ мерзімді дивидендтік саясатты әзірлеу;
6. «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының жоспарланған таза табыс пен дивидендтерге қол жеткізуге уәждемесін қамтамасыз ету.

**ТӨЛЕНГЕН ДИВИДЕНДТЕР**

| Атауы | Өлш. бірл. | 2017 (2016 жылға) | 2018 (2017 жылға) | 2019 (2018 жылға) |
|---|---|---|---|---|
| Таза кіріс (шығын)* | тыс. теңге | 3 228 629 | 3 572 220 | 6 728 372 |
| Жыл ішінде жарияланған дивидендтер | тыс. теңге | 1 614 314 | 3 572 220 | 6 728 372 |
| Жыл ішінде төленген дивидендтер | тыс. теңге | 1 614 314 | 3 572 220 | 6 728 372 |
| Бір акцияға келетін пайда ** | теңге | 19,49 | 43,12 | 81,22 |
| Акцияның теңгерімдік құны *** | теңге | 1 196,94 | 1 234,41 | 1 277,14 |

** Дивидендтерді төлеу жүзеге асырылған жылдың таза табысы.*

*** Дивидендтер төлеу жүзеге асырылған жылдың пайдасы.*

**** Дивидендтерді төлеу жүзеге асырылған жылдың теңгерімдік құны.*

# 678,4

**млн теңге**

төленген дивиденд



# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

**Компания басшылығы мен оның қызметкерлері өз жұмысында негізге алынатын ашықтық пен айқындық қағидаттарын ұстанады. Компания барынша жариялылықты қамтамасыз етуге ұмтылады. Біріншіден, бұл жұмыс құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алуды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністерінің уақытылы анықталуы мен алдын алуды қамтамасыз етуге арналған.**

Компания мен оның филиалдарында Компания мен оның қызметкерлерін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға байланысты операцияларды жүзеге асыруға тартуды болдырмау мақсатында ішкі бақылау жүйесі құрылды. Осылайша, Компания құрылымына комплаенс жүйесі енгізілді, ол Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі және сыртқы ережелер мен рәсімдердің, бизнесті жүргізудің негізгі моральдық-этикалық қағидаттарының және корпоративтік басқару жүйесінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді.

2019 жылы экономикалық және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, Компания қызметі салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Компания Жарғысына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, халықтың Компания қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастыру шараларын қалыптастыру шеңберінде 2019 жылғы 27 желтоқсанда «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты бекітілді, ол Компанияның корпоративтік мәдениетті жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін ұстану және Компанияның іскерлік беделін тиісті деңгейде ұстау үшін қылықтардың жоғары әдеп стандарттарына бейілділігін көрсетеді.

Сондай-ақ келесі ішкі құжаттар әзірленді және бекітілді:

- Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары;
- 2019-2020 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы «ҚазАгроҚаржы» АҚ жедел желісінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық.

Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарында тоқсан сайын жоспарлы негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дәрістер өткізіледі. 2019 жылы Компания қызметкерлерінің 100% сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттармен (Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар және т. б.), сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларымен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілікпен танысты.

Компанияның Орталық аппараты мен филиалдарында Комплаенс қызметі, жедел желі және «Азаматтардың өтініштері үшін» пошта жәшіктері туралы ақпаратты орналастыру арқылы халықпен, қарыз алушылармен және лизинг алушылармен кері байланыс ұйымдастырылды. Қызметкерлер мен басқа да тұлғалардың парақорлық фактілері және оларға жол бермеу шаралары туралы дереу хабарлау тетігі құрылды. Кері байланыс арқылы басшылықты Компаниямүддесіне зиян келтіретін немесебеделіне нұқсан келтіретін Компания қызметкерлерінің лайықсыз қылықтарының белгілі фактілері туралы хабардар ету мүмкіндігі



бар. Көрсетілген фактілер жедел желі телефондары арқылы хабарлануы мүмкін немесе Компанияның сайтында көрсетілген электрондық поштаға жіберілуі мүмкін, бұл тиімді жауап қайтаруға және қарсы шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді азайту және Компания мүддесін қорғау мақсатында жобаларды қаржыландыруға өтінім берген кәсіпорындардың басшылары мен құрылтайшыларының соттылығы мәніне жүйелі түрде тексеру жүргізіледі. Компания клиенттеріне және лизинг нысаналарын жеткізушілерге олар туралы жағымсыз ақпараттың болуына, олардың қызметінің тұрақтылығына, құрылтай және қаржы құжаттарының заңдылығына тексеру жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, «ҚазАгроҚаржы» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қосымша шаралар туралы» бұйрық шығарылды, онда Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен филиалдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы хабарланған жағдайда, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін олардың ұсталуы кезінде Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен филиалдары басшыларының іс-қимыл тәртібі анықталған.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберінде жергілікті ресурстар мен байланыс арналарын бақылау, берілетін деректерді талдау, жіберілетін деректерді мұрағаттау, Компания қызметкерлерінің дербес деректерін қорғауды күйге келтіру, ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін мониторингтеу, интернет-ресурстардағы пайдаланушылардың белсенділігі туралы есептерді жасау бойынша іс-шаралар жүргізілді. Осы бағыт бойынша жарты жылда бір рет «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасы мен Директорлар кеңесіне есеп беріледі.

Осылайша, Компания сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметіне халықтың сенімін арттыруға бағытталған шараларды қолдануда. 2019 жылы Компанияда сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған емес.

# КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

**ҚазАгроҚаржы корпоративтік этика кодексін басшылыққа алады, оған сәйкес Компанияның әрбір қызметкері өз саласындағы кәсіпқой ғана емес, сонымен қатар бірыңғай корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі болып табылады.**

Кодекс Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың негізінде іскерлік қылықтың танылған әлемдік стандарттары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді. Ол Компанияның іскерлік этика және корпоративтік құндылықтарының қағидаттары жөніндегі пайымы мен түсінігін көрсетеді.

**КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА КОДЕКСІНІҢ НОРМАЛАРЫ АТҚАРАТЫН ЛАУАЗЫМЫНА ҚАРАМАСТАН, КОМПАНИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚОЛДАНЫЛАДЫ.**

**Негізгі мақсаттары:**

- Компанияның корпоративтік құндылықтарын анықтау және бекіту;
- мінез-құлық қағидаттарын, іскерлік этика ережелері мен нормаларын реттемелеу, оны қызметкерлер арасында одан әрі ілгерілету;
- кәсіби қызметтің жоғары сапасына қол жеткізу үшін және Компания миссиясын орындау үшін Компанияның барлық қызметкерлерінің атқаратын лауазымына қарамастан іскерлік этика нормаларын біркелкі түсінуі және орындауы.

**БАЗАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

- **Корпоративтік рух**
- **Тұлғаның ар- намыс құндылықтарын құрметтеу**
- **Ісіне берілгендік**
- **Жауапкершілік**
- **Отаншылдық**
- **Тәртіп**
- **Кәсіпқойлық**

Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде Компания қызметкерлері Компанияның барлық қызметкерлеріне қолданылатын келесі корпоративтік әдеп қағидаларын басшылыққа алады:

1. **заңдылық –** халықаралық құқық нормаларын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, Кодекс ережелерін және Компанияның өзге де ішкі құжаттарын мүлтіксіз сақтау;
2. **адалдық –** Компания әлеуметтік қоғамның адамгершілік қағидаттарын, әдеп нормалары мен ережелерді, сондай-ақ іскерлік айналым дәстүрлерін мүлтіксіз сақтау қағидатын ұстанады, міндеттемелерді уақтылы орындайды және ұжымды және өзінің беделін бағалайды;
3. **субординация немесе парасаттылық және әділеттілік –** Компания қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынастар тік субординацияны ескере отырып, өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау процесінде бір қызметкердің екіншісіне тікелей бағынуынан құрылады. Компанияның барлық қызметкерлері лауазымына қарамастан, өз іс-әрекеттерінде парасаттылық пен әділеттілік қағидаттарын басшылыққа алуы тиіс;
4. **әділдік –** қағидат бірін қалдырмай Компанияның барлық қызметкерлері үшін сырттан ешқандай қысым жасалмай, олардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірместен, сондай-ақ басшылық тарапынан өзіне объективті және әділ қарым-қатынаспен өз функцияларын жүзеге асыру және лауазымдық міндеттерін орындау мүмкіндігін белгілейді;
5. **әдептілік –** барлық кәсіби және іскерлік қатынастардағы әділ өзара қарым-қатынас, шыншылдық және адалдық;
6. **құрмет –** Жалғыз акционерге, басшылыққа, серіктестерге және әріптестерге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне тиісті назар аудару;
7. **ынтымақтастық және нәтижелілік –** стратегиялық және күнделікті міндеттерді шешу үшін күш-жігерді біріктіру, алға қойылған мақсаттарға жету үшін ұйымдасқан командада жұмыс;
8. **құпиялылық –** Компанияның және оның серіктестерінің құпия ақпаратына жауапкершілікпен қарау, оны қорғау және рұқсатсыз таратуға жол бермеу бойынша шараларды қолдану.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметі Компания мен қызметкерлер, басшылық пен бағыныштылар, қызметкерлер арасындағы өзара міндеттемелерден құрылған. Өзара міндеттемелерді ұқыпты сақтау – сындарлы жұмыстың қажетті шарты.

Компания өз қызметкерлерімен ұзақ мерзімді ынтымақтастық және өзара құрмет қағидаттарында қарым-қатынас орнатады.

Әріптестермен өзара қарым-қатынас адалдық және өзара құрмет, сот талқылауы алдындағы келіссөздердің басымдылығы қағидаттарында құрылады.

Компания қызметкерлері іскер серіктестеріне жасырын артықшылықтар мен басымдықтар бермейді.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынаста Компания заңнама талаптарын басшылыққа алады және жалған немесе бұрмаланған ақпараттың таралу фактілеріне жол бермейді.

Қақтығыстар туындаған жағдайда, олар Компанияның ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес шешіледі.



# ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

**Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) – бұл қаржы-шаруашылық қызметті тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету үшін Компанияның Басқарма, Директорлар Кеңесі анықтайтын және Компанияның өз мақсаттарына қол жеткізуіне және қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық саясат, рәсімдер, мінез-құлық және іс-әрекет нормалары, ішкі бақылау әдістері мен тетіктерінің жиынтығы.**

Ішкі аудит қызметі 2018 жылдың қорытындысы бойынша ІБЖ-ға жүргізілген жалпы талдау негізінде Компаниядағы ІБЖ тиімділігінің «орташа» рейтингін берді. Осыған байланысты Компанияның ІБЖ тиімділік деңгейін арттыру мақсатында Компанияның ІБЖ жетілдірудің 2019-2021 жылдарға арналған жоспары әзірленді.

2019 жылы Компанияда ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібін, сондай-ақ Компанияның ішкі бақылау жүйесін бағалау және рәсімдерді орындау бойынша ішкі бақылау субъектілерінің құзыреті мен жауапкершілігін айқындайтын ішкі құжаттар жаңа редакцияда бекітілді.

Ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың құзыреті ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және тиімділігін бағалау процестеріндегі олардың рөліне байланысты бөлінген.

Ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бизнес-процестердің барлық иелеріне жүктелген, алайда бірінші кезекте Компанияның ішкі бақылау жүйесіне жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшылары мен қызметкерлері жауапты болады, оларға күнделікті негізде тиімді ішкі бақылауды қолдау бойынша тиісті міндеттер беріледі.

Компанияның ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, басқарудың барлық деңгейлерін, Компанияның барлық ішкі процестері мен операцияларын қамтиды.

## ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

| 1-ШІ ҚОРҒАУ ЖЕЛІСІ | 2-ШІ ҚОРҒАУ ЖЕЛІСІ | 3-ШІ ҚОРҒАУ ЖЕЛІСІ |
| --- | --- | --- |
| **БАРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР** | **БАҚЫЛАУ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ** | **ІШКІ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІ** |
| Ішкі бақылаушылар | Тәуекелдерді басқару | ІБҚ тиімділігін тәуелсіз және әділ бағалау |
| Операцияларды тексеру | Заң блогы | |
| ІБ жөнінде басшыға жәрдемдесу | Экономикалық қауіпсіздік | |
| 2-ші және 3-ші қорғау желілерімен өзара әрекеттестік | Комплеанс- бақылаушы | |
| Қызметкерлерді оқыту мәселесі мәселеы | Персоналмен жұмыс | |
| Бұзушылықтар туралы ақпарат беру | Филиалдарды бақылау | |

# ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

**Ішкі аудит қызметінің жұмысы (ІАҚ) Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және Этика кодексін, сапа стандарттарын және Халықаралық ішкі аудиторлар институты белгілеген ішкі аудиторлар қызметінің стандарттарын қолдануға негізделген Ішкі аудитті ұйымдастыру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.**

ІАҚ миссиясы Директорлар кеңесі мен Басқармаға Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша міндеттерін орындауда жәрдем көрсету болып табылады. ІАҚ мақсаты Директорлар кеңесіне Компаниядағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен кеңестер беру болып табылады.

Жылдық тәуекел-бағдарланған аудиторлық жоспарларды Компанияның Директорлар кеңесі қарайды және бекітеді. 2019 жыл ішінде ІАҚ-мен 10 аудиторлық тапсырма орындалды. Тексерулер Компанияның орталық аппаратының 11 құрылымдық бөлімшесін және 3 филиалды (кредиттік-лизингтік қызметтің аудиті, проблемалық борыштармен жұмыс және т. б.) қамтыды.

ІАҚ жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша тиісті ұсынымдар берілді. ІАҚ ұсынымдардың орындалуын бақылайды және Ішкі аудит комитеті мен Директорлар кеңесіне іс-шаралар барысы туралы баяндайды.

ІАҚ басшысы Ішкі аудит комитеті мен Директорлар кеңесінің алдында жүргізілген ішкі аудиттің нәтижелері туралы тұрақты түрде есеп береді. Ішкі аудит комитеті ІАҚ басшысымен ішкі аудиторлық тексерулердің тиімділігін талқылайды.

Компанияда ІАҚ сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы жұмыс істейді, оған сәйкес 2019 жыл ішінде ІАҚ қызметінің Ішкі аудит қызметі туралы ережеге, кәсіби стандарттарға, Кәсіби этика кодексіне сәйкестігіне, сондай-ақ Компанияның негізгі тұлғаларының әртүрлі топтарының қажеттіліктеріне сәйкестігі тұрғысынан ішкі аудиттің нәтижелілігі мен тиімділігіне ағымдағы және мерзімді шолулар (бағалау), жүргізілді.

Ішкі аудиторлар тұрақты негізде үздіксіз кәсіби дамуды жүзеге асырады. 2019 жылы ІАҚ мамандары «Операциялардың тиімділігін басқару» CIMA P1 бағдарламасы бойынша, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы бағдарлама бойынша оқудан өтті.

Компанияның ішкі құжаттарында оның қызметіне ішкі және сыртқы бағалауды қамтитын ІАҚ қызметіне бағалау жүргізу көзделеді. ІАҚ және оның қызметкерлерінің қызметін ішкі бағалау тоқсан сайынғы және жыл сайынғы кезеңділікпен жүргізіледі.

Ішкі аудит қызметінің жұмысын сыртқы бағалауды (тәуелсіз бағалауды) кемінде бес жылда бір рет тәуелсіз сыртқы сарапшы немесе тәуелсіз сыртқы растаумен өзін-өзі бағалау түрінде жүзеге асырады. Осылайша, 2019 жылдың төртінші тоқсанында «Crowe Audit KZ» ЖШС компаниясы ІАҚ қызметінің сапасына сыртқы тәуелсіз бағалау жүргізді, оның нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметінің жұмысы жалпы Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына сәйкес келеді.

# СЫРТҚЫ АУДИТ

**2019 жылғы 27 желтоқсанда «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиторлық ұйымымен 2019 жылға қаржылық есептілік аудиті қызметін көрсетуге шарт жасалды.**

### АУДИТОР СЫЙАҚЫСЫ, МЫҢ ТЕҢГЕ

| Көрсетілетін қызмет | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|---|
| Жылдық аудит | 23 389 | 25 227 | 30 240 |
| Жарты жылдық шолу | 9 797 | 10 612 | 12 736 |
| Қызметкерлерді оқыту бойынша көрсетілетін қызмет | 421 | 1 555 | 899 |
| *Сыйақының жалпы көлеміндегі аудиторлық емес көрсетілетін қызметтердің үлесі (%-бен)* | 1,25 | 4,16 | 2,05 |
| **Жиыны** | **33 607** | **37 394** | **43 875** |

Сыртқы аудиторды және аудиторлық ұйымның негізгі персоналын тағайындауға және ротациялауға қатысты, қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес аудиторлық ұйымның көрсететін қызметтерін мақұлдау бойынша Компания Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен бекітілген және Компанияның www.kaf.kz корпоративтік сайтында жарияланған Сыртқы аудит жөніндегі саясатты басшылыққа алады.

# ТӘУЕКЕЛ-ДЕРДІ БАС-ҚАРУ

Тәуекелдерді басқару жүйесі 116
Тәуекелдерді талдау 121

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ-да тәуекелдерді нақты сәйкестендіруді, тиімді басқаруды және тұрақты мониторингін жүргізуді қамтамасыз етуге арналған және Компания қызметіне теріс факторлардың әсерін шектеу жолымен қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді басқарудың формалданған, егжей-тегжейлі әзірленген жүйесі жұмыс істейді, ол және.**

«ҚазАгроҚаржы» АҚ-да тәуекелдерді басқару тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және Компанияның алқалы органдарын, уәкілетті органдарын, құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерін тарта отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.

**Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі қағидаттары:**

- акционерлік капиталды құру және оның құнын қорғау;
- жүйелілік, құрылымдылық және уақтылық;
- хабардарлық;
- белгісіздікпен жұмыс;
- бейімделгендік;
- ашықтық және кешенділік;
- жауап қату және қайталанушылық;
- тұрақты жетілдіру.

**ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**

| | | |
|---|---|---|
| ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ | Аудит жөніндегі комитет<br>Стратегиялық даму және тәуекелдер комитеті | Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдануды қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару саясатын қалыптастыру, тәуекел-тәбет және тәуекелге төзімділік деңгейлерін белгілеу |
| БАСҚАРМА | Басқарма жанындағы Тәуекелдер жөніндегі комитет<br>Кредит комитеттері | Тәуекелдерді басқару регламентін, әдістемелерді, лимиттерді және тәуекел-тәбет пен тәуекелге төзімділіктің бекітілген деңгейлерін сақтау қағидаларын әзірлеу арқылы Тәуекелдерді басқару саясатын іске асыру |
| | Тәуекел-менеджменті | Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару, бақылау, мониторингі бойынша шаралар қолдану, тәуекел-тәбет пен тәуекелге төзімділіктің бекітілген деңгейлерінің сақталуын бақылау |
| | Құрылымдық бөлімшелер | Өз құзіреті аясында тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекел-тәбет пен тәуекелге төзімділік деңгейлерінің сақталуын бақылау |
| | Ішкі аудит қызметі | Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бақылау және бағалау |



Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту мүмкіндігі үшін үш қорғау желісі енгізілді.



**Бірінші қорғау желісі** операциялық басшылық пен тәуекелдерді басқару деңгейімен ұсынылған. Құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың басшыларымен, тәуекел-үйлестірушілермен мыналар ұсынылған: негізгі жауапкершілік – тәуекелдерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалауға қатысу, тәуекелдерді барынша азайту. Құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың басшылары тәуекел-факторлар мен тәуекел факторларының иелері болып табылады.

**Екінші қорғау желісі** Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу тарапынан тәуекелдерді бақылау және мониторингтеу функцияларымен анықталды. Тәуекел-менеджменті жөніндегі құрылымдық бөлімшемен мыналар ұсынылған: негізгі жауапкершілік – тәуекелдерді басқару, ТБКЖ тиімділігін қадағалау, заңнамалық/ әкімшілік ережелер мен регламенттерді сақтау, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді бұғаттайтын мәселелер мен бұзушылықтар фактілерін тергеу. Директорлар кеңесі мен Басқарма мақсаттардың иелері болып табылады.

**Үшінші қорғау желісі –** тәуекелдерді басқарудың әзірленген әдістері мен процестерінің тиімділігін бағалау функциясы. ІАҚ мыналар ұсынылған: негізгі жауапкершілік – Директорлар кеңесі мен Басқармаға бірінші және екінші қорғау желілерінің тиімділігін қоса алғанда, тәуекелдерді басқару тиімділігінің көрсеткіштерін растау.

Тәуекелдерді тиімді басқару мүмкіндігі үшін әрбір қорғау деңгейінде үш деңгейлі модельге қосу бөлігінде Компанияның әрбір қызметкерінің негізгі рөлдік функциялары анықталған. Келесі рөлдер анықталған:

- мақсаттардың иесі – бақылау ортасын қалыптастыруға, Компанияның даму мақсаттарына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайларды қамтамасыз етуге жауапты Компанияның бірінші басшысы;
- тәуекел иелері – қызметтің қандай да бір бағытына немесе қандай да бір бизнес-процестердің жиынтығына жетекшілік ететін және мақсатқа жеткізуге бағыттылығы бар топ-менеджерлер (басқарушы директорлар);
- тәуекел факторларының иелері – тәуекел-фактордың ықтималдығын төмендету және соның нәтижесінде тәуекелдің өзін іске асыру бойынша іс-шараларды тікелей жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелердің (және/немесе филиалдардың) басшылары;
- тәуекел-үйлестірушілер – құрылымдық бөлімше (және/немесе филиал) тап болатын сәйкестендірілген тәуекелдер бойынша ақпарат жинауды жүзеге асыратын Компанияның қызметкерлері.

**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ СӘУЛЕТІ**




**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ – БҰЛ БІРЫҢҒАЙ ПРОЦЕСКЕ БІРІКТІРІЛГЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ КОМПОНЕНТТЕРДІҢ ЖИЫНТЫҒЫ, ОНЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕ КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ, БАСШЫЛЫҒЫ МЕНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӘРҚАЙСЫСЫ ӨЗ ДЕҢГЕЙІНДЕ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ӘСЕР ЕТУІ МҮМКІН ЫҚТИМАЛ ЖАҒЫМСЫЗ ОҚИҒАЛАР МЕН МҮМКІНДІКТЕРДІ АНЫҚТАУҒА, СОНДАЙ-АҚ НЕГІЗГІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ ШЕҢБЕРІНДЕ ОСЫ ОҚИҒАЛАРДЫ БАСҚАРУҒА ҚАТЫСАДЫ.**

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ-да тәуекелдерді тұрақты сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару бойынша шаралар әзірлеу жүзеге асырылады. Компания өз қызметін бизнеспен байланысты және келесі санаттар бойынша бөлінген тәуекелдердің кең спектрін ескере отырып жүргізеді: стратегиялық тәуекелдер, кредит тәуекелдері, қаржы тәуекелдері, операциялық тәуекелдер және құқықтық тәуекелдер.**

### 2019 ЖЫЛЫ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ҰШЫРАҒАН ЕЛЕУЛІ ТӘУЕКЕЛДЕР

- **Қаржылық тәуекел-өтімділік тәуекелі.** Өтімділік тәуекелін іске асырудың негізгі салдары кредиторлар алдындағы міндеттемелерді уақтылы орындамау болып табылады, бұл қаражатты мерзімінен бұрын қайтару туралы талапқа әкелуі мүмкін.

  Осы тәуекелді азайту мақсатында Компания 2019 жылы ақша қаражатын қосымша тарту және қолданыстағы қарыздарды өтеу мерзімін ұзарту бойынша іс-шараларды жүргізді.

- **Кредит тәуекелі – NPL деңгейін арттыру.** Контрагенттің төлем қабілеттілігінің төмендеуі нәтижесінде пайда болатын Компанияның қаржы активтері бойынша ықтимал қаржы ысырабын жабу үшін қаржы ысырабын тану және/немесе резервтерді (провизияларды) қосымша есептеу арқылы іске асырылады.

  Кредит тәуекелдерін азайту мақсатында Компания 2019 жылы қоржынды әртараптандыру, өтінімдерді талдау сапасын арттыру, қарыз алушылардың қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша іс-шаралар жүргізді.

- **Операциялық тәуекел – IT-тәуекелдер.** IT тәуекелін іске асыруға әкелуі мүмкін оқиғаларға процестерді автоматтандыру кезінде IT-өнімдерінің үйлесімсіздігі жатады.

  Тәуекел факторларына мыналар жатады:

1. жабық бастапқы кодтары бар лицензиялық бағдарламалық өнімдердің болуы, бұл түзетуге мүмкіндік бермейді;
2. Компанияның бизнес-процестерінде әртүрлі ақпараттық жүйелерді пайдалану.

**IT-тәуекелдерді азайту мақсатында ақпараттық жүйелерді толық автоматтандыру және толық қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізілді.**

Тәуекелдерді басқару шеңберінде 2019 жылы Компания Тәуекелдерді басқару регламентін жаңа редакцияда әзірледі және бекітті. Сондай-ақ, несие беру, тәуекелдерді анықтау және олардың қарыз алушылардың өз міндеттемелерін орындауына әсер ету дәрежесін анықтау бойынша ұсыныстар жасауға Компанияның қоятын негізгі талаптарына негізделген Тәуекелдерді бағалау және қарыз алушыларға кредиттік рейтинг беру әдістемесін әзірледі және бекітті.

2020 жылы тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту тәуекел-менеджменті жөніндегі реттемелерді одан әрі жетілдіру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Компания валюталық және пайыздық тәуекелдерге арналған лимиттерді өзектендіретін болады, сондай-ақ елдік сияқты қосымша лимиттерді белгілеуге ұмтылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуекелдерін басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін құруға бағытталатын болады.

Ақпараттық саясат 124
Брендинг және PR саласындағы қызмет 125





# МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТ

# АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

**ҚазАгроҚаржы әртүрлі мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттестікті және есеп берушілікті қамтамасыз ету мақсатында олар үшін ақпараттың сапалы ашылуын қамтамасыз етуге ұмтылады.**

Ақпаратты ашу кезінде Компания Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы, акционерлік қоғамдар саласындағы заңнамасын, Листингілік ережелерді, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаулысын, сондай-ақ ақпаратты ашудың ашықтығы саласындағы өзге де құжаттарды басшылыққа алады.

Компания Қазақстан қор биржасының, Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарына, корпоративтік интернет-ресурста «бір терезе» қағидаты бойынша, яғни бір құрылымдық бөлімше арқылы орналастыру жолымен корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.

Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашу саясаты ақпаратты ашудың мақсаттары мен қағидаттарын, нысандары мен тәсілдерін айқындайды, ақпаратты ашуға жауапты тұлғалар (органдар) тобын, мүдделі тұлғаларға ашуға жататын жалпы қолжетімді ақпарат тізбесін, сондай-ақ коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат тізбесін айқындайды.

Аталған кезеңде Компания Қазақстанда әлемдік ашықтық стандарттарын енгізуге қосқан үлесі үшін дипломмен марапатталды. «Курсив» республикалық іскерлік апталығы «Эксперт РА Қазақстан» рейтингтік агенттігімен бірлесіп, Қазақстанның ең ірі компанияларының ашықтық рейтингімен таныстырды, онда Компания жүз компанияның арасында он бірінші орынға ие болды.

Аталған уақыт аралығында ҚазАгроҚаржы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ақпаратты ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған. Корпоративтік интернет-ресурстарда ақпаратты орналастыру бойынша бұзушылықтар тіркелмеген.

### ШАҒЫМДАР БЕРУ ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ ТЕТІГІ

Компания қызмет жүргізудің ашықтығы қағидатын ұстанады және кері байланыс алу үшін ашық. Экономикалық және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында халықпен, Компанияның қарыз алушыларымен және лизинг алушыларымен кері байланыс ұйымдастырылды. Компанияның орталық аппараты мен филиалдарында «Азаматтардың өтініштері үшін» жедел желі енгізілді және пошта жәшіктері орнатылды. Сонымен қатар, Компанияның корпоративтік сайтында «кері қоңырау» қызметі іске қосылды, оны клиенттер белсенді түрде пайдаланады.

Бұл жаңашылдықтар клиенттерге қаржыландыру алумен байланысты мәселелер мен басқа да мәселелер бойынша Компанияға жедел жүгінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ клиенттердің өтініштеріне Компанияның тиімді жауап қату жүйесін дамытуға ықпал етеді.

# БРЕНДИНГ ЖӘНЕ PR САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

**2019 жылы оң имиджді нығайту үшін және клиенттерді қаржыландыру мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру үшін Компания БАҚ-да және әлеуметтік желілерде кең ақпараттық науқан өткізді.**

Facebook, Instagram, Twitter ресми беттерінде ақпараттық хабарламалар орналастырылған. Республикалық интернет-порталдарда және аймақтық басылымдарда Компанияның қызметі туралы материалдар мен мақалалар жарияланды.

2019 жылы Компания AgriTek Astana 2019, KazFarm 2019, AgriTek Shymkent 2019, Агро Қостанай 2019, International PR Forum Astana конференциясында, ARiF'19 нақты секторкомпаниялары үшін бірінші халықаралық тәжірибелік тәуекел-форумда, Егіс күні және т. б. мамандандырылған ауыл шаруашылығы көрмелері мен форумдарына қатысты.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ танымалдығын арттыру мақсатында 2019 жыл ішінде республикалық және өңірлік БАҚ-да Компания қызметіндегі елеулі оқиғаларды жариялайтын жарияланымдар орналастырылып тұрды.



# ТҰ-РАҚТЫ ДАМУ


Басқарма төрағасының тұрақты даму мәселелері жөніндегі үндеуі 128
Тұрақты даму саласындағы саясат 130
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік туралы есеп 131
Экономикалық әсер 136
Кадр саясаты 139
Демеушілік және қайырымдылық 148
Қоршаған ортаны қорғау 149

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҮНДЕУІ

**Біз клиенттеріміздің және қоғамның бізге көрсеткен сенімін бағалаймыз және күн сайын көрсететін қызметіміздің сапасын арттыруға тырысамыз. Біз аграрлық секторда қоғамдық прогресс пен тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі өз жауапкершілігімізді сезінеміз.**

Біздің жетістіктеріміз әрдайым мүдделі тараптармен өзара тиімді әрекеттестікпен, сондай-ақ «ҚазАгроҚаржы» АҚ дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде мүдделерді ескере отырып тығыз байланысты болды.

Тұрақты даму қағидаттарын енгізу және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер саласындағы шешімдердің тиімділігін нығайту біздің Компания саясатының ажырамас бөлігі болып табылады.

Жоғары нәтижелерге қол жеткізу мақсатында біз басты активімізді – Компания қызметкерлерін дамытуға инвестициялаймыз. Корпоративтік даму саясатына сәйкес компанияда қызметкерлер үшін өз әлеуетін іске асыру үшін және мансаптық өсу үшін тең мүмкіндіктер беріледі. Жұмыс нәтижелерін бағалау алаламай әділ жүргізіледі, кемсітушілік пен құқықтарды бұзудың ешқандай түріне жол берілмейді. Компания қызметкерлердің жоғары әлеуметтік қорғалу деңгейін қамтамасыз етеді, тұрақты оқыту және біліктілікті арттыру жүйесі дамуда және оған қолдау көрсетіледі.

Халықтың аз қорғалған топтарын қолдау мақсатында біз қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетеміз, бейінді бейкоммерциялық ұйымдармен жұмыс істейміз.

# ИЗБАСТИН ҚАНЫШ ТЕМІРТАЙҰЛЫ



*«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы*

Біз климаттың өзгеруі және энергияға жаһандық сұраныс сияқты жаһандық мәселелерге жауап қатамыз, және қызметтің ерекшелігіне байланысты экологияға үлкен әсер етпей, сонда да, мүмкіндігімізше қолымыздан келгенді жасауға тырысамыз. Біз елдің ауыл шаруашылығына табиғи ресурстарды сақтауға және өндірістің тиімділігін арттыруға ықпал ететін «жасыл» технологиялардың енгізілуін қолдаймыз.

Клиенттеріміздің, қызметкерлеріміздің және қоғамның одан әрі өсуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін, біз өзіміздің күнделікті қызметімізде тұрақты даму қағидаттарын интеграциялау үшін жаңа мүмкіндіктер іздестіруді одан әрі жалғастыратын боламыз.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

**ҚазАгроҚаржы экономикаға, экологияға және қоғамға өзінің ықпалының маңыздылығын сезінеді және мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуды қамтамасыз етуге ұмтылады.**

Компаниядағы тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі бар: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.

**Экономикалық құрамдас** Компания қызметін Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі бойынша инвестиция көлемін ұлғайтуға бағыттайды.

**Экологиялық құрамдас** биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуды, органикалық ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдануды, экологиялық қолайлы өнім жасауды, қалдықтарды барынша азайтуды, қайта өңдеуді және жоюды қамтамасыз етеді.

**Әлеуметтік құрамдас** әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағдарланған, олар басқалармен қатар мыналарды қамтиды: еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, әділ сыйақы және қызметкерлердің құқықтарын құрметтеу, персоналды жеке дамыту, персонал үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу.

Компания өз қызметіне осы үш аспект бойынша талдау жүргізеді, сондай-ақ өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға теріс әсерін болдырмауға немесе төмендетуге ұмтылады.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі мен Басқарма тұрақты даму саласында тиісті жүйенің қалыптасуын және оның енгізілуін қамтамасыз етуі тиіс. Барлық деңгейдегі қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар Компанияның тұрақты дамуына үлес қосады.

**ҚАЗАГРОҚАРЖЫ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ҮШІН ӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН АЙҚЫНДЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЖЫЛ САЙЫН ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕ ЖАРИЯЛАЙДЫ.**

Компания серіктестердің тұрақты даму қағидаттарын қолдануын көтермелеуге және ықпал етуге ұмтылады.

# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК ТУРАЛЫ ЕСЕП

**Компания ішкі және сыртқы мүдделі тараптарды анықтап, олардың талаптары мен болжамдарына талдау жасады. ҚазАгроҚаржы стейкхолдерлермен тиімді диалог құру және стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде олардың мүдделерінің есепке алынуын қамтамасыз ету бойынша жұмыс істеуде. Мүдделі тараптарды анықтау және олармен өзара әрекеттесу кезінде Компания халықаралық стандарттарды қоса алғанда, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің ең жақсы тәжірибесін қолданады.**

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік нормативтік құқықтық актілермен де, ішкі корпоративтік құжаттармен де реттеменеді.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік процесі барлық мүдделі тараптардың қамтылуын, барлық стейкхолдерлердің өз сауалдары мен пікірлерін білдіру және тыңдалу құқығын болжайтын тартылу қағидатында құрылады.

Қамтылуға келесі үш қағидатты сақтаған кезде қол жеткізіледі:

- **маңыздылық:** Компания үшін де, стейкхолдерлер үшін де маңызды мүдделерді анықтау;
- **толықтық:** Компания қызметіне байланысты өз қызметінің маңызды салдарларын, стейкхолдерлердің пікірі мен қажеттіліктерін, сондай-ақ олардың үміттерін ұғыну және түсіну;
- **жауап қату:** мүдделі тараптар үшін маңызды мәселелер бойынша объективті әрекет ету және барабар шаралар қолдану.

Барлық мүдделі тараптардың ортақ мүдделерді сақтауға қатысуы Компанияның табысты қызметінің іргелі шарты болып табылады.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестіктің негізгі тетіктері:

- ынтымақтастық туралы келісім-шарттар, шарттар, келісімдер;
- іскерлік кездесулер мен презентациялар;
- корпоративтік коммуникациялар жүйесі;
- бірлескен жұмыс топтары;
- қызметкерлер мен клиенттер үшін жедел желілер;
- қызметкерлердің, тұтынушылардың, жергілікті қоғамдастықтардың пікірлерін сұрау және зерттеу;
- қауымдастықтарға мүшелік;
- конференциялар, дөңгелек үстелдер;
- есептілік.

Компанияның атқарушы органы, оның құрылымдық бөлімшелері мүдделі тараптармен өз өкілеттіктері мен құзыреті шеңберінде тікелей өзара әрекеттестікті жүзеге асырады. «ҚазАгроҚаржы» АҚ мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік процесін бақылау-қадағалау функцияларын Компанияның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

| Мүдделі тараптар | Талаптар мен Болжалдар | Біз қалай өзара әрекеттесеміз? | Біз не істейміз? |
|---|---|---|---|
| **Тұтынушылар (қарыз алушылар), клиенттер** | • Ұсынылатын техника тізімін ұлғайту.<br>• Компанияның көрсететін қызметтерін алу бойынша рәсімдерді оңайлату.<br>• Пайыздық мөлшерлемені төмендету.<br>• Қарау мерзімін қысқарту.<br>• Компания тарапынан қызмет көрсету сапасын арттыру.<br>• Қаржыландыру алу.<br>• Құжаттар пакетін қалыптастыруға кеңес беру.<br>• Компанияның ресми сайтын уақтылы жүргізу және тұтынушыларға қажетті ақпаратпен толықтыру.<br>• Қызметтер, ұсыныстар, акциялар туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру.<br>• Басқа қалалардағы филиалдар санын ұлғайту. | • Клиенттермен жұмыс бойынша құрылымдық бөлімшенің болуы.<br>• Кейіннен шарттар жасасу кезінде клиенттердің қанағаттанушылық мониторингінің нәтижелерін пайдалану.<br>• Қызмет көрсету рәсімдерін жеңілдету.<br>• Корпоративтік сайтта кері байланыстың болуы. | • Қызметтердің қолжетімділігін және клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру Компания дамуының маңызды стратегиялық бағыты болып табылады. Біз ең тиімді құралдарды жасау үшін өнім желісін жетілдірумен жұмысты жалғастырамыз. Сонымен қатар, бизнес-процестерді дамыту бойынша жұмыстар үнемі жүргізілуде, осының арқасында өткен жылы өтінімдерді қарау мерзімі мен қажетті құжаттар пакеті қысқартылды. Тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша көрсетілетін қаржылық қызметтерге қолжетімділік деңгейі және Компания клиенттерінің қанағаттанушылық деңгейі 2019 жылы жоспардағы 74,3% болғанда 79,6% құрады.<br>• Корпоративтік сайтта кері қоңырау функциясы енгізілген. |
| **Жеткізушілер** | • Ұзақ мерзімді серіктестік қатынастарды жасау және сақтау.<br>• Сатып алынатын техника мен жабдықтардың көлемін ұлғайту.<br>• Келісілген шарттарға сәйкес тауарлар мен көрсетілген қызметтерге толық және уақтылы төлем алу.<br>• Сұралатын лизинг нысанасының маркасының, моделінің нақты сипаттамасы және оның ерекшелігі. | • Шарт жасасу және шарттық міндеттемелерді орындау арқылы өзара тиімді әріптестікті қалыптастыру.<br>• Сатып алуды жүргізу жүйесінің болуы.<br>• Форумдарға, көрмелерге қатысу.<br>• Бірлескен жобаларды жүзеге асыру. | • Компанияның лизинг нысаналарын жеткізушілерге қойылатын талаптары барлығына бірдей болып табылады және Компания сайтында орналастырылған, бұл жеткізушілер үшін Компаниямен өзара әрекеттестік процесін жеңілдетеді.<br>• Компанияның лизинг нысаналарын сатып алу рәсімі бекітілген ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.<br>• Клиенттердің қажетті жеткізушілерді іздеуіне ыңғайлы болу үшін, Компанияның www.kaf.kz корпоративтік сайтында Компанияның ынтымақтастық тәжірибесі бар ауыл шаруашылығы техникасын, жабдықтарды және ІҚМ жеткізушілерінің базасы жарияланған.<br>• Компания жеткізушілермен жұмыс істеу жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етеді және кері байланыс үшін ашық, жеткізушілердің наразылықтары мен талаптарын уақтылы қарауды және реттеуді қамтамасыз етеді.<br>• Компания жыл сайын халықаралық және ішкі көрмелерге қатысады және форумдарға қатысады. |
| **Кредиторлар** | • Капитал салу қауіпсіздігі, Компанияның төлем қабілеттілігі және кейіннен пайда табумен кірістілігі.<br>• Өзіне қабылдаған міндеттемелерді сақтау және уақтылы орындау. | • Инвесторларды тарту бойынша жұмысты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің болуы.<br>• Екі жақты, үш жақты іскерлік келіссөздерге қатысу.<br>• Шарттарға, меморандумдарға қол қою. | • Компанияның қарыз алысу департаменті инвесторларды тарту бойынша жұмысты жүзеге асырады.<br>• Компания қорландыру көздері мен инвесторлық базаны әртараптандыру саясатын ұстанады және көптеген жылдар бойы ынтымақтасып жұмыс істеп келе жатқан инвесторлардың кең базасы бар.<br>• Капитал мен активтерді тиімді басқару Компанияға қаржылық тұрақтылықтың жоғары деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік береді, бұл рейтингтік агенттіктердің бағалауымен расталады. |
| **Бақылаушы органдар (ҚР Ұлттық Банкі, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті, ҚР ҚМ Қаржы мониторингі комитеті, Бас прокуратура)** | • Заңнамаға сәйкес Компанияның өз қызметін жүзеге асыруы, нормативтердің талаптарын орындау.<br>• Бюджетке уақтылы төлемдер.<br>• Жүргізілген тексерулердің қорытындысы бойынша нұсқамаларды орындау. | • Қазақстандық заңнама талаптарын сақтау.<br>• Бақылаушы органдармен өзара әрекеттестікті жүзеге асыратын жеке құрылымдық бөлімшенің болуы.<br>• Өтініштерді уақтылы қарау және ұйғарымдарды орындау. | • Ішкі бақылау жүйесі қаржы-шаруашылық қызметті тиімді қадағалауды қамтамасыз етеді және Компанияның өз мақсаттарына қол жеткізуіне және қызметін жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған.<br>• Компаниядағы менеджмент жүйесі заңнаманың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеді. |
| **Бәсекелестер (лизингтік компаниялар)** | • Компанияның көрсететін қызметтеріне демпингтік баға белгілеуден бас тарту, адал бәсекелестік күрес жүргізу.<br>• Компанияның іскерлік этика нормаларын сақтауы, тәжірибе алмасу. | • Бәсекелестік ортаға талдау жүргізу.<br>• Адал бәсекелестік қағидатын ұстану. | • Компания басқа лизингтік ұйымдармен белсенді өзара әрекеттестікте жұмыс істейді және өз тарапынан қаржыландырудың осы түрі нарықтың барлық қатысушыларының мүддесінде барынша сұранысқа ие бола түсуі үшін Қазақстанда саланы дамыту үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды.<br>• Компания тоқсан сайынғы негізде агроөнеркәсіптік кешен салаларын, оның ішінде аймақтық ерекшелігіне сәйкес және Компания қызметінің бағыттары бойынша, сондай-ақ Қазақстанның лизингтік және өзге де қаржы қызметтері нарығында зерттеу бойынша маркетингтік зерттеулер мен талдамалық шолулар жүргізеді. |
| **Сыртқы аудитті жүзеге асыратын ұйымдар (Есеп комитеті, тәуелсіз аудитор және т. б.)** | • Компанияның ақша қаражаттары мен өзге де активтерін тиімді пайдалану.<br>• Заңнаманы, халықаралық, ұлттық стандарттарды сақтау. | • Тараппен өзара әрекеттестікті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің болуы.<br>• Консалтингтік және аудиторлық қызметтер көрсету бойынша шарттар жасасу. | • Компанияда кредиттік, валюталық, баға тәуекелдерін және өтімділік тәуекелін уақтылы анықтауға, сенімді бағалауға және барынша азайтуға мүмкіндік беретін қаржы менеджменті мен тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған.<br>• Жыл сайын қаржылық есептілікке тәуелсіз аудит жүргізіледі. Ішкі бақылау және ішкі аудит қызметтері жұмыс істейді. |

| Мүдделі тараптар | Талаптар мен Болжалдар | Біз қалай өзара әрекеттесеміз? | Біз не істейміз? |
|---|---|---|---|
| **Жалғыз акционер, басқару органдары (директорлар кеңесі, Басқарма)** | • Компанияның табыстылығы мен құнының өсуі.<br>• Инвестициялар қауіпсіздігі.<br>• Экономикаға үлес.<br>• Болашақта Компанияның дамуы үшін әлеуетті құру.<br>• Компанияның тұрақты өсуі мен дамуы, мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуі. | • Компанияның Жарғысы, Корпоративтік басқару кодексі шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету.<br>• Жалғыз акционердің шешімдерін орындау.<br>• ҚР заңнамасының, Жарғының, ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы дұрыс ақпарат беру. | • Аграрлық қызметкерлерді қолдау шеңберінде қызмет ауқымын кеңейту және қаржыны сапалы басқару Компанияның қаржылық көрсеткіштерінен жағымжы жағынан көрінеді. 2019 жылы таза пайда бойынша жаңа тарихи рекорд орнатылды – жыл қорытындысы бойынша ол 9,2 млрд теңгені құрады, тиімділік көрсеткіштері артуымен орындалды.<br>• Корпоративтік басқаруды және шешім қабылдау жүйесін үнемі жетілдіру Компанияның нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды стратегиялық бағыты болып табылады. Бұл ретте корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненттері Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау және есеп берушілік болып табылады. |
| **Қызметкерлер** | • Жалақыны, сыйақыларды тұрақты және уақтылы төлеу.<br>• Қанағаттанарлық әлеуметтік пакет, қолайлы және қауіпсіз жұмыс жағдайлары (жұмыс күні, демалыс кестесі), қызметкерлердің заңды құқықтарын сақтау.<br>• Мансаптық өсу және біліктілікті арттыру мүмкіндігі. | • Компанияның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған лауазымдық міндеттерді орындау.<br>• Компанияда еңбек қатынастары тәжірибесіне шағымдарды қарайтын және келіссөздер жүргізетін Келісім комиссиясы жұмыс істейді.<br>• Өзара әрекеттестік, сонымен қатар, Компанияның күнделікті қызметі барысында жүзеге асырылады. | • Компания білікті және уәжді қызметкерлер құрамын қалыптастыруға бағытталған ашық және айқын кадр саясатының жүргізілуін қамтамасыз етеді.<br>• Қызметкерлер еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін, олардың еңбек нәтижелерін тура және әділ бағалау үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етіледі. Қызметкерлердің іріктелуі және мансаптық өсуі тек қана кәсіби дағдылар, тәжірибе және білім негізінде жүзеге асырылады. |

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР

## Құрылған экономикалық құны

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қаржы қаражатына, сондай-ақ лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтарға қолжетімділігін қамтамасыз ету жолымен Қазақстан Республикасының аграрлық секторын дамытуға қолдау жасауға бағытталған.**

Компания Қазақстан Республикасының экономикасына мынадай құралдар арқылы тікелей оң әсерін тигізеді:

1. ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке беру;
2. салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеу;
3. Компания қызметін қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;
4. Компания қызметкерлеріне жалақы төлеу.

Бұдан басқа, Компанияның қызметі Компаниядан қаржыландыру алған ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер қызметі нәтижелері есебінен жанама оң әсер етеді: салықтар және төлемдер төлеу, жалақы алу, қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыру, өнім шығару.

**ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН**

| Бап | 2019 ж. | 2018 ж. | Өзг. ( 2018 жылға 2019) %-бен |
|---|---|---|---|
| **Құрылған тікелей экономикалық құны:** | | | |
| Кірістер | 33 297 | 27 587 | 20,7 |
| **Бөлінген экономикалық құн:** | | | |
| Операциялық шығыстар | 1 240 | 1 079 | 14,9 |
| Еңбекақы | 2 542 | 2 481 | 2,5 |
| Пайыздар бойынша шығыстар | 16 686 | 13 607 | 22,6 |
| Кіріс салығынан басқа салықтар | 361 | 314 | 15,0 |
| Корпоративтік табыс салығы | -474 | -297 | 59,6 |
| Өзге де шығыстар | 3 731 | 3 673 | 1,6 |
| **Бөлінбеген экономикалық құн** | **9 211** | **6 728** | **36,9** |

## 2007 ЖЫЛДАН БАСТАП «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ-НАН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ АЛҒАН ЖОБАЛАР БОЙЫНША ӨНІМ КӨЛЕМДЕРІ

**160 089 тонна**

сүт және сүт өнімдері

**662 млн**

жұмыртқа

**15 587 тонна**

ет және ет өнімдері

**96 300 тонна**

құс еті

**51 728 тонна**

жылыжай өнімдері

**21 994 тонна**

жемістер



## Сатып алу тәжірибесі

**Компания орталық аппаратты, филиалдар мен клиенттерді операциялық қызметті жүргізу үшін қажетті сапалы тауарлармен, жұмыстармен және көрсетілетін қызметтермен уақтылы қамтамасыз етуге ұмтылады. Алайда, бұл ретте ҚазАгроҚаржы тиімді және ашық сатып алу жүйесіне үлкен мән береді.**

Компанияда сатып алу рәсімдерін жүргізу келесі қағидаттарға негізделеді:

- әлеуетті жеткізушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;
- сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау.

2019 жылы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың нақты көлемі (лизинг нысаналарын есепке алмағанда) 1 028,2 млн теңгені құрады, 349 шарт жасалды.

### 2019 ЖЫЛҒЫ САТЫП АЛУ КӨЛЕМІ

| Сатып алуды жүзеге асыру тәсілі | Сомасы, млн теңге | Үлес, % |
|---|---|---|
| Тендер | 1 325,29 | 66,17 |
| Баға ұсыныстарын сұрату | 73,75 | 3,68 |
| Бір көзден | 603,63 | 30,15 |

Бұл ретте 2019 жылы кейіннен лизингке беру үшін сатып алынған техника көлемі 98,5 млрд теңге сомасына 5 893 бірлікті құрайды, оның ішінде 14 512 млн теңге сомасына отандық құрастырма – 1 275 бірлікті құрайды. Атап өту қажет, лизингтік қызметті жүзеге асыру кезінде тауарларды кейіннен лизингке беру үшін сатып алу ҚР заңнамасына сәйкес бір көзден тәсілімен жүзеге асырылады.

# КАДР САЯСАТЫ

## Персоналды басқару саясаты

**Білікті, бастамашыл, жоғары уәжделген, өнімді сапалы жұмысқа бағытталған қызметкерлер «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның басты игілігі және Компанияның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды факторы ретінде қаралады.**

Компанияның кадр саясаты қызметкерлерді басқарудың ұзақ мерзімді тұтас стратегиясы болып табылады, оның басты мақсаты Компанияның белгілі бір уақыт шеңберінде қажетті сападағы және сандағы еңбек ресурстарына қажеттілігін толық және уақтылы қанағаттандыру болып табылады.

Компанияның кадр саясаты мына қағидаттарға негізделген:

- персоналды басқару жүйесінің Компанияның қаржы-экономикалық қызметінің нәтижелерімен өзара байланысы;
- әр қызметкердің еңбек әлеуетін дамытуға кез келген деңгейдегі басшының жауапкершілігі;
- жұмыс нәтижелеріне байланысты қызметкерлерге сыйақы беру;
- қызметкерлерге жеке қабілеттерін іске асыру үшін мүмкіндіктер беру және жағдай туғызу;
- Компанияның кадрлық стратегиясының қызметкерлер үшін ашықтығы және қолжетімділігі;
- қызметкерлердің мансаптық өсуі мен олардың кәсіби деңгейін арттыру арасындағы сәйкестікті сақтау.

Компания қызметкерлердің жоғары әлеуметтік қорғалу деңгейін қамтамасыз етеді, олардың толыққанды қызметі мен еңбегі үшін барабар сыйақы алу үшін жағдай жасайды, кәсіби, жеке және мансаптық өсу үшін мүмкіндік береді және осылайша қызметкерлердің Компаниямен ұзақ мерзімді, тиімді және жемісті өзара қарым-қатынасқа қызығушылығын арттырады, мұның нәтижесі еңбектің жоғары тиімділігіне қол жеткізу болып табылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ әлеуметтік саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлердің конституциялық құқықтарын іске асыру шеңберінде олар үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайларды дамытуға бағытталған. Компания қызметіне қатысты елеулі өзгерістер кезінде (экономикалық, технологиялық жағдайларды, еңбекті ұйымдастыру жағдайларын қайта ұйымдастыруға немесе өзгертуге және (немесе) жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты өндірісті ұйымдастырудағы өзгерістер) жұмыскерге ҚР Еңбек кодексіне сәйкес күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей еңбек жағдайларының өзгеруі туралы жазбаша хабарлама жолданады. Еңбек шартының талаптарынаа сәйкес көрсетілген хабарлама (шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныс) екінші тараппен оны берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Компания өз қызметкерлерін еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін, олардың нәтижелерін әділ бағалау үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді, , қызметкерлерді іріктеу мен мансаптық өсуді тек кәсіби дағдылар, тәжірибе мен білім негізінде қамтамасыз етеді. Кемсітушіліктің және қызметкерлердің құқықтарын бұзушылықтардың ешқандай түріне жол берілмейді

Жеке еңбек дауларын шешу мақсатында Компанияда Келісу комиссиясы құрылды. Комиссия еңбек ұжымының жалпы жиналысында сайланған жұмыс беруші өкілдерінің және Компания қызметкерлерінің тең санынан тұрады. Комиссия жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Егер қызметкер жұмыс берушімен немесе оның уәкілетті өкілімен тікелей келіссөздер кезінде келіспеушіліктерді өз бетінше немесе өкілдің қатысуымен реттемесе, еңбек дауы Комиссияның қарауына жатады.

2019 жылы Компанияның Келісім комиссиясы жеке еңбек дауы бойынша бір өтінішті қарады.

## Персонал құрылымы

**2019 жылдың соңына қызметкерлердің орташа тізімдік саны 405 адамды құрады, оның ішінде ерлер – 55% (221 адам), әйелдер – 45% (184 адам).**

Барлық қызметкерлердің жоғары білімі бар. 2018 жылмен салыстырғанда қызметкерлер санының қысқаруы штат саны мен әкімшілік шығыстарды оңтайландыруды жүргізу шеңберінде жаңа ұйымдық құрылымның бекітілуіне байланысты.

**КАДР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗІ ТИІМДІ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ МЕН ОҢТАЙЛЫ КАДРЛЫҚ ҚҰРАМНЫҢ БОЛУЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

### ПЕРСОНАЛДЫҢ САНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

| | **2016 ж.** | **2017 ж.** | **2018 ж.** | **2019 ж.** |
|---|---|---|---|---|
| Штат саны | 433 | 433 | 347 | 366 |
| Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, бірлік | 418 | 459 | 450 | 405 |
| **Санаттары бойынша персоналдың құрылымы:** | | | | |
| • басқарушы лауазымдар | 70 | 77 | 76 | 76 |
| • қызметкерлер | 348 | 382 | 374 | 329 |
| **Жас санаттары бойынша персоналдың құрылымы:** | | | | |
| • 30 жасқа дейін | 132 | 134 | 83 | 34 |
| • 30-дан 50 жасқа дейін | 273 | 309 | 350 | 322 |
| • 50 жастан асқан | 15 | 16 | 17 | 49 |
| **Персоналдың гендерлік құрылымы:** | | | | |
| • ерлер | 149 | 236 | 216 | 221 |
| • әйелдер | 271 | 223 | 234 | 184 |
| Кадрлардың тұрақтамауы, % | 17,0 | 20,3 | 29,1 | 18,5 |
| Жұмысқа қабылданғандардың саны, адам | 91 | 110 | 76 | 63 |
| Оқудан өткен қызметкерлер саны, адам | 320 | 364 | 320 | 340 |

**2019 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ОРТАША ТІЗІМДІК САНЫ, АДАМ**

| | |
|---|---|
| 0 | Маңғыстау облысы |
| 0 | Түркістан облысы |
| 5 | Атырау облысы |
| 5 | Нұр-Сұлтан қ. (филиал) |
| 11 | Қызылорда облысы |
| 12 | Жамбыл облысы |
| 12 | Алматы қ. |
| 13 | Батыс Қазақстан облысы |
| 14 | Ақтөбе облысы |
| 14 | Алматы облысы |
| 14 | Қарағанды облысы |
| 16 | Павлодар облысы |
| 18 | Қостанай облысы |
| 18 | Шымкент қ. |
| 19 | Шығыс Қазақстан облысы |
| 20 | Ақмола облысы |
| 23 | Солтүстік Қазақстан облысы |
| 191 | Орталық аппарат |



## ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУ ДЕҢГЕЙІ, %

| ОА/филиал атауы | Тұрақтамау деңгейі | Оның ішінде | |
|---|---|---|---|
| | | ерлер | әйелдер |
| Орталық аппарат | 22,0 | 24,1 | 21,2 |
| Ақмола облысы | 10 | 7,7 | 14,3 |
| Ақтөбе облысы | | | |
| Алматы облысы | 21,4 | 14,3 | 28,6 |
| Атырау облысы | 0 | 0 | 0 |
| Шығыс Қазақстан облысы | 5,3 | 0 | 9,1 |
| Жамбыл облысы | 25 | 25 | 25 |
| Батыс Қазақстан облысы | 23,1 | 33,3 | 0 |
| Қарағанды облысы | 14,3 | 14,3 | 14,3 |
| Қостанай облысы | 5,6 | 8,3 | 0 |
| Қызылорда облысы | 18,2 | 0 | 33,3 |
| Маңғыстау облысы | | | |
| Павлодар облысы | 12,5 | 7,1 | 50 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 26,1 | 28,6 | 22,2 |
| Түркістан облысы | | | |
| Нұр-Сұлтан қ. (филиал) | 0 | 0 | 0 |
| Алматы қ. | 8,3 | 12,5 | 0 |
| Шымкент қ. | 33,3 | 40 | 0 |
| **Жиыны** | **18,5** | **19,5** | **17,9** |

## ЖАС САНАТТАРЫ БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУ ДЕҢГЕЙІ

| Жас санаты | Саны, адам | Тұрақтамау деңгейі, % |
|---|---|---|
| **Орташа тізімдік сан** | **405** | |
| 30 жасқа дейін | 1 | 0,2 |
| 30-дан 50 жасқа дейін | 71 | 17,5 |
| 50 жастан асқан | 3 | 0,7 |
| **Жұмыстан шығарылғандардың жалпы саны** | **75** | **18,5** |

### ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАНҒАНДАРДЫҢ САНЫ, АДАМ

| ОА/филиалдың атауы | 2019 жылы жұмысқа қабылданды (есептік жылы қабылданған күні), адам | Оның ішінде | |
|---|---|---|---|
| | | ерлер | әйелдер |
| Орталық аппарат | 37 | 19 | 18 |
| Ақмола облысы | 0 | | |
| Ақтөбе облысы | 1 | 1 | |
| Алматы облысы | 1 | 1 | |
| Атырау облысы | 0 | | |
| Шығыс Қазақстан облысы | 4 | 1 | 3 |
| Жамбыл облысы | 2 | 1 | 1 |
| Батыс Қазақстан облысы | 2 | 2 | |
| Қарағанды облысы | 2 | 2 | |
| Қостанай облысы | 1 | | 1 |
| Қызылорда облысы | 1 | 1 | |
| Маңғыстау облысы | 0 | | |
| Павлодар облысы | 1 | 1 | |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 3 | 2 | 1 |
| Түркістан облысы | 0 | | |
| Нұр-Сұлтан қ. (филиал) | 0 | | |
| Алматы қ. | 3 | 1 | 2 |
| Шымкент қ. | 5 | 4 | 1 |
| **Жиыны: 405 қызметкер** | **63** | **36** | **27** |

### ЖАС САНАТТАРЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ

| Жас тобы | Саны, адам | Қабылданғандардың үлесі, % |
|---|---|---|
| **Орташа тізімдік сан** | **405** | |
| 30 жасқа дейін | 27 | 6,7 |
| 30-дан 50 жасқа дейін | 35 | 8,6 |
| 50 жастан асқан | 1 | 0,2 |
| **Қабылданғандардың жалпы саны** | **63** | **15,6** |

## Персоналды оқыту және дамыту

**Қызметкерлердің жоғары кәсіпқойлық деңгейі қолдау табады және бойындағы бар білім мен дағдыларды жүйелі түрде жетілдіру жолымен үнемі оқыту және біліктілігін арттыру жүйесінде дамиды.**

Компанияның кадрлық әлеуетінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлер тәлімгерлік, жұмыс орнында оқыту, түрлі семинарларға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, тренингтерге, арнайы оқыту курстарына қатысу түрінде оқытудан және біліктілігін арттырудан өтеді.

Қызметкерлердің біліктілігін арттыруға ұмтылуы Компания басшылығы тарапынан моральдық жағынан да, сондай-ақ материалдық жағынан да қолдау табады және ынталандырылады.

Компанияның персоналды оқыту, біліктілігін арттыру қажеттілігі ішкі және сыртқы факторларға байланысты: стратегиялық міндеттердің өзгеруі, заңнаманың өзгеруі, жаңа бағдарламалардың енгізілуі, қызметкерлердің кәсіби өсуі мен дамуы, олардың алдына жаңа міндеттер мен мақсаттардың қойылуы және т. б.

2019 жылы 340 қызметкер оқыту және біліктілікті арттыру жүйесімен қамтылды. Оқыту үшін практикалық және теориялық тәжірибе беру үшін өңірлерге барып, бұрын біліктілігін арттырудан өткен қызметкерлер тартылды, сондай-ақ тегін семинарларға бару көзделген.

1 қызметкерге келетін орташа сағат саны 14,4 құрады, оның ішінде ерлерде – 18,5 сағат, әйелдерде – 12,3 сағат.

**2019 ЖЫЛҒА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ДЕРЕКТЕР ***

| | | Оның ішінде | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | гендерлік топтар | | қызметкерлердің санаттары | | | |
| **2019 ж. қызметкерлерді оқыту.** | **Жалпы саны** | ер. | әйел | басшы қызметк. | басқарушы қызм. | орта буын басш. | әкімш. қызм. |
| 2019 жылы оқытылған қызметкерлердің жалпы саны, адам | 340 | 118 | 222 | 3 | 1 | 80 | 256 |
| 2019 жылғы қызметкерлердің оқу сағаттарының жалпы саны, сағат | 4 907 | 2 185 | 2 722 | 66 | 176 | 1 229 | 3 436 |
| 1 қызметкерге келетін орташа сағат саны, сағат | 14,4 | 18,5 | 12,3 | 22,0 | 176,0 | 15,4 | 13,4 |

** Басшы қызметкерлер — Басқарма мүшелері, басқарушы қызметкерлер — басқарушы немесе атқарушы директорлар — Басқарма мүшелері емес, орта буын басшылары — бөлімдердің, қызметтердің, департаменттердің, басқармалардың бастықтары, филиалдардың директорлары және олардың орынбасарлары.*

2019 жылы қызметкерлерді оқытудың негізгі бағдарламалары арасында:

- «Проблемалық кредиттерді тиімді өндіріп алу»;
- шарттық құқық;
- заңгерлердің біліктілігін арттыру;
- заң бөлімшесі басшыларының біліктілігін арттыру;
- «Қаржылық менеджмент. Қаржылық шешімдерді модельдеу»;
- «Ақша қаражатын жылыстатуға қарсы іс-қимыл саласындағы сертификациялық бағдарламаның ұлттық компоненті»;
- «Операциялық тәуекел-менеджменті»;
- «EXCEL бағдарламасындағы қаржылық талдау (компьютерлік технологияларды пайдалана отырып)»;
- «Жобалық тәуекелдерді талдау және бағалау»;
- «Тиімді корпоративтік басқару»;
- «Стратегияны әзірлеу рәсімі. Стратегиялық жоспарлау»;
- «Келісім комиссиясының тиімді жұмысын ұйымдастыру: қақтығыстарды басқару, келіссөздер жүргізу өнері. Еңбек заңнамасының трендтері» және т. б.

## Уәждеме және сыйақы

**Персоналды уәждеудің және ынталандырудың тиімді жүйесін дамыту әрбір қызметкердің жеке еңбек қызметінің нәтижелілігіне қол жеткізуіне тікелей және тұрақты мүдделілігін қамтамасыз етеді.**

Компания қызметкерлерін уәждеу және ынталандыру жүйесінің негізгі компоненті еңбегі үшін ақшалай сыйақы тетігі болып табылады. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу мен уәждеу тәртібі мен тетіктері Компанияның ішкі актілерімен реттеледі.

Қызметкерлерді уәждеу факторларына сондай-ақ:

- кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндігі (іске асыру түрі: кадрларды алмастыру, жұмыс уақытында және өндірістен қол үзіп оқыту, семинарларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысу);
- әрі қарай мансаптық өсу перспективалары ашу;
- қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуы;
- қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларын жасау;
- ұжымдағы жұмыстың қолайлы жағдайлары. Жаңадан қабылданған қызметкерлерді бейімдеу жүйесі;
- корпоративтік мәдениет құндылықтарын тарату: Компания басшылығымен тұрақты кездесулер, сауалнамалар;
- алғыс хаттармен, грамоталармен марапаттау жатады.

2019 жылы Компания грейдер жүйесін қолдана отырып, үш деңгейлі тарифтік торға көшуді жүзеге асырды.

2019 жылдан бастап қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты лауазымдық жалақылардың диапазоны/вилкасы (ең төменгі және ең жоғарғы мөлшерлері) шеңберінде әрбір лауазымның грейдін ескере отырып, еңбекке ақы төлеудің мерзімдік-сыйлықақы жүйесі негізінде жүргізіледі.

Қызметкердің лауазымдық жалақысын қайта қарау «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережеге сәйкес жылына бір рет жүзеге асырылуы мүмкін. 2019 жылы бағалаумен Компания қызметкерлерінің 90,4%-ы қамтылды, оның нәтижелері бойынша лауазымдық жалақы қайта қарауға жатады. 2019 жылы еңбекке ақы төлеудің өсу қарқыны 2,4% құрады.

Компания құндылығы бірдей еңбек үшін тең сыйақы қағидатын ұстанады. Әйелдердің базалық сыйақы мөлшерлемесінің ерлердің базалық сыйақысының мөлшерлемесіне қатынасы Компания қызметкерлерінің әрбір санаты үшін 1:1 құрады.

**2019 ЖЫЛЫ ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛАУ**

| | | Оның ішінде | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | гендерлік топтар | | қызметкерлердің санаттары | | | |
| Көрсеткіш | бағалаудан өткендердің % | ер | әйел | басшы қызметк. | басқар. қызметк | орта буын басшылары | әкімш. қызм. |
| Бағалаудан өткендердің үлесі | 90,4% | 90,0% | 90,8% | 100,0% | 100,0% | 91,7% | 89,8% |

## Спорттық-сауықтыру іс-шаралары

**Компанияда ұжымдық демалудың арнайы іс – шаралары – тимбилдинг өткізіледі, ол ұжымды біріктіруге, командада жұмыс істеу әдістерін құруға бағытталған және Компанияның толыққанды дамуын қамтамасыз ететін корпоративтік менеджменттің перспективалық үлгілерінің бірі болып табылады. 2019 жылы Компания 120-дан астам адамды қамтитын тимбилдинг өткізді.**

Компания қызметкерлерінің салауатты өмір салтына деген жеке көзқарасын нығайту, жұмысқа қабілеттілігін, өнімділігін арттыру және спортқа баулу мақсатында «Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазАгро» холдингі» АҚ және оның еншілес компанияларының командалары арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай шағын футболдан ашық турнир өтті. Іс-шара 2019 жылғы 26 қараша мен 12 желтоқсан аралығында «ҚазАгроҚаржы» АҚ бастамасымен өткізілді. Турнир жеңімпазы «ҚазАгроҚаржы» АҚ командасы болды.

Бұдан басқа, Компания қызметкерлерін ынталандыру және еңбек өнімділігі мен Компания қызметкерлерінің командалық рухын арттыру мақсатында қызметкерлерге бассейнге бару мүмкіндігі берілді, сондай-ақ футбол алаңы жалға берілді.

## Әлеуметтік қолдау

**ҚазАгроҚаржы өз қызметкерлерінің өмір сүру деңгейін жүйелі түрде арттыру, негізгі әлеуметтік игіліктердің жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуал үшін әлеуметтік бағыттылықты дамытады.**

**2019 ЖЫЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ДЕМАЛЫСТАРДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

| Көрсеткіш | Жынысы | Қызметкерлер саны, адам |
|---|---|---|
| Ана/ әке болу бойынша демалысқа шығу | әйелдер | 23 |
| | ерлер | 1 |
| Ана/ әке болу бойынша демалыстан қайтару | | 11 |
| Оқу демалысы | | 2 |

## Еңбекті қорғау және қауіпсіздік

Компания басшылығы қызметкерлер үшін әлеуметтік және өзге де кепілдіктерді қамтамасыз етеді:

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын іске асыру;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жұмыс орны;
- қызметкер еңбек міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;
- ерікті медициналық сақтандыру;
- ақылы еңбек демалысы;
- бала туған (асырап алған), қызметкердің неке қиюы және қызметкердің жұбайы (зайыбы) немесе жақын туыстары қайтыс болған кезде қызметкерлерге материалдық көмек төлеу;
- еңбекке ақы төлеудің мерзімдік- сыйлықақы жүйесі;
- қызметкерлер қызметтік іссапарларда болған кезде ақы төлеу;
- кәсіби оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндігі.

Әлеуметтік саясаттың табысты іске асырылуы персоналды уәждемелеуге және «ҚазАгроҚаржы» АҚ бәсекеге қабілеттілігін өсіруге, сондай-ақ жауапты жұмыс беруші мен әлеуметтік бағытталған ұйымның имиджін нығайтуға ықпал етеді.

Әлеуметтік қолдау Компания қызметкерлеріне тиімді жұмыс үшін қолайлы жағдай жасау, жоғары білікті қызметкерлерді ұстап қалу және тарту мақсатында көрсетіледі

**Компанияның басты басымдықтарының бірі қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қорғалуын қамтамасыз ету үшін тиісінше жағдай жасау болып табылады.**

Қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға қойылатын жалпы талаптар, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген Компания қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықта бекітілген. 2019 жылы өндірістік жарақаттану фактілері болған емес.

# ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

**Компания тұрақты негізде халықтың аз қорғалған топтарына қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетеді, сондай-ақ бейінді коммерциялық емес ұйымдарға (интернат-үйлер, мектепке дейінгі балалар, орта, кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу ұйымдары және т.б.) қолдау көрсетеді.**

2019 жылы Компания қайырымдылық және демеушілік көмекке 5 млн теңге, оның ішінде «ҰОС ардагерлері, тыл еңбеккерлері және соғыс балаларының кеңесі» қоғамдық қорына, сондай-ақ қайырымдылық көмекке жүгінген тұлғаларға жұмсады.



# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

**Компания өз қызметінде қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етпейді. Дегенмен, Компания өз мүмкіндіктері шеңберінде елдің ауыл шаруашылығына қоршаған ортаны және адамдардың денсаулығын қорғайтын, табиғи ресурстарды сақтауға ықпал ететін, өндірістің тиімділігін арттыратын, демек, шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын «жасыл» технологияларды енгізуді қолдауға ұмтылады.**

Қазіргі уақытта кейбір қаржыландырылған жобаларда кері осмос жүйесі – суды тазартудың бірегей жүйесі, қайтарымды дренаж жүйесі, көң мен қи өңдеуге арналған биокомплекстер, жайылымдарды суландыру, сондай-ақ баламалы энергия көздері (жел генераторлары мен күн батареялары) сияқты «жасыл» технологиялар пайдаланылады.

Компания өз жеткізушілерінің жауапкершілігіне назар аударады. Компания ауыл шаруашылығы техникасын өндіріс кезінде технологиялық талаптар мен экологиялық нормалардың сақталуын мұқият қадағалайтын өндірушілерден тікелей сатып алады.



**1-Қосымша. Есеп туралы** 152
Есептің мазмұнын анықтау 153
Мәнділік матрицасы 154
Тұрақты даму тақырыптарының тізімі 155

**2-қосымша. Қаржылық есептілік** 156
Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі 157
Қаржылық есептілік 162

**3-қосымша. GRI индексі** 168





# ҚОСЫМШАЛАР

# 1-ҚОСЫМША. ЕСЕП ТУРАЛЫ

**2019 жылдың желтоқсан айында «ҚазАгроҚаржы» АҚ агроөнеркәсіптік кешендегі лизинг нарығында өз жұмысының 20 жылдығын атап өтті. Осы уақыт ішінде Компания көптеген отандық фермерлер, ауыл шаруашылығы техникасын жеткізушілер, мемлекет және жұртшылық үшін танылған және сенімді серіктеске айналды. Компания мүдделі тараптардың кең ауқымына ие және біз олар үшін ақпаратты халықаралық стандарттар мен үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес тиімді ашылуын қамтамасыз етуге тырысамыз.**

Компанияның 2019 жылғы қызметінің қорытындысы бойынша жылдық есеп есептер шығару тәжірибесін енгізген сәттен бастап 17-ші есеп болып табылады. Осы жылдық есеп GRI Стандарттарына (негізгі сәйкестік деңгейі) сәйкес дайындалды. Құжатты дайындау кезінде біз, сондай-ақ, Қазақстан қор биржасының талаптарын ұстандық. Осы жылдық есеп қаржылық емес ақпаратты сыртқы куәландырудан өткен жоқ.

Компанияның жылдық есептері жыл сайынғы негізде дайындалады. Осы жылдық есеп 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі Компания қызметінің нәтижелерін көрсетеді. Алдыңғы жылдық есеп 2019 жылдың тамызында жарияланған болатын.

Есепте Компания қызметінің нәтижелері, жетістіктері мен табыстары, стратегиялық міндеттер бойынша жұмыстар көрініс алған, корпоративтік басқару мәселелері мен тұрақты даму саласындағы қызмет, сондай-ақ Компанияның одан арғы даму жоспарлары көрсетілген.

**17**

**есептерді шығару саясатын енгізу сәтінен бастап шот бойынша есептеме**

2019 жыл үшін Компанияның қызмет қорытындысы бойынша 17-ші жылдық есеп

## Есептің мазмұнын анықтау

Есеп мазмұны мен оның сапасын анықтау кезінде Компания GRI стандарттарының қағидаттарын басшылыққа алды. Атап айтқанда, есептің мазмұны мәнділік қағидатын сақтау негізінде, сондай-ақ мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау қорытындылары ескеріле отырып анықталды. Ақпаратты ашу кезінде тұрақты даму және толықтық мәнмәтінінің қағидаттары сақталған. Есептің сапасы дәлдік, теңгерім, айқындылық, салыстырмалылық, сенімділік, уақтылық қағидаттарын сақтаумен қамтамасыз етілген.

